بسم الله الرحمن الرحيم

1-бөлім

Жалпы үкімдер

1-Әйел адамның Ислам келуінен бұрынғы жағдайы.

Исламнан бұрын деп жалпы жер бетіндегі адамдардың, атап айтқанда арабтардың өмір сүрген жәһілет дәуірін айтады. Сол кезде адамдар пайғамбарлардың келуі тоқтаған және тура жолдың жоғалған кезеңінде еді. Аллаһ Тағала оларға қарап хадисте айтылғанындай олардың ішінен кітап иелерінің қалдықтарынан басқа арабтарды да, араб еместерін де жақтырмады. Сол уақытта әйел адам әсіресе араб елдерінде көбінше өте қиын кезеңде өмір сүрген еді. Арабтар қыз баланың дүниеге келуін жақтырмайтын, олардың кейбіреулері оны топырақ астында өлсін деп тірідей жерге көметін болған. Кейбіреулері оны Құранда айтылғанындай қорлық-зомбылық пен қиыншылық өміріне тастап қоятын еді. Аллаһ Тағала айтады:

«Егер олардың біреуі қызбен сүйіншіленсе, (әйелінің қыз тапқанын естісе**) оны ашу басып, беті қап-қара бола бастайды. Өзіне келген жаман хабардың салдарынан елден жасырынады. Оны қордыққа шыдап ұстау немесе топыраққа көміп тастау керек пе?-дейді. Олар нендей жаман үкім береді»**[1];

«Тірідей көмілген қыздың қандай күнасы үшін өлтірілгендігі сұралған кезде»[2].

Егер жаңадан туылған қыз тірідей топырақ астына көмілуден аман қалса, ол қор болып өмір сүретін еді. Оған өзінің бір туысы өлсе, егер сол туысының малы қандай көп болса да, және ол қыз пақырлық пен мұқтаждықтан қандай қиналып жүрсе де, оған туысының малынан ешқандай мирас берілмейтін. Өйткені олар мирасты тек еркектерге беретін. Ал әйел, егер оның ері өлсе оны ерінің туыстары малды мирасқа бөліп алғандай бөліп алатын еді. Бір еркектің қол астында көптеген әйел өмір сүретін болған, өйткені еркектер әйелдердің сол себепті таршылық пен зұлымдықты тартып

---

1 Нахл. 58-59
2 Текуир. 8-9

жатқандарына қарамастан сан шектемей әйелдерге үйлене беретін еді.

2-Әйелдің Исламдағы дәрежесі.

Ислам келіп әйелді бұл зұлымдықтан құтқарды және оған адамзат есебіндегі құнын қайтарып берді. Аллаһ Құранда былай дейді:

«Әй адамдар! Шындығында біз сендерді бір еркек және бір әйелден жараттық»[3].

Аллаһ Тағала әйелдің адамзаттың бастапқы жаратылуында еркектің серігі екендігін айтты, сол сияқты әйел еркекке амалдағы сауап пен жазада серік екенін баяндады:

«Ер немесе әйелден кім иман келтірген бойда ізгі амал істесе, әлбетте оған жақсы өмір сүргіземіз, әрі олардың сауаптарын істегендерінен жақсырақ қылып береміз»[4];

«Аллаһ мұнафық еркектер мен мұнафық әйелдерді, мүшрік еркектер мен мүшрік әйелдерді азаптауы үшін»[5].

Аллаһ Тағала әйелді өлген ерінің мирасына жатқызуды арам етіп былай деді: **«Ей момындар, сендерге әйелдерді мәжбүрлеп мирас етіп алуларың дұрыс емес»**[6].

Сөйтіп Аллаһ Тағала әйелге жеке бас бостандығын беріп, оны мирасқа берілетін емес, керісінше мирасқа ие болатын және өз туысқанының малынан мирас алуға ақылы қылды. Бұл жайында Аллаһ Тағала былай дейді:

«Еркектерге ата-аналары мен жақын туыстары қалдырып кеткен мирастан үлес бар. Әйелдер үшін де ата-аналары және жақын-туыстары қалдырып кеткен мирастан үлес бар. Бұл үлестер аз-көптігіне қарамастан, парыз етілген ақылардан»[7];

---

[3] Құжырат. 13
[4] Нахл. 97
[5] Ахзаб.73
[6] Ниса. 19
[7] Ниса. 7

«Аллаһ перзенттеріңе тиісті мирас турасында бір ұл үшін екі қыз үлесі, не барабар мирас беруді әмір етеді. Егер, мирас алушылар екіден артық қыз болса, оларға ата-аналары қалдырған нәрсенің үштен екісі, егер жалғыз қыз болса, оған мирастың жартысы тиеді»[8].

Үйленуге келсек, Аллаһ оның жоғары шегін төртке шектеді және әйелдердің арасында шама келгенше әділдікті орнатуды шарт етті. Сондай-ақ олармен жақсы қарым-қатынас жасауды бұйырып былай деді: **«Олармен жақсы қарым-қатынас қылып, тыныш-тату жасаңдар»**[9].

Ислам әйелге мәһірды алуға құқылы қылды және оны әйелдің шын көңілімен кешіргенінен басқасын толық беруге бұйырды:

«Әйелдердің мәһірін ықыласпен беріңдер. Сонда егер әйелдер өздері көңілдерінен сендерге мәһірден бір нәрсені кеңшілік етсе, онда оны адал және берекелі деп біліп жей беріңдер».[10]

Аллаһ Тағала әйелге күйеуінің үйіндегі жауапкершілікті жүктеді, оны үйде бұйырушы, тыйым салушы және балаларына әмірші қылды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): ***«Әйел өз күйеуінің үйіне жауапты және жауапкершілігінен сұралушы»*** - деді. Күйеуіне әйелдің нафақасына, оның киім-кешегіне дұрыс қарауды уәжіп етті.

3-Ислам жаулары және олардың бүгінгі күндегі көмекшілері әйелдің құн-қасиеттерін жоғалтуды әрі оны ақысынан айыруды қалаулары.

Шындығында кәпірлер мен мұнафықтардан және жүректерінде ауырулары болған Ислам жауларын, тіпті бүгінгі күні бүкіл адамзаттың жауларын мұсылман әйелдің бұл құрмет пен ізетке жеткендігі және исламның қорғауына кіргендігі өте қатты ашуландырды. Өйткені мұнафықтар мен кәпірлерден болған Ислам жаулары әйел затын бүлдіргіш әрі құрту құралы болуын және онымен өздерінің кернеген шаһуаттарын қандырғаннан кейін иманы әлсіз, көңілдері бос адамдарды аулайтын ау болуын қалайды. Аллаһ

[8] Ниса. 11
[9] Ниса.19
[10] Ниса. 4

Құранда былай дейді: **«Шаһуаттарына берілгендер сендердің (тура жолдан) мүлде ауып кетулеріңді қалайды».**[11]

Сондай-ақ жүректерінде ауытқуы болған мұсылмандар әйелді шаһуаттары мен шайтанның азғыруына ергендердің көрмесінде арзан тауар болуын, олардың көз алдарында оның әдемілігіне қарап ләззат алатын ашық тауар болуын қалайды. Немесе одан да жаман нәрсеге жетеді. Міне осы үшін әйелді еркек пен қатараласып жұмыс істеуі үшін оны үйінен шығаруға тырысады. Әйелді ауруханада бөтен еркекке қызмет қылуына, немесе ұшақтарда стюардесса болуына, немесе еркектермен аралас оқу сыныптарында оқушы немесе мұғалім, не циркте клоун немесе әнші болуына, не теледидарда өзінің ашық-шашық түрімен және дауысымен фитналандырушы әр түрлі хабарларда жүргізуші болуына әрекет қылады. Сол сияқты әр-түрлі көргенсіз порнографиялық журнал иелері өздерінің журналдарын өткізу үшін оның бетіне жалаңаш қыздардың суретін шығарады. Кейбір саудагерлер мен завод фабрикалар өз тауарларын өткізу үшін шығарған заттарына сол қыздардың суреттерін жабыстыратын болды. Міне осындай қатерлі шаралар себебті әйел өзінің үйдегі негізгі қызметінен айырылып қалды. Тіпті олардың күйеулері балаларын тәрбиелеу үшін және үй жұмыстарын атқару үшін шеттен қызметші әйел жалдауға мәжбүр болды. Ал бұл нәрсе көптеген фитналардың тууына себеп болып көптеген жаманшылықтар әкелді.

4-Біз егер келесі шарттар орындалса әйелдің үйінен тыс жерде жұмыс істеуін қайтармаймыз.

1-Әйелдің ол жұмысты істеуге мұқтаж болуы, немесе оны атқаратын еркек болмағандықтан қоғам әйелдің сол жұмысты атқаруына мұқтаж болуы.

2-Бұл жұмысты әйел өзінің үйдегі негізгі қызметтерін істеп бітіргеннен кейін істеуі.

3-Бұл жұмыс тек әйелдер ортасында болуы, әйелдер медресесі не әйелдер дәрігері сияқты еркектерден алшақ жерде болуы.

---

[11]Ниса.27

4-Сол сияқты әйел өз дінін үйренуінен қайтарылмайды, керісінше оны үйрену оған уәжіп болады. Сондықтан әйел оны білуге мұқтаж болған дін істерін үйренуінен қайтарылмайды. Бірақ оның білім алуы әйелдер ортасында болуы керек.

Әйелге алғашқы ислам әйелдерінің білім алып оны басқаға үйреткендеріне әрі мешітке келгендеріне сүйеніп жұмыс істеулеріне, оқуларына және мешітке келулерінде оқасы жоқ.

2-бөлім

Әйелдің тұла бойын әдемілеуге байланысты үкімдер.

1-Әйелден оның өзіне қатысты және өзіне лайықты болған туа біткен қасиеттерді істеу талап етіледі. Соның бірі тырнақ қысқарту және оның күтімі.

Өйткені тырнақ қысқарту білім иелерінің келісімі бойынша сүннетке жатады және ол хадисте келген туа біткен қасиеттерден. Сондай-ақ тырнақ қысқарту – ол тазалық пен әдемілікке жатады. Ал оны ұзын қылып өсіру – ол кейіпсіздік әрі жыртқыш аңдарға ұқсау болып табылады, әрі оның астына кір жиналып ол кірдің астына су тимейді. Кәзіргі кезде кейбір мұсылман әйелдер тырнақтарын өсірумен бәлеленген, бұл олардың кәпір әйелдерге еріп, сүннет жайында надандық танытқандықтарынан.

Әйелге осы жайында келген хадистерге амал қылу және әдемі болу мақсатында қолтық және астыңғы жүндерді кетіруі сүннет болады. Оны әр аптада алып отыру жақсырақ, не болмаса қырық күннен асырмай алу керек.

2-Әйелден оның шашы мен қасына байланысты талап етілетін нәрселер және бояну үкімі.

А) Әйелден шашын өсіруі талап етіледі және оны қыру харам болады, тек оны алуға қажет болған жағдайда ғана алуға болады. Сауд-Араб мемлекеттілік муфтиі Шейх Мухаммад Иброһим былай дейді: «Әйелдің шашына келсек, оны қыруға болмайды. Өйткені имам Насайи өзінің сунан кітабінда Әлиден (оған Аллаһ разы болсын) және Әл-Баззар Османнан (оған Аллаһ разы болсын) және Ибн Жәрир Икримадан: ***«Пайғамбарымыз** (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) **әйелді шашын қырудан қайтарды»*** - дегенін риуаят етті.

Егер пайғамбарымыздан (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қайтару келсе, оған қарама-қайшы нәрсе келмейінше, ол оның харам екенін білдіреді.

Сондай – ақ Мулла Әли Қорий «Мұрқат» - деген «Әл-Мушкат» атты кітаптің шархында пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): ***«Әйелдің шашын қыруы»*** деген сөзіне былай деп түсіндірме берді: *«Әйелдің шашын қыруға болмайтыны өйткені*

әйелдің өрілген шашы көріністе және әдемілікте еркектің сақалы сияқты» - деді.

Әйелдің шашын қысқартуы егер ол әдемілік үшін емес бір қажет үшін болса, шашқа қажетті керек заттарын таба амау сияқты, не тым ұзын болып өсіп әйелге қиыншылық тудыратын болса, оны қажетіне қарай қысқартуға болады. Өйткені пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әйелдері ол кісі өлгеннен кейін зейнетті тастағандықтарынан және ұзын шаштың оларға қажет болмағандықтан шаштарын қысқартатын еді.

Егер әйелдің шашын кесудегі мақсаты кәпірлердің пасық әйелдеріне немесе еркектерге ұқсау болса, бұның харам екендігінде еш күмән жоқ. Себебі жалпы кәпірлерге ұқсаудан және әйелдердің еркектерге ұқсаудан қайтару келген. Ал егер мақсат әдемілену болса, бізге білінгені – бұл болмайды.

Ұстазымыз шейх Мұхаммад Әмин Шинқитий «Адуауль-Баян» атты кітапта былай дейді: *«Көптеген елдерде еліктеушілікке айналған әйелдің шашының түбіне жақындатып кесу ғұрпы – мұсылман әйелдеріне әрі Исламнан бұрыңғы араб әйелдерінің әдетіне теріс европалықтардың әдеті. Сондай-ақ бұл діндегі әрі мінез-құлықтағы және одан да басқа жерлерде кең тараған жалпы тура жолдан ауытқу түрлеріне жатады»*-деді.

Кейін: «***«Пайғамбарымыздың** (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) **әйелдері шаштарын құлақ сырғалығына дейін қысқартатын»-** деген хадиске былай деп жауап берді: «Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әйелдері шаштарын тек ол кісі өлгеннен кейін қысқартты, өйткені олар пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тірі кезінде әдеміленетін болған және олардың ең зейнетті жерлері шаштары еді. Бірақ пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) дүниеден өткеннен кейін оның әйелдерінің үкімі ерекше, олардың бұл үкіміне бүкіл жер бетіндегі бір әйел де серік бола алмайды. Ол үкім — күйеуге шығу үміті түбегейлі үзілуі. Және осы олардың оған ешқандай күйеуге шығу деген қалау араласуы мүмкін болмаған күдер үзулері. Сондықтан олар пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) себепті өлімге дейін күйеуге шығуға ақысы жоқ кезеңдегі қамаудағы (тұтқындалған) әйелдер сияқты. Аллаһ Құранда былай дейді:*

«Сендер үшін Аллаһтың пайғамбарына зиян қылу және оның артынан әйелдеріне үйленулеріңе ешқашан болмайды. Өйткені бұл – Аллаһтың алдында ұлы (күнә) болған іс»[12].

Күйеуге шығудан толық күдердің үзілуі — зейнеттің кейбір нәрселерін тастауға рұқсат етеді. Одан басқасы себепті әйелге зейнеттің бір нәрсесін де тастауға болмайды»[13]-деді. Сөз соңы.

Сондықтан әйел өз шашына ұқыпты қарап оны ұзын күйінде сақтауы және шашты өріп қоюы керек. Оны төбеге не қара-құсқа түйіп қоюға болмайды.

Шейхуль-Ислам ибн Таймия былай дейді: *«Кейбір жезөкшелерге ұқсап шашты бір өрім қылып екі иықтың арасынан жіберіп қою сияқты»*[14].

Сауд- Арабия мемлекетінің муфтиі Мухаммад ибн Иброхим былай дейді: *«Кәзіргі заманда мұсылман әйелдері (европа әйелдерінің істегендері сияқты) шашты бастың жанынан бөліп оны төбеге түйюлерін алсақ, оны істеуге болмайды. Өйткені бұл – кәпірлердің әйелдеріне ұқсау. Абу Һурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) келген хадисте пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) былай дейді:* ***«Мен екі түрлі тозақтың адамдарын көрмеймін,*** *(яғни олар пайғамбарымыздың саллаллаһу алейһи уә сәлләм өмір сүрген уақытында болмайды)* ***олардың біреулері: қолдарына сиырдың құйрығына ұқсаған қамшы ұстаған қауым, онымен олар адамдарды ұрады. Екіншісі: киінген жалаңаш әйелдер, олар еркектердің назарларын өздеріне тартады және оларға өздерінің зейнеттерін көрсету арқылы олардың жүректерін пасықтыққа бұрмалайды,*** *(яғни еркектерді өздерімен пасықтық істеуге шақырады)* ***олардың бастары түйенің теңселген өркеші сияқты.*** *(Яғни бастарын орамалмен немесе басқа нәрсемен орап, оны түйенің өркеші сияқты қылып қояды)* ***Олар жаннатқа кірмейіді және оның иісін де сезбейді, расында жаннаттың иісі пәленше пәленше қашықтықтан білінеді»***[15].

---

[12] Ахзаб.53

[13] «Адуауль-Баян» (5/598-601). Егер әйелге күйеуі шашыңды қысқарт деп бұйырса не басқа да зейнеттің бір түрін тастауды бұйырса, оған бойұсынуына болмайды. Өйткені жаратушыға күна болатын істе жаралғанға бойұсыну жоқ.

[14] Фатуалар жинағы (22-145)

[15] Муслим.

Кейбір ғұламалар бұл хадистің мағынасы жайлы: «Олар шаштарын жезөкше әйелдердің шашындай қылып қояды және басқалардың шаштарын да сондай қылады» - деген. Ал шашты бұлай етіп қою европа әйелдерінің және оларға ерген кейбір мұсылман әйелдерінің ісі»[16].

Әйел адамға шашын қажетсіз қысқартуы немесе қыруы тыйым етілгендей оған басқа шаш қосуы немесе жалғауы да тыйым салынады. Сахих Бухарий мен Мусимде келген хадисте: ***«Пайғамбарымыз** (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) **шаш жалғаушыны және жалғатушыны лағынетеді***». Өйткені бұл – жалған, бояма нәрсе. Сол сияқты бояма шашқа кәзіргі замандағы парик те кіреді.

Имам Бухарий мен Муслим және басқалары Мұғауияның Мединеге келгенде құтпа қылғанын риуаят етті. Сонда Мұғауия (оған Аллаһ разы болсын) бір түйір иірілген немесе бір тұлым шаш шығарды да: ***«Әйелдеріңе бастарына мына сияқты нәрселерді тағып не болды? Мен пайғамбарымыздың** (саллаллаһу алейһи уә сәлләм)**: «Қандай да бір әйел басына басқа біреудің шашын тақса, ол алдау болады»** дегенін естігем»*-деді. Сол сияқты парик та адамның шашына ұқсайтын қолдан жасалған шаш, оны кию де алдауға жатады.

Б) Мұсылман әйелге қасын немесе оның кейбір жерлерін алу харам етіледі. Ол қандай жолмен болсын; қыру не кесу, немесе оны кетіретін заттарды пайдалану жолдарымен болсын оны алу харам болады. Өйткені бұл — пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оны істегенді лағнеттеген «ән-намсқа» жатады. Ақиқатында пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ән-намисаны және әл-мутанаммисаны лағнеттеді.

Ән-намиса: ол өзінің ойынша әдемі болады деп қасын не оның кейбірін терген әйел.

Әл-мутанаммиса: ол осыны өзіне істеуді талап ететін әйел. Ал бұл шайтанның адам баласына соны істеуге бұйырамын деп уәде еткен Аллаһтың жаратылысын өзгертуге жатады. Аллаһ шайтанның

[16] Шейхтің фатуалар жинағы (2/47).

былай дегенін айтты: **«Мен оларға бұйырамын, сонда олар Аллаһ жаратқан жаратылысты өзгертіп-бұзады».**[17]

Сахих Бухариде Ибн Масғұдтан (оған Аллаһ разы болсын) ол кісінің былай дегені риуаят етілді: *«Аллаһ теріні шанышқылап, бояп әшекейлеген*[18] *және соны әшекейлеп беретін әйелдерді және қастарын жұлатын және оны жұлып беретін әйелді және әдемілік үшін тістерінің арасын ажыратқан, Аллаһтың жаратқанын өзгерткен әйелдарді лағнеттеді»*. Сосын ол кісі: *«Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) лағнеттеген адамды лағнеттемеймін бе, ол Аллаһтың кітабында бар ғой?!»* - деді. Яғни Аллаһтың: **«Пайғамбар сендерге берген нәрсені алыңдар, ол сендерді қайтарған нәрседен қайтыңдар»**[19] - деген сөзі.

Ибн Кәсир өзінің тәһсірінде бұл жайында былай деді:
«Кәзіргі күнде көптеген әйелдер бұл үлкен күнәлардан болған қатерлі бәлеге ұшыраған. Тіпті қасты жұлу күнделікті қажет істеріне айналған. Әйелге егер ері осыған бұйырса, оған бойұсынуына болмайды. Өйткені бұл күнә»[20].

В) Мұсылман әйелге әдемілік үшін тістерінің арасын ашуы – харам етіледі. Әдемілікке қызығып тістерінің арасында кішкентай соқылау пайда болу үшін оны егеумен егеу арқылы ашуы. Ал егер тістері кейіпсіз болса және соны кетіретін түзету операциялары қажет болса, немесе тістері бұзылып онда көрнес сияқты нәрселері болып оны емдеуге қажет болса, ол болады. Өйткені бұл емдеу және кейіпсіздікті кетіру бабына жатады. Және бұл арнайы дәрігер әйелдің қолымен болуы керек.

Г) Әйелге денесін шанышқылап бояу амалы харам етіледі. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Әл-уашиманы және әл-мустаушиманы лағнетеді.

Әл-уашима: ол қолды не бетті инемен шаншып кейін ол жерді кухлмен[21] немесе сиямен толтыратын әйел.

Әл-мустаушима: ол осыны өзіне істеп беруді талап ететін әйел.

---

[17] Ниса. 119
[18] Денеге наколка салу.
[19] Хашр. 7.
[20] Ибн Кәсир тәпсірі. (2/359).
[21] Сүрме.

Бұл харам іс және үлкен күнә. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оны істеген әйелді және өзіне соны істеткен әйелді де лағнеттеді. Ал лағнет тек үлкен күнәларға болады.

Д) Әйелдің аяқ-қолдарын және шашын бояу және алтын тағып әшекейлену үкімі.

1- Бояну жайында имам Науауий «Мажмуғ» кітабында былай дейді: *«Қолды және аяқты хынамен бояу — тұрмыстағы әйелдер үшін мустахаб. Өйткені бұл жайында көптеген хадистер келген...»*. Сөз соңы.

Ол кісі имам Абу Даудтың риуаят еткен мына хадисіне ишара етіп айтты: *«Бір әйел Айша анамыздан (оған Аллаһ разы болсын) хынамен бояну жайында сұрады, сонда ол кісі:* ***«Ештеңе етпейді, бірақ мен оны жақсы көрмеймін, сүйіктім Аллаһтың елшісі*** *(саллаллаһу алейһи уә сәлләм)* ***оның иісін жақтырмайтын еді»*** *- деп жауап берді».* Және имам Ән-Насай Айша анамыздың (оған Аллаһ разы болсын) былай дегенін риуаят етті: *«Бір әйел перденің артынан пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ишара етті; оның қолында кітап бар еді, сонда пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оның қолынан ұстады да:* ***«Білмеймін, бұл еркектің қолы ма, әлде әйелдің қолы ма?!»*** *- деді. Ол: «Әйелдің қолы»-деді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):* ***«Егер әйел болсаң, тырнақтарыңды өзгертер едің»*** *- деді (яғни хинамен бояп)*[22].

Бірақ тырнақтарын оның үстіне қатып қалып, дәрет алуға кедергі болатын нәрселермен боямайды.[23]

2- Әйелдің шашын бояуына келсек, егер ол әйел кәрі болса, шашын қарадан басқа түске бояйды. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жалпы қара түске бояудан қайтарған. Имам Науауй өзінің «Рияду – Солихин» атты кітабында (626): **«Еркекті және әйелді шаштарын қарамен бояудан қайтару бабы»**-деді, сондай – ақ «Мажмуғ» кітабында (1/324): *«Қарамен*

---
[22] Имам Абу Дауд пен Ән-Насай риуаяты.
[22] «Жасырған зейнеттері білінуі үшін аяқтарын (жерге) ұрмасын». Нұр. 31
[23]Кәзіргі кездегі лактар сияқты.

бояудан тыюда еркек пен әйелдің арасында ешқандай айырмашылық жоқ»-деді. Сөз соңы.

Ал әйелдің қара шашын басқа түске айналдыру үшін бояуы болса, менің ойымша бұл дұрыс емес. Өйткені оған ешқандай қажет жоқ және шаш үшін қара түс ол әдемілік, оны өзгертуге қажет дейтіндей кейіпсіздік емес. Сондай-ақ бұны істеуде кәпір әйелдерге ұқсаушылық бар.

3- Әйелге әдет бойынша алтын-күміспен әшекейлену рұқсат етіледі. Бірақ оған өзінің әшекейленгендігін оған махрам емес еркектерге көрсетуіне болмайды. Керісінше әшекейлігін жасырады, әсіресе үйінен шығып еркектердің көз алдарына тап болған кезде. Өйткені бұл – фитна, ақиқатында әйел киімінің астындағы аяғының әшекейлерінің дауысын еркектерге естіртуден қайтарылған, ал сыртқы әшекейлері қалай болмақ?!

3- бөлім

Етеккір, ауыру және нифас қанына арналған үкімдер.

Бірінші: Етеккір

1 – Етеккірдің анықтамасы:

Етеккірдің тілдің мағынасы: ағу.

Ал шариғаттағы мағынасы: "Әйелдің жатырының түбінен белгілі уақыттарда ауырусыз және жарасыз шығатын қан". Бұл Аллаһтың Адамның әлейһис-сәләм қыздары үшін жаратқан нәрсесі. Аллаһ оны әйелдің аяғы ауыр болған уақытта баланың жатырдағы азығы болуы үшін жаратты. Кейін бала дүниеге келгеннен кейін ол сүтке айналады. Егер әйел ауыр-аяқ не омыраудағы баласы болмаса, ол қанның кететін жері болмай қалады да, әдет немесе айлық айналым деп танылып белгілі уақыттарда шығып тұрады. Ол әдет немесе айлық айналыммен білінеді.

2 – Етеккір келетін жас.

Әйелдің етеккір болатын жасы көбінше, тоғыз жастан басталып елу жасқа дейін болады. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Әйелдердің арасындағы етеккір көруден үміт үзгендері, егер, сендер** (олардың иддалары [24] қанша созылуы туралы) **күмәндансаңдар, онда** (біліңіз) **олардың иддалары үш ай және** (әлі) **етеккір көрмеген әйелдердің иддалары да үш ай"**.[25]

Бұл аяттағы етеккір көруден үміт үзгендер дегені, олар елу жасқа жеткен әйелдер, ал әлі етеккір көрмегендер дегені – олар тоғыз жастан кіші қыздар.

3 – Етеккір үкімдері

А) Етеккір жағдайында әйелмен жыныс мүшесі арқылы жыныстық қатынас жасау харам етіледі. Өйткені Аллаһ айтты: **"Сізден етеккір жайлы сұрайды. Айтыңыз: "Ол жиіркенішті,**

---

[24] Идда сөзі арап тілінде санау деген мағынаны білідреді. Ал шариғаттағы мағынасы: әйел үшін ажырасқаннан кейін белгіленген мерзімді айтады. Әйел сол уақыт аралығында күйеуге шықпай, уақытының біткенін күтеді және уақыты біткеннен кейін оған басқа күйеуге шығуына рұқсат етіледі.

[25] Талақ. 4

таза емес. Етеккір келген кезде әйелдеріңнен аулақ болыңдар және тазарғанша оларға қосылмандар. Тазарғаннан соң, оларға Аллаһ бұйырған жақтан келіңдер. Әлбетте, Аллаһ көп тауба етушілерді және әрдайым өздерін таза ұстағандары сүйеді"[26]

Бұл тыйым әйелден етеккір қанның шығуы тоқтап, жуынғанға дейін жалғасады. Өйткені Аллаһ Тағала: "Және тазарғанша оларға қосылмандар. Тазарғаннан соң, оларға бұйырған жақтан келіңдер" – деді.

Етеккір әйелдің еріне онымен жыныс мүшесі арқылы қатынас қылмастан басқа дене мүшелерін пайдаланып, құшырлануына рұқсат етіледі. Өйткені пайғамбарымз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): ***"(Еттеккір көрген әйелмен) жыныс мүшесінен қосылудан басқасының барлығын істей беріңдер"***[27]-деген.

Б) Етеккір уақытында әйел намаз оқымайды және ораза ұстамайды. Ол екеуін істеу етеккір әйелге харам етіледі, егер істесе дұрыс деп есептелмейді. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): ***"Әйел егер етеккір көрсе намаз оқымайды және ораза тұтпайды емес пе?!"*** – деген.[28]

Етеккір біткеннен кейін әйел оразаның қазасын өтейді де намаздың қазасын өтемейді. Өйткені Айша анамыз былай дейді: ***"Пайғамбарымыздың*** *(саллаллаһу алейһи уә сәлләм)* ***кезінде етеккір көретін едік, сонда оразаның қазасын өтеуге бұйырылатын едік те намаздың қазасын өтеуге бұйырылмайтын едік"***[29].

Намазбен оразаның айырмашылығы – намаз қайталана береді сондықтан оны өтеу қиын болғандықтан , қазасы өтелмейді,ал ораза ондай емес

В) Етеккір көрген әйелге қолына еш нәрсе киместен құранды ұстау харам етіледі. Өйткені Аллаһ Тағала айтады: **"Оны тек (дәретті) тазалар ғана ұстайды"** – деді.[30]

---

[26] Бақара. 222
[27] Муслим р-ты.
28 Бухарйи, Муслим р-ты.
29 Бухарйи, Муслим р-ты.
30 Уақиға. 79

Сондай-ақ пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Амр Ибн Хазмға жазған кітабында: ***"Құранда тек дәретті адам ұстайды"***[31] – деген. Бұл хадисті адамдардың қабылдаулары себепі ол мутауатирге[32] ұқсайды.

Шейхуль Ислам ибн Таиймия былай дейді*:" Төрт имамның мазхабы: "Құранда тек даретті адам ұстайды!"*

Ал етеккір көрген әйелдің Құранды ұстамай оқуы – бұл білім иелері арасындағы келіспеушілік мәселесі. Ең жақсысы етеккір әйел Құранды оқымайды, бірақ оқуға қажет болып тұрса, оны ұмытып қою сияқты нәрселерден қорқатын болса, оқуына болады. Аллаһ Білушірек!

Г) Етеккір жағдайындағы әйелге Қағбаны тауаф ету харам етіледі. Өйткені Айша анамыз қажылық кезінде етеккір болып қалғанда, пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оған: ***"Хажы істейтін нәрселердің бәрін істе, бірақ тазарғаныңа дейін Қағбаны тауаф етпе"***[33] – деді.

Д) Етеккір әйелге мешітте болуына болмайды. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм)**:*"Мешітті етеккір мен жүніпке рұқсат етпеймін"*** – деген[34]. Тағы бір хадисінде: ***"Мешіт етеккір мен жүніпке рұқсат етілмейді"***[35] – деді.

Етеккір әйелге мешіттен кідіріп қалмай өтуіне болады. Өйткені Айша анамыз айтты: "Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм)*:**"Маған мешіттен шуперекті әперіп жібер"*** – деді. Сонда мен оған: "Мен етеккірмін" - дегенде, ол: ***"Сенің етеккірің қолында емес қой"***[36] – деді.

Сол сияқты ол әйелге шариғат зікірлерін айтуға, тәкбір, тәһліл, тәспих және басқа дұғаларда айтуына болады. Сондай – ақ таңғы - кешкі зікірлерді, ұйықтар және оянғандағы зікірлерді айтуына болады. Және де тәпсір, хадис, фиқһ сияқты білім кітаптарын оқуына да еш кедергі жоқ.

---

31 Ән-Насаи және т.б.
32 Мутауатир: бір жамағаттан көптеген жамағаттар риуаят еткен және олардың көптігінен сол хадистің өтірік екендігіне келісулері мүмкін болмаған хадис.
33 Бухарйи, Муслим р-ты.
34 Абу Дауд р-ты.
35 Ибн Мәжжә р-ты.
36 Муслим, Абу Дауд, Тирмизйи, Ән-Насайи, Ибн Мәжжә.

Ас – суфра және Әл – Кудраға байланысты үкімдер

Ас-суфра: сарғыштау келген, іриң сияқты нәрсе. Әл-Кудра қою кір судың түсі сияқты нәрсе. Егер әйелге өзінің әдеттегі етеккір келетін уақытында Әл-Кудра немесе Әс-Суфра келсе, оны етеккір деп есептейді, және олар жоғарыда айтылған етеккірдің үкімін алады. Ал – егер олар әеттегі етеккір келмейтін уақытта келсе, оларды етеккір деп есептемейді де, әйел өзін тазамын деп санайды. Өйткені Умму Атия (оған Аллаһ разы болсын): ***"Етеккірден тазарғаннан кейін суфра және кудрыны ешнәрсе емес деп есептейтін едік"*** [37] -деген. Имам Бухарйи бұны:***"Тазарғаннан кейін"*** - деген сөзді айтпастан риуает етті. Хадис иелерінде бұл "Рофғ" [38]үкімін алады. Өйткені бұл пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) осыны мойындауы деп есептеледі. Бұның түсінігі – кудра мен суфра тазарудан бұрын етеккір болады және соның үкімін алады.

Пайдалы мәселе:

Сұрақ: Әйел өзінің етеккірінің біткенін қалай біледі?

Жауап: Оны қанның тоқтауымен біледі. Бұл екі белгімен болады:

Біріншісі: Етеккір қанына еріп гипстың суына ұқсайтын ақ судың келуі. Ол кейде ақтан басқа түс болып та келуі мүмкін, оның түсі әйелдердің жағдайларының әр – түрлі болуымен өзгеруі мүмкін.

Екіншісі: Құрғақтық. Ол бір шүперек не мақтаны мүшесінің ішіне кіргізіп, кейін оны құрғақ күйінде, қан не кудра немесе суфраның еш қайсысы жағылмаған күйінде шығаруы.

4 – Әйелдің етеккірі біткеннен кейін істейтін нәрселері.

Етеккір біткенннен кейін әйелге ғусл алуы керек. Ол суды бүкіл денесіне тазалану ниетімен құюы арқылы болады. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) етеккір болған

[37] Абу Дауд р-ты.
[38] Рофғ: "Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм)айтқан хадисі" деген үкімді білдіреді.

әйелге : ***"Егер етеккірің келсе намазды қой, ал егер кетсе жуын да намаз оқы"***[39] – деді:

Етеккірден ғусл алудың сипаты:

Намаз сияқты нәрселерге дәрет алуды не дәретсіздікті кетіруді ниет қылуы, кейін: "Бисмиллә" деуі, кейін барлық денесіне су құю, шаштарыңның түбіне су жеткізіп тигізуі, егер шашы өрілген болса оны шешудің қажеті жоқ, тек оны сулайды болды. Егер сидр[40], не басқа нәрселермен жуса жақсы. Жуынып біткеннен соң мақтаға миск немесе басқа жақсы иісті нәрсе жағып етеккір келген жерге салып қоюы мустахаб болады. Өйткені пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі мен салауаты болсын) Асмаға (оған Аллаһ разы болсын) соны бұйырған.

Маңызды ескерту:

Егер етеккір не нифас көрген әйел күн батудан бұран тазарса, оған сол күннің зухрмен аср намазын оқуы керек. Егер олардың біреуі таң атудан бұрын тазарса, оған сол түннің мағриб пен иша намаздарын оқуы керек. Өйткені үзірлі жағдайда екінші намаздың уақыты – бірінші намаздың уақыты болады.

Шейхуль ислам ибн Таймия өзінің фатауасында (22/434) былай деді: *"Осы үшін (Мәлик, Шафиғи және Ахмад сияқты) жалпы ғұламалар – егер етеккір көрген әйел күннің ақырында тазарса, зухр мен асрды қосып оқиды. Егер түннің ақырында тазарса мағриб пен ишаның барлығын оқиды. Бұл Абду Рахман ибн Ауф, Абу Һурайра және Ибн Аббастан жетті. Өйткені үзірлі жағдайда уақыт екі намаз арасында серіктес болады. Сондықтан әйел егер күннің ақырында тазарса, зухрдың уақыты әлі қалған болады да оны асрдан бұрын оқиды. Ал егер түннің ақырында тазарса мағрибтің үзірлі жағдайдағы уақыты қалған болады да, оны ишадан бұрын оқиды"*. Сөз соңы.

Ал егер намаз уақыты кіргеннен кейін намаз оқудан бұрын етеккір көрсе немесе нифас болып қалса, басымды сөз бойынша: оған намаздың әуелгі уақытына жетіп, оны оқудан бұрын етеккір не нифас болып қалған намаздың қазасын өтемейді.

---

[39] Бухарийи р-ты.
[40] Сабын не шампунь сияқты нәрселер.

Шейхуль ислам ибн Таймия фатауалар жинағанда (23/335) бұл мәселе жайында былай дейді: *"Абу Ханифа мен Мәлік мазхабының анық дәлелдерінде: "Ол әйелге ешнәрсе міндеттелмейді, өйткені қазаны өтеу жаңа бұйрық себепті уәжіп болады. Ал бұл жерде оған қазаны өтеуге міндеттейтін ешқандай бұйрық жоқ. Және бұл әйел намазды рұқсат бойынша кешіктірді, сондықтан ол немқұрайлыларға жатпайды. Ал намаздан ұйықтап қалған немесе ұмытқан адам болса, ол да егер немқұрайлы болмаса да оның істейтіні (яғни ұйқыдан тұрып оқыған намазы) қаза өтеу емес. Кірісінше бұл ұйқыдан оянған және ұмытып есіне түсірген адам үшін намаз уақыты болып есептеледі"*. Сөз соңы.

Екінші: Истихада (ауыру қаны)

1 – **Истихада үкімдері:**

Истихада – ол қан құйылу жолдарымен "Азил" деген тамырдан шығатын белгілі уақытыты жоқ кездердегі қанның ағуы. Истихада көрген әйелдің жағдайы ол қанның етеккір қанына ұқсас болған себепті күрделілеу.

Егер бұл қан жалғасты түрде немесе уақыттың көбінде келсе, оның етеккір деп есептегендігінен де, истихада деп есептегендігінен де ораза мен намазды тастамайды. Өйткені истихада көрген әйелдің үкімі таза әйелдер үкімі саналады. Осыған сәйкес истихада көрген әйел үшін үш жағдай бар:

Біріншісі: Ол әйелдің истихада келуінен бұрын белгілі етеккір келу әдеті болуы. Истихада келуінен бұрын бес не сегіз күн айдың ортасында немесе басында етеккір көруіндей өзінің әдеттегі уақытын білуі. Бұл әйел өзінің әдеттегі қанның келуіне сәйкес намаз бен оразаны қояды, және бұл әдетін етеккір деп есептейді. Кейін әдеттегі уақыты бітсе, жуынады да намазын оқиды және қалған қанды истихада деп есептейді. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Умму Хабибаға (оған Аллаһ разы болсын): ***"Етеккірің тосатын мөлшердей кідір де, кейін жуынып намаз оқы"*** - деді.[41] Және Фатима бинт Хубейшқа: ***"Бұл тек қана***

[41] Муслим.

тамырдан келген қан, ол етеккір емес, егер етеккірің келсе намазды қой"-деді.[42]

Екіншісі: Ол әйелдің белгілі уақытта етеккір келетін әдетінің болмауы. Бірақ, келген қаны ерекше белгілі, кейбірі қара түсті, қою, жағымсыз иісті болып, етеккір қанының сипатындай болады. Ал басқасы оған ұқсамайды, ол түсі қызыл, қою емес және иісі жоқ болады. Бұл жағдайда етеккірге ұқсаған қанды етеккір деп есптейді де, намаз бен оразаны қояды. Одан басқасын истихада деп есептейді де, етеккірге ұқсаған қанның тоқтауымен жуынып, намаз бен оразаны жалғастырады да, өзін таза деп есептейді. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Аду Хубейштің қызы Фатимаға: ***" Егер етеккір болса, ол қара түсті, белгілі болады, онда намаздан тыйыл, егер қан одан басқа болса, дәрет ал да,[43]намазыңды оқи бер"***[44]- деді.

Бұл жерде истихада көрген әйел қанның түріне қарап, оны етеккір мен басқа қандардан ажыратады.

Үшіншісі: Егер ол әйелдің белгілі уақытта етеккірі келетін әдеті болмаса, әрі етеккір қанын басқа қандардан ажырататын сипаты да болмаса, ол әйел қан келген кезде әр ай сайын әйелдерге ең көп келетін 6-7 күн бойы өзін етеккір деп есептейді. Өйткені әдеттегі әйелдердің етеккір болулары 6-7 күн. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Жахштың қызы Химнаға***:" Бұл тек шайтанның жүгіруі, сондықтан алты не жеті күнді етеккір деп есептейсің, кейін жуынасың. Егер тазарсаң жиырма үш не жиырма төрт күн намаз оқы, ораза тұт. Расында бұлай істеу дұрыс болады, сол сияқты әйелдер қашан етеккір болса сен де солар сияқты өзіңді етеккір деп есепте"***-деді.[45]

---

[42] Бухарйи, Муслим р-ты.
[43] Дәрет ал дегені: истихада қанның келгені үшін ғұсыл құйыну керек емес, тек әдеттегі дәрет алса жетеді. Хұсылды тек етеккір біткенде құйынады.
[44] Абу Дауд пен Ән Насаи риуаяты және бұны Ибн Хиббан мен Әл-Хаким сахих деді.
[45] Муслим, Абу Дауд, Тирмизйи, Ән-Насаи, Ибн Мәжжә р-ты. Имам Тирмизи бұл хадисті сахих деді.

Жоғарыдағы айтылғаннан шыққан қорытынды:

- Өз әдетін білетін әйел истихада келген кезде әдетіне қарайды.

- Ажырата алатын әйел ажыратуымен анықтайды.

- Бұл екеуі де болмаған әйел қан келген кезде 6-7 күн бойы етеккір болады.

Міне өстіп истихада жайындағы пайғамбарымыздан (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) келген үш сүннет арасы біріктіріледі.

Шеихуль Ислам Ибн Таимия былай деді:*"Қанның истихада екенін анықтайтын белгілер алтау делінген: ол не әдет болуы мүмкін, өйткені ол белгілердің ең қуаттысы өйткені негіз — етеккір орны, одан басқасы емес. Не ажырату болуы мүмкін, өйткені қара қан және жаман иісті іріңқызыл қаннан гөрі етеккір болуға жақынырақ. Не әйелдердің етеккір әдетінің көбіне қарап есептеу. Өйткені ереже бойынша жеке нәрсе көптік пен жалпы нәрсеге ергеседі. Міне осы үш нәрсеге сүннет пен зерттеу дәлел етеді"* – деді. Кейін қалған осы жайындағы айтылған белгілерді айтты да, соңында:*"Ең дұрыс сөз: сүннетте келген белгілерді есепке алып, басқасын тастау"*-деді. Сөз соңы.

2 - Дәретті адам үкімімнде болған жағдайдағы истиғада көрген әйелдің істейтін нәрселері:

А - Жоғарыда баяндағанға қарап есептелінген етеккірдің біткен кезінде әйелге ғұсл алуы уәжіп болады.

Б – Әр намаз кезінде шыққан нәрсені кетіру үшін мүшесін жуады және оған іштен шыққан нәрсені қайтару үшін мақта сияқты бір нәрсені қояды да оны түсіп қалмау үшін бір нәрсемен бекітіп қояды. Кейін әр намаз уақыты кірген кезде дәрет алады. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) истихада болған әйелге: ***" Хайз күндері намазды қояды, кейін жуынады да әр намаз кезінде дәрет алады"*** [46] -деді. Тағы бір хадисте пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):***"Орынды мақтамен біте"***-деді. Сол сияқты кәзіргі кездегі маталарды[47] да қолдануға болады.

[46] Абу Дауд, Ибн Мәжжә, Тирмизи р-ты. Тирмизи бұл хадисті сахих деді.
[47] Прокладкалар

Үшіншісі: Нифас.

А – Нифастың анықтамасы және созылатын уақыты:

Нифас: әйел бала босанғанда және одан кейін келетін қан. Ол — әйел жүкті кезінде жатырда тұрып қалатын қанның қалдықтары. Әйел босанған кезде ол қан аз-аздап шығып отырады және әйелдің босануынан бұрынғы толғақпен бірге келетін қан да нифасқа жатады. Бұл қанды фиқһ ғұламалары босанудан екі-үш күн бұрын келеді деп шектеген. Бірақ көбінше оның басы босанумен бірге болады. Босану кезеңі нәрестенің жаратылысы анықтал-ғаннан саналады. Нәрестенің жаратылысы анықталатын мерзімнің ең азы 81 күн, ең көбі 3 ай. Сондықтан егер әйелден осы кезеңнен бұрын бір нәрсе түсіп, қан пайда болса, оған ешқандай көңіл бөлмейді, әрі сол үшін намаз бен оразасын тастамайды. Өйткені бұл құйылған жаман қан, оның үкімі истихада үкімі болады.

Нифастың ең көп келетін уақыты көбінше 40 күнге созылады. Ол жоғарыда айтылғандай босанудан 2-3 күн бұрын басталуы мүмкін. Өйткені Умму Сәләмә хадисте: ***"Пайғамбарымыздың*** *(саллаллаһу алейһи уә сәлләм)* ***кезінде нифас болған әйелдер 40 күнге дейін келген қанды нифас деп есептейтін еді"***[48]-деді. Міне осыған Тирмизий және тағы басқалары айтқанындай білім иелері келіскен.

Әйелдің 40 күннен бұрын қаны тоқтап тазарса, ғұсыл алып намаз оқи береді. Өйткені нифастың аз мерзімі шектелмеген.

Егер 40 күн болып, оның қаны тоқтамаса және 40 күннен кейінгі уақытқа (мысалы:41-42-43 күндерінде) етеккір келетін әдеті тура келіп қалса, ол етеккір болады. Егер сол уақытта етеккір келетін әдеті болмаса, бірақ қан келуі тоқтамаса, ол истихада болып есептелінеді де, ол үшін 40 күннен кейін ғибадатты тастамайды.

Егер 40 күннен асса, және әрі қарай жалғаспаса, әрі әдетіне тура келмесе, бұл мәселеде ғұламалар әр-түрлі сөздер айтқан.

Б – Нифасқа байланысты үкімдер:

Нифас үкімдері төмендегі етеккір үкімдері сияқты:

[48] Тирмизий р-ты.

Етеккір сияқты нифас болған әйелмен де жыныстық мүшесі арқылы жақындасуға харам етіледі. Бірақ одан басқа жерлерімен құшырлануына болады.

Нифас әйелге етеккірге сияқты намаз оқуға, ораза ұстауға және Қағбаны тауаф етуге харам етіледі.

Етеккірге харам етілгендей нифасқа да Құранды ұстау және оны оқу харам етіледі. Тек егер ұмытып қалуынан қауіптенсе, құранды ұстамастан оқуына болады.

Нифасқа етеккірге сияқты нифас кезінде тастаған оразасының қазасын өтеу уәжіп болады.

Нифас көрген әйелге етеккірге уәжіп болғанындай нифасының біткен кезінде ғұсыл алуы уәжіп болады.

Жоғарыда айтылған үкімдердің дәлелдері:

1) Умму Сәләмә (оған Аллаһ разы болсын): ***«Пайғамбарымыз-дың*** *(саллаллаһу алейһи уә сәлләм)* ***заманында нифас болған әйелдер 40 күн отыратын еді»***[49]-деді. Әл-Мажд ибн Таймия «Әл-Мунтақо» атты кітапта (1/184): *«Хадистің мағынасы: «Нифас әйелдер 40 күнге дейін отыруға бұйырылатын еді, өйткені хабар өтірік болмауы үшін барлық уақыттағы әйелдердің хайз немесе нифас келетін әдеттерін бірдей қылу мумкін емес» - деді»*. Сөз соңы.

2) Умму Сәләмә (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: ***«Пайғамбарымыздың әйелдерінің біреуі нифас кезінде 40 күн отыратын еді, пайғамбарымыз*** *(саллаллаһу алейһи уә сәлләм)* ***оған нифас кезінде тастаған намаздың қазасын өтеуге бұйырмайтын еді».***[50]

Пайдалы мәселе:

Егер нифас көрген әйелдің қаны 40-күннен бұрын тоқтаса, ол ғұсыл алып намазын оқиды және оразасын ұстай береді. Кейін оған қайта қан келсе, дұрысырағы — оны нифас деп есептейді де, намаз

[49] Яғни: қырық күнге дейін келген қанды нифас деп есептеп, намаз, оразаны тоқтататын еді деген мағынада.
[50] Абу Дауд.

бен оразасын тоқтатады. Сол қаны тоқтап, тазара қалған кездегі тұтқан оразасы дұрыс болады, оны өтеудің қажеті жоқ. Бұл жайында кеңірек білгісі келген адам шейх Мухаммед ибн Ибрахимнің фатауалар жинағын оқысын (2/102), және шейх ибн Баздың фатауаларын (1/44), ибн Қаймнің «Задуль Мустақниғ» атты кітапқа жазған түсініктемесін (1/405) оқысын. Сондай-ақ Мухаммад ибн Салих Усайминнің «Әйелдердің табиғи қандары» атты кітапшасын (55-56 бет) және Әс-Сағдия фатуаларын (137 бет) оқысын.

Маңызды мәселе:

Шейх Абдурахман ибн Сағди (оны Аллаһ рақым етсін) былай дейді: *«Жоғарыда айтылғаннан белгілі болғаны: Нифас — босану себепті келген қан,истихада қаны — ауру және тағы басқа нәрселер себепті келген қан. Ал етеккір — ол негізгі қан. Аллаһ білушірек!»*[51]

Дәрілер ішу

Егер әйелдің денсаулығына зиян болмаса, оған етеккірді тоқтататын дәрілер ішуіне болады. Дәрі ішіп, етеккірді тоқтатса, басқа таза әйелдер сияқты намаз оқып, ораза тұтуына және Қағбаны тауаф етуіне болады.

Аборт үкімі

Әй мұсылман қарындасым! Шындығында сен Аллаһ жатырыңда жаратқан нәрестеге жауаптысың. Сондықтан оны жасырма. Аллаһ Құранда:

«Егер, Аллаһқа және ақірет күніне сенсе, оларға Аллаһ жатырларында жаратқан (нәрестені) жасыру адал болмайды» - деді[52].

Жатырыңдағы перзентті түсіруге және одан құтылуға қандай жолмен болса да тырыспа. Өйткені Аллаһ Тағала саған егер екі қабат кезінде қиналатын болсаң көптеген жеңілдіктер берді. Егер екі қабат кезінде ораза ұстау қиын болса, не жүктігіңе зиян тигізсе, аузыңды ашуды рұқсат етті. Қазіргі кездегі кең таралған аборт операциялары

[51] «Білім және ақыл иелерінің нұсқаулары» атты кітапты қара.
[52] Бақара.228

харам нәрсе. Егер жатырыңдағы сәбиге жан үрленіп қойса, кейін ол аборт себепті өлетін болса — бұл Аллаһ харам еткен кінәсәз біреуді өлтіру болып табылады. Бұл қылық қылмыстық жаупкершілікке әкеліп соғады, ал ол жауапкершілік — дия төлеу[53]. Және кейбір имамдардың айтуынша кәфәрәт төлеу, ол — бір мүмін құлды азат ету, егер оған шамасы келмесе екі ай қатарынан ораза тұту. Кейбір ғұламалар бұл қылықты — жаңа туылған сәбиді тірідей топырақ астына көму деп атаған. Шейх Мухаммад ибн Ибрахим фатауалар жинағында (11/151): *«Жатырдағы сәбидің өлгені анықталмайынша, оны түсіруге әрекеттенуге болмайды, егер анықталса, болады»* - деді. Сөз соңы.

Жоғары ғұламалар бірлестігі (140-сан, 20/06/1408х) төмендегі нәрселерге мынандай қаулы шығарды:

«Қандай кезеңде болса да жүктікті түсіруге болмайды, тек шарғи дәлел болса және өте қиын, тар жағдайларда ғана болады.

Егер жатырдағы нәресте жетілудің бастапқы кезеңінде болса (яғни 40 күн) оны бала тәрбиесінің қиыншылығынан қорыққандықтан, не оның өмір сүруін, не оқуын қамтамасыз ете алмаудан немесе олардың болашағынан қорыққандығынан түсіру немесе ата-ананың бар балаларымен шектелгендігінен нәрестені түсіру — тыйым салынады.

Жүктік түйір қан немесе ет болса, оны сенімді дәрігерлік комитеті әйелдің жүкті болуы қатерлі, оны өлімге алып барады деген қаулы қабылдағанға дейін және сол қатерлерді кетіру үшін барлық жолдарды толық қабылдағанға дейін оны түсіруге болмайды.

Сәбидің жетілуінің үшінші кезеңінен кейін[54] және оған 4 ай толғаннан кейін арнайы сенімді дәрігерлер жиыны оның шешесінің қарнында қалуы — шешесінің өліміне себеп болады деген қаулы шығарғанға дейін оны түсіруге болмайды. Бұл нәрсе оның өмірін сақтап қалуға барлық жолдарды пайдаланғаннан кейін болады. Сәбидің түсіруіне қадам бастырған тек бұл шарттар: екі түрлі зиянның үлкенін кетіру және екі пайдалы нәрсенің үлкенірегін істеу.

[53] Дия деп: егер біреу біреуді өлтірсе не бір дене мүшесіне зиян тигізсе, зиян көрген адамға не оның уәлиіне төленетін малды айтады. Егер мұсылман адамды өлтірсе оған толық дия төлейді, оның мөлшері 100 түйе.

[54] Балаға жан үрленгеннен кеін.

Ғұламалар мәжілісі жоғарыдағы нәрселерге қаулы шығарғанда Аллаһқа тақуалық және осы істе берік болуды өсиет етеді. Аллаһ тауфиқ иесі, пайғамбарымыз Мұхаммедке, оның жанұясына және сахабаларына Аллаһтың сәлемі мен салауаты болсын!». Сөз соңы.

Шейх Мухаммад ибн Усаймин **«Әйелдердің табиғи қандары»** атты кітапшасында былай дейді: *«Егер сәбиді түсіруден болған мақсат — оны құрту болса және осы нәрсе оған жан үрленгеннен кейін болса, оның харам екендігінде еш күмән жоқ. Өйткені бұл жазықсыз жанды өлтіруге жатады, ал оны өлтіру Құран, сүннет және ғұламалар келісімі бойынша харам етілген.*

Имам ибн Жаузий «Әйелдер үкімі» атты кітаптың 108-109 беттерінде былай деді: «Некенің мақсаты перзент талап ету болса, алайда әр судан бала бола бермейді, егер ол пайда болса, мақсатқа жетіледі. Кейін оны әдейілеп түсіру некенің даналығына қайшы келеді. Егер оны түсіру жүктіктің алғашқы, оған жан үрленбеген кезеңде болса, ол үлкен күнә болады. Өйткені жатырдағы нәресте кәміл, әрі толық болайын деп тұр. Егер жан үрленгеннен кейін оны әдейілеп түсірсе, бұның күнәсі алғашқыдан да үлкенірек болады. Сондықтан егер жан үрленгеннен кейін оны әдейілеп түсірсе, ол бір мүмін адамды өлтіргендей болады. Аллаһ Тағала Құранда:

«Тірідей көмілген (әрбір) қыздың қандай күнасы үшін өлтірілгендігі сұралғанда»[55] - *деді».* Сөз соңы.

Сондықтан, әй мұсылманның қыздары, Аллаһтан қорқыңдар! Бұл қылмысты қылыққа қандай да бір мақсат үшін болса да қадам баспаңдар! Содай-ақ ақыл-ойға не дінге сүйенбейтін өтірік еліктеулер мен адастырушылардың шақыруларына алданбаңдар!

[55] Текуир. 8-9

4-бөлім

Киімдер мен хижжабқа байланысты үкімдер

Бірінші: Мұсылман әйелдің киімінің шариғатқа сай сипаты.

1) Мұсылман әйелдің киімі денесін толық жабатын кең және ұзын болуы қажет. Әсіресе бөтен ерлердің алдында, ал туыс махрамдарының алдында әдет бойынша тек жүзін, алақанын және аяғын тобықтан төмен қарай ашса оқасы жоқ.

2) Әйелдің киімі оның денесін жауып тұруы керек, яғни денесінің түсін көрсететін жұқа болмауы шарт.

3) Дене тұлғасын білдіретін тар, жабысып тұрмау керек.

Имам Муслимнің «Сахих» атты кітабында келген хадисте пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): ***«Мен екі түрлі тозақтың адамдарын көрмеймін,*** *(яғни олар пайғамбарымыздың саллаллаһу алейһи уә сәлләм өмір сүрген уақытында болған жоқ)* ***олардың біреулері: қолдарына сиырдың құйрығына ұқсаған қамшы ұстаған қауым, онымен олар адамдарды ұрады. Екіншісі:киінген жалаңаш әйелдер, олар еркектердің назарларын өздеріне тартады және оларға өздерінің зейнеттерін көрсету арқылы олардың жүректерін пасықтыққа бұрмалайды,*** *(яғни еркектерді өздерімен пасықтық істеуге шақырады)* ***олардың бастары түйенің теңселген өркеші сияқты.*** *(Яғни бастарын орамалмен немесе басқа нәрсемен орап, оны түйенің өркеші сияқты қылып қояды)* ***Олар жаннатқа кірмейіді және оның иісін де сезбейді, расында жаннаттың иісі пәленше пәленше қашықтықтан білінеді»*** - деді.

Шейхуль Ислам Ибн Таймия (оған Аллаһтың рақымдылығы болсын) фатуалар жинағында (22/146) пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): ***«Киінген жалаңаш әйелдер»*** деген сөзін былай деп тәпсірледі: *«Денелерін жаппайтын киім киюлері, ол киінген әйел, бірақ ақиқатында ол жалаңаш. Оған мысал: дене мүшесін көрсетіп тұратын жұқа киім кию немесе саны және білектері сияқты тұлғасын көрсетіп тұратын тар киім кию.*

Әйелдің киімі денесін жауып тұрады, ол қалың және кең болғандықтан оның тұлғасын және дене мүшелерін көрсетпейді». Сөз соңы.

4)Еркектердің киіміне ұқсамау.

Себебі Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әйелдердің еркекке ұқсаушыларын және еркектердің әйелге ұқсаушыларын лағынеттеді. Әйелдің киінуде еркекке ұқсауы — әйелдің әр елдің ғұрпына сәйкес еркекке арналған киімнің түрін киюі.

Шейхуль Ислам Ибн Таймия (оған Аллаһтың рақымдылығы болсын) фатуалар жинағында (22/148, 149,155) былай деді: *«Ерлермен әйелдер киімінің айырмасы, әр біріне шариғат бұйырған көрініске (сипатқа) сәйкес келумен болады. Әйел денесін ашпастан және көрсетпестен толық жауып жүруге және жасырынуға бұйырылған. Сондықтан оларға дауыс көтеріп азан немесе тәлбия айту, сафа – маруаға көтерілу, ихрам*[56] *кезінде еркектер сияқты жалаңаштану шариғатталмаған. Ал еркектер ихрам кезінде басын ашып, әдеттегі киімдерді кимеуге бұйырылған. Денеге өлшеп тігілген көйлек, шалбар немесе мәсі сияқты киімдерді киуі мүмкін емес...».* Кейін айтты: *«Ал әйелге барлық киімді кию рұқсат, өйткені әйел жабылып жүруге бұйырылған. Сондықтан оған киімін шешу шариғатталмаған. Бірақ ниқаб және қолғап киюге болмайды. Себебі олар денеге мөлшерленіп жасалған әрі оның оған қажеті де жоқ...»*-деді. Және әйел еркектерден жүзін ниқаптан басқа нәрсемен жабатынын айтты. Кейін сөзінің ақырында: *«Егер ер мен әйелдің киімдерінің арасында еркекті әйелден ажырататын айырмашылық міндетті түрде болу керектігі анықталса және әйелдердің киімдерінде жабылу мен жасырыну мақсатына жеткізетін нәрсе болса, онда осы баптың негізі білінеді. Және егер бір киімді көбінесе еркектер киетін болса, әйелдердің одан қайтарылатыны белгілі болады»*-деді. Кейін: *«Егер киімде жабылу аз болса және еркектерге ұқсау болса, онда одан екі жақтан қайтарылады. Аллаһ білушірек!»*-деп сөзін аяқтады.

56 Қажылық кезінде.

5) Киіміндегі зейнеттерін көрсетіп жүретін әйелдерге ұқсамауы үшін көшеге шыққанда назарға түсетін әшекейлері болмау керек.

Екінші: Хижжабтың мағынасы, дәлелі және пайдалары:

Хижжабтың мағнасы:Әйелдің бөтен еркектен денесін жабуы. Алла Тағала Құранда былай дейді: «(Әй, Мұхаммед!) **Мүмін әйелдерге: «Үстеріндегі киімдерінен басқа жерлерін бөгделерге көрсетпесін және көкіректерін орамалдарымен жапсын!-де. Зейнеттерін көрсетпесін, тек ерлеріне не ұлдарына не ерлерінің ұлдарына не өздерінің аға-інілеріне, не олардың ұлдарына немесе әпке-сіңілдерінің балаларына немесе өздері сияқты әйелдерге, немесе қол астындағы күңдеріне немесе әйелдерден қажетсіз болған қызметкер құлдарына, немесе әйелдердің абыройларынан хабарсыз жас балаларға ғана көрсетулері мүмкін»-де»**.;[57]

«Егер (пайғамбардың әйелдерінен) **бір нәрсе сұрасаңдар, хижабтың артынан тұрып сұраңдар!»**.[58]

Аяттағы «хижаб» сөзінен мақсат — әйелді жабатын қабырға немесе есік немесе киімді білдіреді. Аяттың сөздері пайғамбар әйелдеріне бағытталғанымен, үкімі жалпы мұсылман әйелдерді қамтиды. Өйткені Аллаһ Тағала хижаптың мақсатын: **«Бұл сендердің де олардың да жүректері үшін тазарақ»**[59]-деп білдірді. Міне осы жалпы себеп болып табылады. Демек себеп жалпы болса, үкім де жалпы болады.

Тағы да Аллаһ Тағала**: «Ей, пайғамбар! Жұбайларыңа, қыздарыңа және мүмін әйелдерге: «Үстеріне жилбабтарын орансын»-де»**[60]-деді.

Шейхуль Ислам Ибн Таймия (оған Аллаһтың рақымдылығы болсын) фатуалар жинағында (22/110,111): *«Жилбаб: ол жамылғы. Ибн Масғуд (оған Аллаһ разы болсын) және басқалары оны: «Рида» деп атаған. Жалпы халық оны «Изар» деп атайды. Ол басты және дененің барлығын жауып тұратын үлкен жамылғы. Абу Убайда*[61]

57 Нұр. 31
58 Ахзаб.53
59 Ахзаб.53
60 Ахзаб.59
61

және басқалары оны: «Әйел оны басынан төмен түсіріп киеді, сонда оның көздерінен басқа ешбір жері көрінбей қалады»-деп сипаттаған. Нықаб та осының бір түріне жатады»- деді. Сөз соңы.

Әйелдің бөтен еркектен жүзін жабуы уәжіп екеніне сүннеттен дәлел — Айша анамыздың хадисі: Айша (оған Аллаһ разы болсын!) айтады: *«Біз Аллаһтың елшісінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қасында ихрамда болған кезімізде түйеге мінгендер қасымыздан өтетін еді. Олар біздің қасымызға келгенде әйелдер жилбабын басынан бетіне түсіретін еді, қашан еркектер қасымыздан өтіп кетсе, бетімізді қайта ашатын едік»*-дейді.[62]

Әйелдің жүзін жабуы уәжіп болатынына Құран және сүннетте дәлелдер өте көп. Мен саған, әй мұсылман қарындасым, осы тақырыпта жазылған Шейхуль Ислам Ибн Тәймияның **«Әйелдің хижабы және намаздағы киімі»** атты кітапшасын оқуыңды насихат етемін. Сондай-ақ Шейх Ибн Баздың **«Әйелдің ашылу және хижаб үкімі»** атты кітапшасын және Шейх Хамуд Ибн Абдулла Туейжридің **«Жалаңаштанумен фитналанғандарға қарсы жылтыраған өткір қылыш»** атты кітапшасын оқуыңды және Шейх Мухаммад Ибн Солих Усайминнің **«Хижаб»** кітапшасын оқуыңды насихат етемін. Аталған кітапшалар бұл тақырыпқа байланысты жеткілікті мәліметтерді қамтыған.

Ей мұсылман қарындас! Расында жүзді ашуды мубах деген ғұламалардың сөздері әлсіз бола тұра олар бетті ашуды фитнадан аман болумен шектеген. Әсіресе ерлер мен әйелдерде діні азайып, ұят кеміп фитнаға үгіттеушілер көбейіп, әйелдер беттеріне фитнаға шақыруға себеп болатын әр-түрлі зейнеттің түрлерін көбейткен кезде фитнадан құтылу мүмкін емес. Сондықтан мұсылман қарындас, бұның барлығынан сақ бол да Аллаһтың рұқсатымен фитнадан сақтайтын хижабты мықтап ұстан!

Мұсылмандардың белгілі ғалымдарының ешбірі бұрын да бүгін де сол фитналанған әйелдердің оған тап болғандарын мубах деген емес.

Кейбір әйелдер хижжаб кигенде екіжүзділік амал істейді. Егер хижаб киетін қоғамда болса оны киеді, ал хижаб кимейтін қоғамға

---

62 Ахмад, Абу дауд, Ибн Мәжжә р-ты.

бара қалса, солар секілді ашылып жүреді. Енді бірі көпшілік орындарда киініп, сауда – саттық орнына немесе аурухана, киім тігетін орындарға кірсе жүздерін, білектерін күйеуінің немесе туысының алдында тұрғандай аша береді. Осылай істеушілер Аллаһтан қорықсын!

Ей мұсылман әйелі! Хижаб сені пасық адамның ауру жүрегінен және ит адамдардан пайда болған улы назарынан сақтайды. Сондай – ақ хижаб сені дәмеленушілердің жолын кеседі. Сондықтан хижабты берік ұстан! Хижабқа қарсы күресетін, оның дәрежесін аяқасты қылатын құтырған теріс ұғымды пайымдайтын пікірлерге көңіл бөлме! Олар Алла Тағала: **«Нәпсі-шаһуаттарына берілгендер сендердің тура жолдан мүлдем ауытқуларыңды қалайды»**[63]-дегеніндей саған тек жамандық қалайды!

[63] Ниса.27

5-бөлім

Мұсылман әйелдің намазына байланысты үкімдер

Әй мұсылман әйелі, намазыңды өз уақытында оқуға және оның шарттарын, рүкіндері мен уәжіптерін толық орындауға тырыс. Аллаһ тағала мүміндердің аналарына: «**Намазды толық орындаңдар, зекетті тиістілерге беріңдер және де барлық істерде Аллаһ және оның елшісіне бойұсыныңдар!»** [64] -дейді.Бұл мұсылман әйелдердің барлығына қатысты жалпы үкім.

Намаз Ислам рүкіндерінің екіншісі және намаз исламның негізгі тірегі болып табылады. Намазды тастаған адам кәпір болады, өйткені намазы болмаған ердің де әйелдің де діні жоқ. Намазды уақытынан шарғи үзірсіз кешіктіру — оны жоғалтумен тең. Аллаһ Құранда: **«Сонан соң бұл пайғамбарлардан кейін орындарына намазды жоғалтып, нәпсілеріне ергендер келді. Олар жақында «ғойға» тасталады. Тек қана тәубе етіп, иман келтіріп және игі амал қылғандар ғана азапқа жолықпайды. Олар жәннатқа кіреді және оларға ешбір зұлымдық етілмейді»**[65]-дейді.

Ибн Касир тәпсір ғұламаларынан аяттағы «намазды жоғалту» сөзінің мағынасын — оның уақыты шыққаннан кейін оқу себепті намаздың уақытын жоғалту деп айтқан. «Ғой» сөзін: «қайғы» және «тозақтағы бір шұңқыр» деген.

Намазда әйелдің өзіне арналған, еркектерден бөлек жеке үкімдері бар:

1) Әйел азан және иқомат айтпайды, өйткені азан жоғары дауыспен айтылады. Әйелдің дауыс көтеруі мүмкін емес. Ибн Қудама «Муғни» кітабында (2/68): *«Бұнда келіспеушілікті білмейміз»*-деген.

2) Намазда әйелдің барлық жері әурат. Тек жүзі, қолы және аяғының әурат екенінде ихтилаф[66] бар. Бұл жағдай бөтен еркек жоқ жерде, ал егер бөтен еркек көретін болса, түгел денесін жабу уәжіп. Сондай-ақ намаздан басқа кезде де бөтен еркектерден жабылуы уәжіп болады. Сондықтан намазда басын, мойынын, басқа да дене мүшелерін, тіпті аяғын жабу керек.

---

[64] Ахзаб.33
[65] Мәриям.59-60
[66] Келіспеушілік.

Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): ***«Аллаһ балағатқа жеткен әйелдің намазын химарсыз қабылдамайды»***[67]-деген.

Умму Салама (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһтың елшісінен (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Әйел адам диръ*[68] *және химар*[69] *киіп изарсыз*[70] *намаз оқуына бола ма?»*-деп сұрайды. Сонда ол: ***«Иә, егер ұзын болып аяғының ұшына дейін жауып тұрса»***[71]- дейді.

Осы екі хадис намазда бас пен мойынды жабуға дәлел болады, Айша анамыздың хадисінде келгеніндей. Және Умму Саламаның хадисі бойынша намазда барлық жерін, тіпті аяғының ұшына дейін жабу шарт етіледі. Егер бөтен еркек көрмесе жүзді ашуға рұқсат. Өйткені білім иелері осыға келіскен.

Шейхул Ислам ибн Таймия айтады: *«Әйел жалғыз өзі намаз оқыса ол химар киюге бұйырылған. Ал намаздан тыс уақытта өз үйінде болғанда басын ашуына болады. Намазды зейнеттеніп оқу Алланың ақысы. Осыған орай Қағбаны түнде жалғыз өзі болса да киімсіз тауаф ету мүмкін емес. Сондай – ақ намазды жалғыз болса да киімсіз оқымайды. Намазда әурет есептелген мүшелердің назардағы әуретке байланысы жоқ. Сол сияқты назардағы әуреттің намаздағы әурет болатын орынға еш қатысы жоқ».* Сөз соңы. (Фатауалар жинағы:22/113-114)

Муғни кітабында (2/328): *«Күң емес әйелдің*[72] *басқа денелері болса, оны намазда жабу уәжіп болады. Егер оның денесінің бір бөлігі ашылып қалса, намазы дұрыс емес. Тек аз көлемде болса ештеңе етпейді. Бұны имам Мәлік, Аузағи және Шафиғи айтқан»*-деді.

3) Муғни кітабында: *«Әйел рукуғ және сәжде қылғанда шынтақтарын денесінен ажыратпайды, бәлкім жинақы болады. Отырғанда тауаррук*[73] *және ифтирош*[74] *қылудың орнына малдас құрып немесе аяқтарын оң жағына қарай созып отырады.*

---

[67] Муслим, Абу Дауд, Ән-Насай, Тирмизи және Ибн Мәжжа р-ты.
[68] Әйелдер киетін көйлек
[69] Химар: бас пен мойынды жабатын орамал.
[70] Изар:белден төмен оралатын мата.
[71] Абу Дауд риуаят еткен және бұл хадисті ғұламалар: дұрысы бұл Умму Сәләманың сөзі деген.
[72] Күң емес әйел: яғни құлдықтағы емес басы бос әйел.
[73] Тауаррук: Тәшәһһудте отырғанда оң аяқты қадап, жайылған сол аяқтың үстіне отырмастан оны сәл алдыға жіберіп жамбасты жерге тигізіп отыру.
[74] Ифтирош:Тәшәһһудте оң аяқты тігінен қылып, сол аяқты жәйіп соның үстіне отыру.

Имам Науауй «Мажмуғ» атты кітапта: «Имам Шафиғи (оны Аллаһ рақым етсін) «Мухтасарда» былай дегенін айтқан: «Намаз амалдарында еркек пен әйелдің арасында айырмашылық жоқ. Тек әйелге намазда жинақы болуы және сәждеде шама келгенше сандарын іштеріне жабыстырып жинақталуы мустахаб. Бұны рукуғте әрі жалпы намаздарда істеуі өзіне жақсырақ болады»-деген. Сөз соңы.

4) Әйелдердің бірі имам болып жамағатпен намаз оқулары.

Бұл мәселеде ғұламалардың арасында болады және болмайды деген келіспеушіліктер бар. Олардың көпшілігі оны болады дейді. Себебі Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Умму Уароқаға үйінде имам болуға бұйырған. Кейбір ғұламалар бұны мұстахаб емес десе, енді бірі мәкруһ, ал кейбірі нәфіл намазда ғана, парыз намазда емес дейді. Мен өзім бұл мәселеде олардың бірі имам болулары мустахаб деген сөз басымырақ-ау деймін. Қосымша мәлімет алу үшін «Муғни:2/202» және имам Науауйдің «Мажмуғ:4/84-85» кітаптарын қарап көріңіз.

Әйел адам егер бөтен еркек естімесе, намазды дауыстап оқиды.

5) Әйелдерге еркектермен бірге намаз оқулары үшін үйлерінен шығуларына болады. Ал олардың үйде оқыған намаздары өздері үшін жақсырақ болады.

Имам Муслим өзінің «Сахих» атты кітабында пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ***«Аллаһтың құлы әйелдерді Аллаһтың мешіттеріне барудан тыймаңдар»***-деген хадисін риуаят еткен. Тағы бір хадисте: ***«Әйелдерді мешітке шығудан қайтармаңдар. Ал үйлері олар үшін жақсырақ»***-деген.

Әйелдердің үйде қалулары және олардың үйдегі намаздары олардың көзге түспеулері үшін оларға жақсырақ болады.

Егер мешітке намазға шығатын болса, төмендегі әдептерге мән беруі керек:

1-Көйлекпен және хижабпен денесін толық жабуы.

Айша (оған Аллаһ разы болсын): *«Әйелдер Аллаһтың елшісімен бірге намаз оқитын еді. Кейін бастары мен денелерін жабатын көйлектерімен оранған күйде үйлеріне қайтатын. Оларды ешкім қараңғылықтан білмей қалатын еді»*[75]-деді.

[75] Бухари, Муслим р-ты.

2-Иіс су қолданбай шығуы.

Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) айтады: ***«Аллаһтың әйел құлдарын Аллаһтың мешіттерінен қайтармаңдар. Олар мешітке шықса иіс су себінбей шықсын»***[76]-деді.

Абу Хурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) жеткен хадисте пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) айтады: ***«Қандай бір әйел әтір себінген болса, бізбен бірге ақырғы иша***[77] ***намазын оқымасын»***[78]-деді.

Имам Муслим Ибн Масғудтың әйелі Зәйнабтың хадисінен:*«Егер сендердің біреулерің (әйелдер) мешітке барсаңдар, онда иіс су жағынбаңдар!»*-дегенін риуаят еткен.

Имам Шаукани «Найлул Аутар» атты кітабында: *«Бұл хадисте әйелдердің мешіттерге шығулары тек фитна не фитнаны қозғайтын әтір сияқты нәрселердің болмаған жағдайда ғана рұқсат етілетіндігіне дәлел бар»*-деді. Кейін: *«Хадистерде еркектердің әйелдеріне мешітке шығуларына рұқсат етулері – егер олар фитнаға шақыратын иіс су сияқты, білезік, моншақ, не кез-келген басқа зейнет түрлерін тағынбаса*[79] *ғана болатыны айтылды»*-деді. Сзө соңы. (3/140141)

3-Зейнеттелген киім және асыл тастар тағынбау.

Мүміндердің анасы Айша (оған Аллаһ разы болсын) айтты: *«Егер Алланың елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әйелдерден біз көргенді көргенде Исрайл ұрпақтары әйелдерін қайтарғандай оларды мешіттен қайтаратын еді»*[80]-деді.

Имам Шаукани «Найлуль Аутар» кітабында Айша анамыздың (оған Аллаһ разы болсын): ***«Біз көргенді көргенде»*** - деген сөзін: *«Әдемі киім киюлері, иіс су себінулері, зейнеттелу және ашық-шашық болулары, ал пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) заманындағы әйелдер бастан киіліп баспен денені толық жабатын қалың бұлдардан тігілген киімдерге оралып шығатын еді»*- деді.

---

76 Ахмад, Абу Дауд р-ты.
77 Ақырғы иша намазы: құптан намазы.
78 Ахмад, Муслим, Абу Дауд және ән-Насай р-ты.
79 Оларды киюге болады, бірақ көрсетпеуі керек.
80 Бухари, Муслим р-ты.

Имам Ибн Әл-Жаузий (оған Аллаһтың рақымы болсын) «Әйелдердің үкімі» кітабының 39-бетінде: *«Әйел кісіге мүмкіндігі болғанша сыртқа шығудан сақтанғаны дұрыс. Өйткені өзі фитнадан аман қалса да, өзгерлер одан аман қалмайды. Егер шығуға мәжбүр болса, күйеуінің рұқсатымен қарапайым көріністе шығады және өзінің жолын көше, базарлардан ұзақ тұтып, адам аз жерлермен жүреді. Жолдың қақ ортасымен емес, бәлкім жолдың шетімен жүріп, өзгеге даусын естіртуден сақтанады»*-деді.

4-Егер әйел кісі жалғыз болса, ер кісілердің артына жеке сапқа тұрады. Анас (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһтың елшісімен (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бірге намаз оқыған хадисінде: *«Мен және жетім бала Пайғамбардың(саллаллаһу алейһи уә сәлләм) артында тұрдық, біздің артымызда кемпір тұрды»*[81]-деді.

Анастан (оған Аллаһ разы болсын) келген басқа хадисте: *«Мен және жетім бала біздің үйде Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) артынан намаз оқыдық, анам Умму Сулайм біздің артымызда тұрды»*[82]-деді.

Егер әйел кісілер бірден көп болса олар ер кісілердің артынан бір немесе бірнеше сап түзеп тұрады. Өйткені Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ер кісілерді сосын жас балаларды, олардың артынан әйелдерді қоятын еді. Имам Ахмад Абу Һурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) жеткізген хадисінде: Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): ***«Еркектер саптарының ең жақсысы әуелгісі, ең жаманы ақырғысы. Әйелдер саптарынын ең жақсысы ақырғысы, ең жаманы әуелгісі»***[83]-деген. Осы екі хадисте әйелдер ер кісілердің артында тұратынына дәлел бар. Егер ер кісілердің артында намаз оқитын болса, намаздарды жеке дара оқымайды. Мейлі ол парыз намаз болсын немесе тарауих болсын.

5-Егер имам намазда жаңылып ұмытса, әйел кіс шапалақ қағып ескерту береді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): ***«Егер намазда бір нәрсені байқасаңдар, еркектер «субхана Алла» десін, ал әйелдер шапалақ ұрсын»***[84]-деді. Бұл

[81] Бухари р-ты. 380
[82] Бухари р-ты.
[83] Имам Муслим, Абу Дауд, Тирмизи және басқалары риуаят етті.
[84] Ахмад.

шапалақ имамның намазда жаңылған кезінде әйелдер үшін рұқсат етілді. Өйткені әйел кісінің дауысы еркектерге фитна. Сондықтан сөйлеместен шапалақ ұруға бұйырылды.

6-Егер имам намаздан кейін сәлем берсе әйел кісілер мешіттен шығуға асығады. Ал ерлер олармен араласпас үшін отыра тұрады. Умму Салама риуаят еткен хадисте: *«Әйелдер парыз намаздың сәлемінен кейін дереу тұрып кетер едік. Ал Аллаһтың елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) және намаз оқыған еркектер біраз уақыт отыратын. Егер Аллаһтың елшісі тұрса, басқа кісілер де тұратын еді»*[85]-дейді.

Имам Әз-Зуһри: *«Бұны — әйелдер мешіттен шығып үлгерулері үшін істеген деп білеміз. Аллаһ білушірек!»*[86]-деген.

Имам Шаукани «Найлуль-Аутар» кітабында: *«Хадисте имамның жамағаттың ахуалдарына мән беріп, қайтарылған істерге апару мүмкіндігі болған нәрселерге ықтият болуы әрі күдік тудыратын жерлерден ұзақ болудың мустахаб екеніне дәлел бар. Сондай-ақ хадис еркектердің әйелдермен үйді қойып жолдарда араласулары мәкруһ екеніне дәлел болады»*-деді. Сөз соңы. (2/326)

Имам Науауи «Мажмуғ» кітабында (3/455): *«Әйелдер жамағат намазында ер кісілерден бірнеше істерде ерекшеленеді:*

Жамағат намазы әйелдерге еркектерге қатаң бекітілгендей бекітілмейді.

Имамдары орталарында тұрады, алға өтпейді.
Олардың бірі ер кісінің жанында емес, артында тұрады.

Егер еркектермен сапта тұрып намаз оқитын болса олар үшін ақырғы саптары әуелгісінен абзал»-деді. Сөз соңы.

Жоғарыда айтылғаннан әйел мен ердің араласуы харам екені білінеді.

7- Әйелдердің айт намазына шығуы.

Умму Атия (оған Аллаһ разы болсын!) айтты: *«Аллаһтың елшісі(саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бізге ораза мен құрбан айтта жас қыздарды, хайз әйелді және бойжеткен қызды шығаруды бұйырды. Хайз әйел намаз оқымай, жақсылыққа және*

[85] Бухари, Ән-Насай р-ты.
[86] Бухари.

мұсылмандардың дұғасына куә болады»-деді. Тағы бір риуаятта *«Намаз оқитын жерден алшақтайды»*[87] деген.

Имам Шаукани: *«Бұл хадис және одан басқа да осы мағынадағы хадистер әйелдердің екі айттта намаз оқитын жерге шығулары шариғатталғандығын көрсетеді. Ол әйелдер қашан идда кезінде болмаса, не оның сыртқа шығуында фитна не басқа да үзірі болмаса, ер көрген не көрмеген, жас не кәрі не етеккір әйелдердің арасында айттарға шығуында айырма жоқ»*. Сөз соңы. (Найлуль-Аутар 3/306)

Шейхуль Ислам ибн Таймия «Фатуалар жинағында» (6/458-459): *«Расында пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мүмін әйелдерге олардың үйдегі оқыған намаздары олар үшін жұма мен жамағат намаздарына қатысуларынан көре жақсырақ екенін айтты. Оларға тек айт намазына шығуларына бұйырды.*

Аллаһ білушірек, пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әйелдерді айтта шығуға бұйырғанында бірнеше себептер болуы мүмкін:

Біріншіден: Айт намаз жылына екі-ақ рет, ал жұма мен жамағат намазы ол сияқты емес.

Екіншіден: Айт намаздың орнына үйде оқитын намаз жоқ, ол жұма және жамағат намазынан басқаша, өйткені оның үйіндегі жұма күнгі бесін намазы жұма болып есептеледі.

Үшіншіден: Айт намазы — Аллаһты зікір ету үшін қаланың сыртындағы алаңға шығу. Сондықтан ол кейбір жағынан қажылыққа ұқсайды. Сол үшін қажылық маусымында үлкен айт қажыларға тура келеді»-деді. Сөз соңы.

Шафиғалар айтқа шығатын әйелді әдемі болмауы керек деп шектеген.

Имам Науауй «Мажмуғ» кітабында (5/13): *«Шафиғи және оның серіктері: «Көрікті болмаған әйелдерге айт намазына келулері мустахаб болады. Ал әдемі әйел болса, оларға айтқа келулері мәкруһ»*-деген. Кейін айтты: *«Әйелдер егер шығатын болса, қарапайым киім киіп шығулары мустахаб және өздерін көзге түсіретін киім кимейді. Оларға жәй сумен тазаланулары мустахаб етіледі, ал әтір қолданулары мәкруһ болады. Бұл айтылғандардың*

[87] Бухари, Мауслим.

барлығы қартайған, оларға ешкім қызықпайтын және солардың қатарына жататын әйелдерге қатысты. Ал енді жас және әдемі әрі оған қызығушылық туатын қыздарға айтқа келулері мәкруһ болады. Өйткені бұнда олардың өздеріне және олар себепті басқалардың фитнаға тап болу қаупі бар.

Егер бұл жоғарыда айтылған Умму Атияның хадисіне теріс келеді делінсе, біз оған Айша анамыздың Бухарий мен Муслимде келген хадисті айтамыз: «Егер Алланың елшісі әйелдердің қазіргі істегендерін көргенде, оларды Исрайл ұрпақтары әйелдерін қайтарғандай қайтарар еді». Өйткені бұл ғасырлардағы фитналар және жамандық себептері, әуелгі ғасырға қарағанда көбірек. Аллаһ білушірек!»-деді. Сөз соңы.

Ал біздің ғасырымызда одан да қаттырақ.

Имам ибн Жаузий «Әйелдер үкімі» кітабында[88]: *«Әйелдің шығуы мубах екенін айттық. Бірақ егер олар себепті не олардың өздеріне фитна қаупі төнсе, сыртқа шығудан тартыну абзал болады. Өйткені әуелгі ғасырдың әйелдері қазіргі заман әйелдерінің көрген тәрбиесіндей емес еді. Еркектер де сол сияқты»*-деді. Сөз соңы. Яғни бұрынғылар үлкен сақтық иелері еді.

Осы айтылған сөздерден шығатын қортынды:

Ей мұсылманның қыздары! Сенің айт намазға шығуың шарғи түрде рұқсат. Бірақ шарттарды орындаумен, сипайлықпен, Аллаһқа жақындауды үміт етіп және мұсылмандардың дұғасына қатысу үшін. Сондай-ақ Ислам амалдарын көрсету үшін болуы шарт. Бұдан мақсат өзінің көркін ұсыну және фитнаға топ болу емес. Осыны ескер!

[88] 38-бет.

6-бөлім

Жаназа бабындағы әйелге қатысты үкімдер

Аллаһ Тағала барлық адам баласына өлім жазды. Мәңгілік қалатын тек қана Аллаһ Тағала. Бұл жайында Аллаһ Тағала Құранда былай дейді: **«Ұлы дәрежеге ие әрі жомарт Раббыңның өзі қалады»**.[89]

Адам баласының жаназалары, оны тірілерге орындауы уәжіп болатын үкімдермен ерекшеленген. Бұл бөлімде жаназада әйелдерге байланысты нәрселерді атап өтеміз.[90]

1) Өлген әйелді әйелдер жуулары керек.

Оны өзінің күйеунен басқа еркектерге жууларына болмайды. Бірақ еркекке өзінің әйелін жууына болады. Өлген еркекті еркектер жуындырады. Оны өзінің әйелінен басқа әйелдердің жуындыруына болмайды. Әйелге өзінің күйеуін жуындыруына болады. Себебі Али (оған Аллаһ разы болсын) өзінің әйелі, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қызы Фатиманы жуған және Умайс қызы Айша (оларға Аллаһ разы болсын) өзінің күйеуі Абу Бакр Сыддықты (оған Аллаһ разы болсын) жуған.

2) Әйел адамның бес ақ матаға кебінделуі абзал.

Олар: киетін изары,[91] әйелдің басына жамылатын жамылғы, көйлегі және осылардың үстінен орайтын екі ақ мата. Өйткені Ләйлә Сақофия (оған Аллаһ разы болсын) риуаят еткен хадисте: ***«Пайғамбарымыздың** (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) **қызы Умму Күльсумнің қайтыс болған кезінде оны жуушылардан болдым. Аллаһтың елшісі** (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) **бізге берген***

[89] Рахман. 27
[90] Әйел адамға жаназа намазын оқығанда имам мәйттің ортасында тұрады. Самурота ибн Жундуб (оған Аллаһ разы болсын) айтады: «Аллаһтың елшісінің (саллалаһу алейһи уә сәлләм) артында тұрып нифаста қайтыс болған әйелге жаназа намазын оқыдым, сонда ол оның ортасында тұрды». Бухарий мен Муслим риуаяты. Егер бірнеше мәйт жиналып қалса, онда имамға әрқайсысына жеке–жеке жаназа оқуына болады, немесе барлығын жиып бір жаназа оқуына болады. Егер мәйттер бірі екек, бірі әйел және бірі жас бала не сәби (ұл) болса, онда имамның алдына бірінші еркек, кейін сәби кейін әйел денесі қойылады. Демек еркек денесі имамға жақын, ал әйел денесі қыблаға жақын болады да, сәби араларында болады. Сонда имам еркек пен сәбидің бас жағында, ал әйелдің бел ортасында тұрып жаназа оқиды.
[91] Изар: белден төмен қарай оралатын мата, оны қажылықта еркектер ихрамға кіргенде киеді, сол сияқты ертеде араптардың киімі изар мен рида болған. Изармен белден төмен қарай оралады, ридамен иықтан төмен қарай оралады.

нәрсенің алғашқысы хиқо (изар) кейін камзол, кейін жаулық, кейінгісі мильхафа (жамылғы) еді. Сосын бұдан кейін оған басқа көйлек оралды» - деді.

Имам Шауканий «Найлуль Аутар» атты кітабында(4/42): *«Хадис әйел адамның кебінінде шариғат бойынша: изар, камзол, жаулық, милхафа (жамылғы) және дурж*[92] *болуы керектігін көрсетеді»* - деді. Сөз соңы.

3) Өлген әйелдің шашына байланысты істер.

Қайтыс болған әйелдің шашы үш өрім қылынады да артына тасталынады. Өйткені Умму Атия (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қызын жуу сипаты жайындағы хадисінде: ***«Оның шашын үш өрім қылып өрдік те, артына тастадық»*** - деді.

4) Әйелдердің жаназаға еру үкімі.

Умму Атия (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: ***«Жаназаға еруден қайтарылдық, және бізге бұл бүтіндей тыйым етілмеді»***[93]

Бұл хадистегі әйелдерді жаназаға еруден қайтарудың сыртқы көрінісі оның харам екендігін білдіреді және Умму Атияның (оған Аллаһ разы болсын): «***Бізге бұл бүтіндей тыйым етілмеді»***- деген сөзі жайында Шайхуль Ислам фатуалар жинағында (24/355) былай деді: *«Умму Атияның сөзінен болған мақсаты — тыйым қуатталмады деген болуы мүмкін. Бірақ бұл оның харамдығын жоймайды. Умму Атия бұл қайтаруды харам болған қайтару емес деп ойлаған болуы да мүмкін. Дегенмен дәлел Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм)сөзінде, басқа біреудің ойында емес».*

5) Әйелдерге қабірлерді зиярат етудің харамдығы.

Абу Хурарйрадан***:«Пайғамбарымыз** (саллаллаһу алейһи уә сәлләм)* ***қабірлерді зиярат етуші әйелдерді лағанеттеді»***[94] - деген хадис риуаят етілді.

---

[92] Барлық матаның сыртынан орайтын бұл.

[93] Бухарий, Муслим р-ты.

[94] Ахмад, Ибн Мәжжа және Титмизий р-ты. Бұл хадисті Тирмизий сахих деді.

Шайхул Ислам Ибн Таймия: *«Расында әйел үшін бұл есік ашылатын болса, әйел затында әлсіздік пен шыдамсыздықтың басым болғандығы себепті, сондай-ақ онда сабырдың кемдеу болғандығы үшін қабірлерді зиярат ету — әйелді (қабірдің басында) қайғыруға, өлікті жоқтауға және жылап-сықтауға апаратыны белгілі. Сондай-ақ әйелдің қабірдің басында жылауы — өліктің зиян шегуіне әрі еркектердің оның даусын естіп және түрін көрумен фитналануына себеп болады. Өйткені басқа хадісте пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): ***«Расында сендер еркектерді фитналандырасыңдар әрі өлікке аза келтіресіңдер»*** - деген.*

Қабірге бару және өлік үшін дұға тілеу сауапты іске жатады. Бітақ ол жерге барып өлікті жоқтап жылау және фитнаға тап болу одан да үлкен күна болып табылады. Сондықтан бір сауапты іс істеймін деп одан да үлкен күнаға түспеу үшін қабірлерге барудан қайтарылады.

Бөгде әйелдің ішкі зейнетіне қарау фитна болғандығынан оның харам етілуі сияқты, сондай-ақ онымен жеке қалудың харамдығы және тағы бұдан басқа да бөгде әйелдерге көз тігу харам етілгеніндей, харамға апаратын жолды тосу мақсатында әйелдердің қабірлерді зиярат етулері харам етіледі.

Әйелдердің қабірлерді зиярат қылуында бұл зиянға қарсы келетіндей бір пайда жоқ. Өйткені әйелдің қабірді зиярат етуінде өлікке дұға қылуынан басқа еш нәрсе жоқ. Ал дұғаны әйел үйінде де сұрауына болады». Сөз соңы. Фатуалар жинағы (24/355/356)

6) Мәйітті жоқтаудың харамдығы.

Мәйітті жоқтаудың харам етілген түріне — ол үшін қайғырып дауысты көтеріп жылау, киімін жырту, бетін ұру, шашты жұлу, жүзін қаралау және оны тырнау жатады. Сондай-ақ қайғы тілеп дұға қылу және тағы сол сияқты бұдан өзге де Аллаһтың үкімі мен тағдырына шыдамсыздық пен сабырсыздықтың жоқтығына дәлел ететін істерді істеу — мәйітті жоқтаудың тыйым салынған түрі болып табылады. Бұл істер харам етілген және үлкен күнәға жатады. Өйткені Имам Бухарий мен Муслимнің «Сахих» атты кітаптарында риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Бетін ұрған, жағасын жыртқан және надандық дәуірінің істерін істеген адам бізден емес» - деді.

Осы кітаптарда келген басқа хадисте Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): ***«Қайғы кезінде даусын көтеретін, шашын жұлатын және киімін жыртатын әйелден аулақпын»*** - деген.

Сахих Муслимде ***«Пайғамбарымыз*** (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ***жоқтау айтушы әйелді және оны тыңдаушы әйелді лағынетттеді»*** - деген хадис риуаят етілген. Яғни: өлік жырын тындауды мақсат еткен және оны жақсы көретін әйел.[95]

Әй мұсылман әйелі, қайғыға жолыққан кезінде саған бұл харам істерден аулақ болу және қиыншылыққа сабыр сақтап Аллаһтан сауап үміт етуің уәжіп болады! Өйткені сонда ғана қайғы-қасірет сенің күналарыңды өшіреді және жақсы амалдарыңды көбейтеді.

Аллаһ Тағала айтады: **«Әрине, сендерді қауіп-қатер, ашаршылық және малдардан, жандардан сондай–ақ өнімдерден кеміту арқылы сынаймыз.** (Мұхаммед, сондай жағдайларда) **сабыр етушілерді қуандыр! Қашан оларға бір қайғы жетсе олар: «Шын мәнінде біз Аллаһқа тәнбіз, әрі оған қайтушымыз» - дейді. Міне соларға, Раббылары жақтан жарылқау және марқамет бар. Әрі олар тура жолдағылар»**[96].

Әрине, өлім кезінде жыласа болады. Бірақ жоқтау айтып қайғыруға, харам істер істеуге және Аллаһтың үкімі мен тағдырына ашулануға болмайды. Өйткені жылау — мәйітке деген мейірімділік және жүректің жұмсаруы және жылауды адам қайтара алмайды. Сондықтан өлім кезінде жылау мубах, кейде мустахаб та болуы мүмкін.

---

[95] Сонлай-ақ біреу дүниеден өтсе, әсіресе әйелдерге қара киім киюлері немесе бала-шағасының тойларын тоқтату және еркектердің шаштарын алмай қоюлары және тағы басқа осыған ұқсас істер шариғатта жоқ. Сондықтан бұндай істерден ұзақ болу керек.

[96] Бақара. 155-157

7-бөлім

Ораза бабындағы әйелге қатысты үкімдер

Рамазан айында ораза тұту әр мұсылман ер мен әйелге парыз. Сондай-ақ ол исламның бір рүкіні және оның ұлы негізі. Аллаһ Құранда: **«Әй мұміндер, сендерге ораза бұрынғыларға парыз етілгендей парыз қылынды. Әрине сақсынарсыңдар»**[97] - деді.

Егер қыз бала балағат жасына жетсе, оған ораза тұту уәжіп болады. Оның балағатқа толғанын балағат белгілерінің бірінің пайда болуымен білуге болады. Ол белгілердің бірі – қыздың етеккір көруі. Ол етеккірді тоғыз жасында көруі мүмкін.

Көп қыздар етеккір келуімен оған ораза парыз болғанын білмейді де, өзін кішкентаймын деп ойлап ораза тұтпайды. Және ата-анасы да оған ораза тұтуды бұйырмайды. Бұл ислам рүкіндерінің бірін тастағандығы үшін өте үлкен кемшілікке жатады.

Кімде-кім осы жағдайға тап болса, оған етеккір басталғаннан бастап тұтпаған оразаның қазасын өтеуі керек. Егер оны тастағанына көп уақыт өтсе де, оны өтеу керек болады, өйткені ол оның мойнындағы қарызы болып қалады[98].

Рамазанда ораза тұту кімге парыз?

Егер Рамазан айы келсе, әрбір балағатқа толған, денсаулығы дұрыс, тұрғылықты[99] мұсылман ер мен әйелге ораза тұту парыз болады. Ал кім осы айда ауыру не сапарда болса, аузын ашады және сол аузын ашқан күндердің қазасың басқа күні өтейді. Аллаһ Құранда: **«Сендерден кім Рамазан айында болса, ораза тұтсын. Ал біреу науқас немесе сапарда болса, басқа күндерде орнын толтырсын»** - деді[100]. Сол сияқты кімде-кім Рамазан айы келгенде ораза тұтуға шамасы келмейтін кәрі шал, немесе алдағы уақыттарда оның жазылуы үміт етілмейтін науқас әйел немесе ер болса, ол ораза тұтпайды. Бірақ әр күнге бір міскінді тамақтандырады. Тамақ мөлшері өз елінің қоректенетін азығанан жарты соғ (1,125г) болуы

[97] Бақара. 183
[98] Оған оразаның қазасын өтеуімен қатар әр күн үшін бір міскінді тамақтандыруы керек. Тамақтың мөлшері жарты соғ, бір соғтың мөлшері килограммен өлшегенде 2,25г-ға тең келеді. Осыған орай бір міскінге берілетін тағам мөлшері 1,125г болады. Берілетін тамақтың түрі елдегі көп қоректенетін тамақ, яғни күріш, бидай т.б. сияқты.
[99] Яғни, рамазанда сапар шекпеген, үйдегі адамдар.
[100] Бақара. 185

керек. Аллаһ Құранда: **«Ораза ұстауға қиналатындар бір міскін азығы мөлшеріндегі тағамды төлеп берулері қажет»** - деді.[101]

Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын): *«Бұл аят – денсаулығының түзелуі үміт етілмейтін кәрі адам жайында түсірілді»* - деді[102].

Ауыруының жазылуы үміт етілмейтін науқас адам — кәрі адам үкіміне жатады. Ол екеуіне мүмкіндіктері болмағандықтарынан, оларға оразаның қазасын өтеу қажет емес.

Әйел адам Рамазанда аузын ашуына рұқсат етілетін үзірлермен ерекшеленеді. Ол сол үзірлер себепті аузын ашқан күндердің қазасын басқа күндерде өтейді.

Үзірлер:

1) **Етеккір және нифас:**

Етеккір немесе нифас жағдайдағы әйелге ораза тұту тыйым салынады, бірақ оған басқа күндері оның қазасын өтеуі керек. Айша анамыздан (оған Аллаһ разы болсын) бір әйел: *«Не үшін етеккір болған әйел оразаның қазасын өтейді де намаздың қазасың өтемейді?»* - деп сұрады. Сонда ол***: «Оразаның қазасын өтеуге бұйырылатын едік те, намаздың қазасың өтеуге бұйырылмайтын едік»*** - дейді.

Осы жерде Айша анамыз (оған Аллаһ разы болсын) ол әйелге бұл ақыл жүгіртпестен, аят пен хадиске ергесетін істерге жататындығын баяндады.

Бұның хикметі: Шейхуль Ислам ибн Таймия фатуалар жинағында (25/251) былай деді: *«Етеккір себебті шығатын қан әйелдің бойынан қанды кетіреді. Әйелге бойынан қаны шықпайтын уақыттарда ораза тұтуына болады. Сондықтан оның осы жағдайда тұтқан оразасы түзу болады. Өйткені осы уақытта оның денесінің қорегі болған әрі оны қуаттап тұратын қаны шықпайды. Ал етекір кезде ораза тұту — оған қуат беріп тұратын қанының шығуына әкеліп соғады. Сондай-ақ оның денесін әлсіретеді және оразасының тура болуына кедергі болады. Сол үшін әйел адам етеккір болмаған уақыттарда ораза тұтуға бұйырылды».* Сөз соңы.

---

[101] Бақара. 84
[102] Бухарий р-ты

2) **Жүктілік пен бала емізу:**

Ораза себепті жүкті болған әйелге немесе емшектегі баласына немесе ол екеуіне бірдей зиян келетін болса, ол жүктілік немесе бала емізген жағдайында ораза тұтпайды. Егер ол зиян тек балаға тиетін болса, әйел тұтпаған оразасының қазасын өтейді де, әр күнге бір міскінді тамақтандырады. Ал егер зиян әйелдің өзіне ғана тиетін болса, оған тек тұтпаған оразаның қазасын өтеу жеткілікті. Өйткені жүкті және емшектегі баласы бар әйел Аллаһ Тағаланың: **«Ораза ұстауға қиналатындар бір міскін азығы мөлшерінде тағамды төлеп берулері қажет»**[102] - деген сөзіне жатады.

Хафиз ибн Кәсир өзінің тәпсірінде (1/379) былай деді: *«Егер жүкті немесе бала емізуші әйелдер өздеріне немесе балаларына зиян тиюінен қорықса, бұл аяттың мағынасына кіретіндерге жатады»***.** Сөз соңы.

Шейхуль Ислам ибн Таймия***:*** *«Егер жүкті әйел құрсағындағы нәрестесі үшін қорқатын болса, ол оразада аузын ашады да, әр күннің қазасын өтейді және әр күн үшін бір ротль*[103] *нанмен міскінді тамақтандырады»* – деді. Сөз соңы. Фатуалар жинағы: (25/318)

Ескертулер:

1 – **Истихаза қанын көрген әйел.**

Ол жоғарыда айтылғандай оған етеккірге жатпайтын қан келген әйел. Оған ораза тұту парыз және оған истихаза қаны себепті ауызын ашуға болмайды.

Шейхуль Ислам ибн Таймия (оны Аллаһ рақым етсін!) етеккір көрген әйелдің оразада аузын ашуы жайлы айтқан кезінде былай деді: *«Етеккір көрген әйел истихаза қанын көруші әйел сияқты емемс. Өйткені истихаза қаны кез келген уақытта келеді, ондай болса ол әйел үшін ораза тұтатын белгілі уақыты болмай қалады. Сол үшін одан сақтану мүмкін емес. Ол құсу және жарақат себепті қанның шығуы, ұйқыда жүніп болу сияқты және тағы басқа одан сақтануға болатындай оның белгілі уақыты жоқ нәрселерге жатады. Сондықтан истихазада қанының белгісіз*

[102] Бақара. 184

[103] Бір ротль: 449, 28 гр-ға тең келеді.

*уақыттарда келуі етеккір қаны сияқты оразадан тыятын нәрсе қылынбады»***.** Сөз соңы. Фатуалар жинағы (25/251).

2 – **Етеккір, жүкті және бала емізуші әйелдер** егер рамазанда ораза тұтпаса, оларға ораза тұтпаған күндерінің қазасын сол рамазан мен келесі рамазан айының аралығында оның қазасын өтеулері уәжіп болады. Сондай-ақ оларға оны тезірек өтеп бітіруге тырысулары абзал болады.

Егер алдағы рамазанға тек қана олардың өткен рамазанда ауыздарын ашқан күндердің мөлшелеріндей ғана уақыт қалса, оларға алдағы рамазан келіп, олардың мойындарында өткен рамазанның оразалары қалып қоймауы үшін, оны тұтып бітірулері уәжіп болады. Егер жаңа рамазан айы келіп, олардың мойындарында өткен рамазанның қалған оразасы үзіріз өтелмей қалса, оларға оның қазасын өтеу және әр күн үшін бір міскінді тамақтандырулары уәжіп болады. Ал егер ол қалған оразаларды белгілі үзір себепті өтемеген болса, тек қазасын өтейді, міскінді тамақтандырмайды.

Сол сияқты кімде науқас, немесе сапар үшін ауызын ашу себепті қазасы болса, оның үкімі — жоғарыда баяндағанымызға сәйкес етеккір себепті аузын ашқан әйелдің үкімі сияқты.

3 - **Егер әйелдің күйеуі қасында болса, әйелге тек күйеуінің рұқсатымен нәпіл ораза тұтуына болады.** Өйткені Имам Бухарий, Муслим және басқалары Абу Һурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (саллаһу алейһи уа сәлләм): ***«Әйелге күйеуі қасында болып тұрып оның рұқсатынсыз ораза тұтуына болмайды»*** - деді. Имам Ахмад пен Абу Даудтың кейбір риуаяттарында: ***«Тек рамазаннан басқасын»*** - делінген.

Егер оған күйеуі нәпіл ораза тұтуға рұқсат берсе, немесе күйеуі қасында болмаса, немесе оның күйеуі мүлдем болмаса, оған нәпіл ораза тұту мұстахаб болады. Әсіресе онда ораза тұту мұстахаб күндерінде; екінші және бесінші күндері сияқты[104], немесе әр айдағы үш күн, немесе Шауаль айының алты күні, Зуль-Хижжаның он күні, Арафа күні, немесе Ашура күніне бір күн бұрын, немесе бір күн кейін қосып тұту сияқты. Бірақ оған өткен рамазанның қазасын өтеместен нәпіл ораза тұтуы жақсы емес. Аллаһ білушірек!

---

[104] Дүйсенбі мен бейсенбі күндері.

4 – **Егер етеккір көрген әйел рамазан күндерінің бірінде тазарып қалса,** ол сол күні кешке дейін рамазан күндерін құрметтеп, ішіп-жеуден тыйылады және оны етеккір себепті аузын ашқан күндермен бірге қазасын өтейді.[105]

[105] Сондай-ақ ораза күндерінде таң намазынан бұрын-сәресін ішу уақытында-тазарып қалса, жуынуға уақыт кетірместен тамақ ішуіне және пісіруіне болады. Кейін аузын бекіткеннен кейін ғұсыл құйынып алады.

8-бөлім

Қажылық пен ұмрадағы әйелге байланысты үкімдер

Аллаһтың үйі Әл-Харамға әр жылы қажылық қылу — Ислам үмметіне парыз-кифая [106]. Ал қажылықтың міндет болуының шарттары толық болған әр мұсылман үшін өмірінде бір рет қажылық қылу — оған парыз болады. Ал қажылық парызын өтегеннен кейін, қалғаны нәпіл болады.

Қажылық Ислам тіректерінің бірі, әрі ол мұсылман әйелдері үшін Аллаһ жолында болған күрестен бір несібе. Өйткені Айша анамыздан (оған Аллаһ разы болсын!) жеткен хадисте ол пайғамбарымыздан (саллалаһу алейһи уә сәлләм): *« Иә Аллаһтың елшісі, әйелдер үшін жихад бар ма?»* - деп сұрады. Сонда пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм**):*«Иә, олар үшін онда соғысы жоқ жихад бар, ол — қажылық пен ұмра»*[107]** - деп жауап берді.

Имам Бухарий риуаят еткен хадисте Айша анамыз (оған Аллаһ разы болсын!) : *«Иә, Аллаһтың елшісі, жихадты ең жақсы амал деп білеміз, жихад қылмаймыз ба?»* – деп сұрайды. Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) : ***«Бірақ ең жақсы болған жихад — қабыл болған қажылық»*** -дейді.

Қажылықтағы әйелдерге арналған үкімдер

1-**Махрам:**

Қажылықтың еркек пен әйелге байланысты жалпылай шарттары бар, олар: Ислам, ақыл, бостандық, балағат және қаражат жағынан құдіретті болу. Әйел қажылықта онымен бірге сапар қылатын махрамның болуымен ерекшеленеді. Махрамға өз ері немесе нәсәб себепті мәңгі харам етілген адамдар[108], олар:әкесі, баласы, ағасы немесе мубах себептермен харам етілгендер, олар: сүт-ағасы не шешесінің күйеуі, күйеуінің баласы сияқты адамдар.

Бұған дәлел Ибн Аббастың (оған және әкесіне Аллаһ разы болсын!) риуаят еткен хадисі: ол пайғамбарымыздың (саллалаһу алейһй уә сәлләм) хұтбада: ***«Еркек әйелмен оңаша қалмасын, тек***

---

[106] Парыз кифая деп: егер жамағаттың ішінен бірнеше адам оны орындаса басқаларынан күнасы түседі. Ал ешкім орындамаса барлығына күна болады.

[107] Ахмад және ибн Мәжжә сахих иснадпен риуаят етті.

[108] Харам етілген дегені: аталған адамдардың ол әйелге үйленулері харам деген мағынада.

онымен махрамы болса ғана, және әйел тек махраммен бірге ғана сапар қылсын»,-дегенін естіді. Сонда бір адам тұрып*: «Иә Аллаһтың елшісі, менің әйелім қажылыққа шығып кетті, ал мен пәленше, пәленше ғазуаттарға жазылып қойдым»*-деді. Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) : ***«Бар да, әйеліңмен бірге қажылық қыл»***-деді[109]. Ибн Омардан (оған және әкесіне Аллаһ разы болсын!) риуаят етілген хадисте ол кісі пайғамбарымыздың (саллалаһу алейһи уә сәлләм) былай дегенін айтты: ***«Әйел үш күндік жерге тек онымен махрамы болған күйде ғана сапар қылсын».***[110]

Әйел адамды қажылыққа не басқа жаққа махрамсыз сапар қылудан қайтаратын хадистер өте көп. Өйткені әйел адам әлсіз болғандықтан сапарда оны тек еркектер шеше алатын қиыншылықтарға тап болады. Және де әйел адам пасықтардың дәметкен нәрселері. Сондықтан міндетті түрде әйелдің қасында оны солардың зиянынан қорғайтын махрамы болуы қажет.

Қажылықта әйелдің қасында махрам болған адамға үш нәрсе шарт етіледі: ақыл ойы түзу, балағатқа жеткен және ол адамның мұсылман болуы. Өйткені кәпірге әйелді тапсыруға болмайды, оған сенім жоқ. Егер әйел махрам таба алмаса, өзінің орнына біреуді жіберуі керек.

2 - **Егер қажылық нәпіл болса,** күйеуінен қажылыққа баруға рұқсат алуы шарт етіледі. Өйткені әйелдің қажылыққа кетуі – күйеуінің оған болған ақысының кетуі.

«Муғний» аты кітапта:(3/240): *«Ал нәпіл қажылық болса, күйеуіне әйелін оған барудан қайтаруына болады. Ибн Мунзир былай дейді: «Мен олардан жаттап жүрген барлық білім иелері: «Күйеуінің әйелін нәпіл қажылыққа шығудан қайтаруына болады»-дегенге келісті. Өйткені күйеуінің ақысы – уәжіп, сондықтан әйелге оны уәжіп емес нәрсе себепті кетіруіне болмайды, иесінің өз құлымен сияқты»*-деді. Сөз соңы.

3 - **Әйел қажылық пен ұмраны еркектің атынан істеуіне болады.** Шейхуль Ислам ибн Таймия фатауалар жинағанда (13/26) былай деді: *«Әйелге ғұламалардың келісімі бойынша басқа әйелдің*

---

[109] Бухарий мен Муслим р-ты.
[110] Бухарий мен Муслим р-ты.

атынан қажылық қылуына болады, ол өзінің қызы не басқа біреу болса да. Сол сияқты төрт имам және жалпы ғұламалар да әйелге еркектің атынан қажылық қылуына болады дейді. Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір Хосғама руының әйелі: «Иә Аллаһтың елшісі, Аллаһтың пендесіне болған қажылық парызы әкеме кәрі шал болғанда жетті» - деді. Сонда пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) еркектің ихрамы әйелдің ихрамынан толық болса да, оған әкесінің атынан қажылық қылуын бұйырды». Сөз соңы.

4 - **Әйел егер қажылыққа бара жатқан жолында етеккір не нифас болып қалса, жолында кете береді.** Егер бұл нәрселер оның ихрамға кірер кезінде болса, ол басқа таза әйелдер сияқты ихрамға кіре береді, өйткені ихрам үшін дәрет шарт емес.

«Муғний» атты кітапта (3/293 – 294) былай деді: *«Бұның жалпыламасы: Ихрамға кірер кездегі ғұсл еркектерге сияқты әйелдерге де шариғатталған. Өйткені ол— ғибадат. Және ол әр етеккір мен нифас көрген әйелдер үшін әлде қайда қуаттырақ болады. Өйткені олар жайлы арнайы хабар келген. Жәбир (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: «Зуль – Хулейфаға келгенімізде Умейстің қызы Асма Абу Бакрдың ұлы Мұхаммедті туды. Кейін пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «Не істеймін?» - деп сұратып жіберді. Сонда ол:* ***«Жуын да, бір матамен қанды тоқтат та, ихрамға кір»*** *- деді.*[111] *Ибн Аббастан (оған Аллаһ разы болсын) риуаят етілген хадисте пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):* ***«Етеккір және нифас әйелдер ихрамға кіретін уақытына келсе, олар ихрамға кіріп, қажылық ғибадаттардың барлығын істейді, бірақ Қағбаны тауаф етпейді»***[112] *- деді.*

Сондай – ақ пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Айша анамызға (оған Аллаһ разы болсын) ол етеккір болған кезінде ихрамға кірерде ғұсыл алуға бұйырды». Сөз соңы.

Етеккір мен нифас көрген әйелдердің ихрамға кіру үшін ғұсыл алуларынан болған хикмет – ол тазалық және оның әзерін кетіру үшін жағымсыз иісті жоғалту және нәжәсті жеңілдету. Егер олар ихрамда болған кезде оларға етеккір не нифас қаны келсе, олардың

---

[111] Бухарий мен Муслим р-ты.
[112] Абу Дауд р-ты.

ихрамдарына әсер етпейді де, олар ихрамдағы тыйым салынатын нәрселерден сақтанады, етеккір немесе нифастан тазарып, жауынғанға дейін қағбаны тауаф етпейді.

Егер арафа күні болса және бұлар әлі тазармаса және ұмрамен қажылыққа мұтаматтиғ болып ихрамға кірсе, олар қажылыққа деп ихрамданады да оны (қажылықты) умраға кіргізеді, сөйтіп олар қиранға айналады.

Бұған дәлел: Айша анамыз умраға ихрамданған болады да етеккір көреді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) кірсе, ол жылап отырады. Сонда пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оған:

— ***Сені не жылатты, бәлкім нифас болған шығарсың?***
— ***Иә.***
— ***Бұл Аллаһтың Адам қыздарына жазған нәрсесі, қажының істейтінін барлығын істе, бірақ қағбаны тауаф етпе***.

Имам Бухарий мен Муслим риуаят еткен Жәбирдің (оған Аллаһ разы болсын) хадисінде: «Кейін пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Айша анамызға кіреді де, оны жылап отырғанын көріп, оған:

— ***Саған не болды?***
— ***Етеккір болдым, адамдар ихрамнан шықты, мен шықпадым, әрі үйді де тауаф етпедім, ал адамдар қазір қажылыққа кетіп жатыр.***
— ***Бұл – ақиқатында оны Аллаһ Адам қыздарына жазған нәрсесі, жуып да, кейін ниет ет.***

Сонда Айша анамыз (оған Аллаһ разы болсын) соны істеді және барлық жерлерде болды. Және тазарған кезінде Қағба мен Сафа-Маруаны тауаф етті. Кейін пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оған: ***«Қажылығыңды да ұмраңды да барлығын бітірдің»*** - деді».

Ибн Қайм «Әт–Тәһзибу Әс-сунан» атты кітапта (2/303) айтты: *«Айша анамыз бірінші ұмраға ихрамданғандығы жайындағы, кейін етеккір көргеннен кейін пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оған қажылыққа ихрамдануды бұйырып, сонымен ол*

қоринға[113] *айналғандығы жайлы сахих хадистер анық. Сол үшін пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оған:* ***«Қағба мен Сафа-Маруа арасындағы тауафың қажыңа да умраңа да жетерлі»*** *- деді».* Сөз соңы.

5 - Әйел ихрамға кірердегі істейтін нәрселері:

Әйел ихрамға кірерде еркек жуынғанындай жуынады және оны алуға қажетті болған шаш пен тырнақты алады және жағымсыз иістерді кетіріп тазаланады. Өйткені ихрамға кіргеннен кейін оларды алуға болмайды, сол үшін егер қажет болса, оларды ихрамнан бұрын алады. Ал қажет болмаса, керек емес. Сол сияқты әйел денесіне иісі қатты білінбейтін әтірлер жағуына да болады[114]. Өйткені Айша анамыз: ***«Аллаһтың елшісімен бірге шығатын едік және маңдайымызға миск жағып алатын едік, сонда біреуміз терлесек ол оның бетіне ағатын және соны пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) көретін де, бізді одан қайтармайтын еді»***-деді.[115]

Имам Шауканий «Найлуль-Аутар» атты кітапта (5/12) осы жайлы былай деді: *«Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үндемеуі – оның рұқсат екендігіне дәлел болады, өйткені ол қате нәрсеге үндемей қоймайды».* Сөз соңы.

6 - Әйел егер ихрамнан бұрын ниқап пен буркуғты киіп жүрген болса, ихрам кезінде оларды шешеді. Ниқаб пен буркуғ деп бетті жабатын нәрселерді айтады, онда әйел одан қарайтын көздің тұсында екі тесіктері болады.

Олардың шешетін себебі — пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): ***«Ихрамдағы әйел ниқаб кимейді»***-деген[116]. Буркуғ ниқабтан көре мықтырақ болады.

Егер ихрамнан бұрын қолдарына қолғап киген болса, оларды да шешеді.

---

[113] Қиран деп қажылық пен ұмраны бірге ниет етіп ихрамға кіруду айтады. Ихрамның бұл түрін ниет еткен адам Меккеге жеткенде Қағбаны тауаф етеді (тауаф қудум) және Сафа-Маруа арасында сағи қылады, кейін ихрамнан шықпай Нахр күніне дейін (яғни құрбандық шалатын күн) ихрамда жүреді. Құрбан шалатын күні қашан шайтанға тас атса және шашын алса ихрамнан шығады. Қиранды ниет еткен адам таматтуғ сияқты қой сояды.

[114] Яғни, крем сияқты сыртқа қатты иісі білінбейтін нәрселер.

[115] Абу Дауд р-ты.

[116] Бухарий р-ты.

Ихрам кезінде әйел өзіне махрам емес, бөтен еркектерді көрген кездерінде бетін ниқаб пен бурқуғтан басқа бір шыт немесе көйлекпен жабады. Сол-сияқты бөтен адамдардан қолдарын да қолғаптан басқа; көйлек жеңімен жабады. Өйткені бет пен қол ауратқа жатады, оларды ихрам кезінде де, басқа кезде де еркектерден жауып жүру қажет.

Шейхуль Ислам Ибн Тәймия айтады: *«Әйел болса, ол әурат. Сол үшін оған өзін жабатын киім киюге және қолшатырмен[117] көлеңкеленуіне рұқсат етіледі. Бірақ пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оны ниқаб, не қолғап киюден қайтарды. Егер де әйел бетін оған тимейтін нәрсемен жапса, ғұламалардың келісімі бойынша ол рұқсат, егер ол бетіне тиіп тұратын болса да, дұрысы: ол рұқсат етіледі. Сондықтан әйелге бетін жабатын шүберегі бетіне тимеуі үшін арасына шыбық не қолы сиқяты еш нәрсе қоюы керек емес. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оның қолы мен бетін бірдей қылды, екеуі де еркектің денесі сияқты, басы сияқты емес. Және пайғамбардың әйелдері (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) шүберектері бетіне тиіп тұруына қарамастан беттерін жауып жүретін еді. Білім иелерінің бірде-бірі пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):* ***«Әйелдің ихрамы бетінде»*** *- деген хадис бар деген жоқ. Бәлкім бұл кейбір ғұламалардың сөзі».* Сөз соңы.

Ибн Қоим «Тәһзибус-Суннән» кітабында (2/350): *«Пайғамбардан (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ихрам кезінде әйелдің бетін ашуы уәжіп екендігі жайында бірде-бір әмір келмеді. Тек ниқаптан қайтарды»* - деді.

Кейін айтты: *«Асма (оған Аллаһ разы болсын) ихрамда болған уақытында бетін жабқандығы риуаят етілді. Және Айша анамыз (оған Аллаһ разы болсын):* ***«Біз пайғамбармен (саллаллаһу алейһи уә сәлләм)   бірге ихрамда болғанымызда жолаушылар біздің алдымыздан өтетін еді, егер олар бізбен қатарласып қалса әйелдер жилбәбін басынан бетіне түсіретін. Егер өтіп кетсе оны ашатынбыз»***[118] *- деді».* Сөз соңы.

Әй ихрамдағы мұсылман әйел, расында саған бетіңмен қолыңды олар үшін арнайы тігілген нәрсемен жабуға болмайды.

---

[117] Зонтик.
[118] Абу Дауд р-ты.

Бірақ, жүзінді және қолынды махрам емес (бөтен) еркектерден орамал және көйлек сияқты нәрсемен жабу уәжіп. Бірақ бетінді жабатын шүберегің бетіңе тимеуі үшін оны шыбықпен не басқасымен болса да көтеруге ешқандай негіз жоқ.

7 - Әйелге ихрамды кезінде әйел киімнің қалағанын киуіне болады, бірақ ол сәнді және ер адамнын киіміне ұқсамауы керек. Сондай-ақ дене мүшелерді бейнелеп тұратындай тар немесе оны көрсетіп тұратын жұқа болмауы керек. Және аяғы не қолы ашылып қалатын қысқа болмасын. Бәлкім қалыңдау, кең әрі ұзын болсын.

Ибн Мунзир айтты: *«Білім иелері ихрамдағы әйелге көйлектер және көйлекшелер және шалбар*[119] *және орамалдар және аяқ киімдер киюге болатындығына келіскен»* - деді. Сөз соңы. (Муғний 3/328).

Оған киімнің арнайы түрін; жасыл сияқты арнайы бір түсті киім кию міндет емес, бірақта әйелдерге арналған қызыл не жасыл не қара түстерден қалағанын киеді және егер қаласа оны ауыстыруына болады.

8 - **Әйелге ихрамға кіргеннен кейін өзі еститіндей дәрежеде тәльбия**[120] **айтуы сүннет.**

Ибн Абдуь Бар: *«Ғұламалар әйел адамға дауысын көтермеуі сүннет екеніне келісті. Оған өзі еститіндей болса болды. Әйел дауысын көтеруі себепті фитна қаупі болғандықтан, оған даусын көтеруі мәкруһ болады. Сол үшін әйелге азан және қомат айту сүннет емес. Сол сияқты оған намазда тұрғанда егер имам қателесіп оны ескертпекші болса, таспих айтпай, қолымен шапалақтау сүннет болады»*-деді. Сөз соңы. (Муғний 2/330,331)

9 - Әйелге тауаф қылған кезінде толық жабылуы және дауысын көтермеуі әрі көздерін төмен түсіруі уәжіп болады. Сондай-ақ еректермен қыстырылысып тауаф қылуларына болмайды. Әсіресе қара тас немесе Иемен бұрышы жанында болғанда.

---

[119] Көйлекшелер мен шалбарлар ұзын кең және қалың хижабтың ішінен киіледі.

[120] Тәльбия деп қажылық кезінде айтылатын «Ләббәйка Аллаһумма ләббәйк...» сөздерін айтады.

Әйелдің адамдармен сығылыспастан қағбадан ұзағырақ тауаф етуі — сығылысып Қағбаның түбінде тауаф қылуынан артық. Өйткені онда фитна болғандықтан адамдармен сығылысу харам болады. Ал қағбаға жақын жүру және қара тасты сүю болса, олар егер жеңіл болса сүннет болады. Сүннеті орындаймын деп хармды істеуге болмайды. Тіпті бұл жағдайда әйелге бұл сүннет емес. Өйткені бұл жағдайда әйелге қара тастың қатарына келгенде оған ишарат етуі сүннет болады.

Имам Науауий «Мажмуғ» кітабында (8/37): *«Ғалымдарымыз: «Әйелдерге сағылысып өздеріне және өзгелерге зиян тигізетіндіктен оларға қара тасты сүю және оны ұстаулары жақсы емес. Тек тауаф орны бос кезде, түн немесе басқа уақытта оны сүюлеріне болады»-деді».* Сөз соңы.

Муғниде (3/331): *«Әйелге түнде тауаф қылуы мустахаб болады. Өйткені түн оған жасырынырақ және сығылысуы да азырақ. Сондықтан Қағбаға жақын келіп қара тасты ұстауына мүмкіншілік болады»* – деді. Сөз соңы.

10 - Муғниде (3/394): **«Әйелдердің тауафы және сағиы барлығы жәй жүрумен болады**-деді.

Ибн Мунзир: *«Білім иелері әйелдерге Қағбаның айналасында және Сафа-Маруаның арасында рамл[121] қылып жүрулеріне және еркектер сияқты оң иықтарын ашып жүрулеріне болмайды. Өйткені бұлардағы мақсат күш-жігерлікті көрсету. Ал бұл әйелдер ақысында мақсат етілмейді. Өйткені әйелдердегі мақсат жасырыну. Ал рамл және иықты ашу — олардың ашылып қалуларына әкеліп соғады»* – деді. Сөз соңы.

11 - Етеккір болған әйелдің хаж амалдарынан қылатын және тазарғанға дейін қылмайтын істері:

Етеккір әйел ихрамнан бастап Арафада тұру және Муздалифада түнеу және жамаратқа тас ату сияқты хаж амалдарының барлығын орындайды және тазарғанға дейін Қағбаны тауаф етпейді. Өйткені Пайғмбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Айша анамызға (оған Аллаһ разы болсын) хайз көрген кезінде былай деді: ***«Қажылар істейтін амалдарды істе бірақ***

[121] Рамл деп қысқа қадамдармен тез-тез жүруді айтады.

тазарғанға дейін Қағбаны тауаф етпе»[122]. Муслимнің риуаятында: ***«Қажылар өтейтін амалдардың барлығын өте, бірақ жуынғанға дейін Қағбаны тауаф етпе»***-деген.

Имам Шаукани «Найлуль Аутар» кітабында (5/49): *«Хадисте хайз әйелдің қаны тоқтап тазарғанға дейін тауаф қылуынан қайтарылғаны анық. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бұл қайтаруы — ол істің дұрыс емес екеніне дәлел, сондықтан хайз әйелдің тауаф етуі дұрыс болмайды. Бұл жалпы ғұламалардың сөзі»*-деді. Сөз соңы.

Етеккір әйел Сафа-Маруа арасында сағи қылмайды. Өйткені сағиды қажының тауафынан бұрын істеу дұрыс болмайды өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тауафтан бұрын сағи қылмаған.

Имам Науауий «Мажмуғ» кітабында (8/82) былай деді*:«Егер тауафтан бұрын сағи қылса, оның сағиы біздің айтуымызша дұрыс болмайды. Жалпы ғұламалар да осылай дейді. Жоғарыда Мауардий ғұламалардың осыған келіскендігін айтқанын атап өттік. Және бұл имам Малик, Абу Ханифа және имам Ахмадтың мазғабы.*

Ибн Мунзир Атоның және кейбір хадис ғалымдарының сағидың тауафтан бұрын істеуге болатындығын айтты және біздің ғалымдарымыз осыны Атодан және Даудтан жеткізді.

Біздің дәлеліміз: Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тауафтан кейін сағи қылған және пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): ***« Менен хажы амалдарын үйреніп алыңдар»****- деген. Ал сахаби ибн Шариктің (оған Аллаһ разы болсын) хадисіне келетін болсақ, ол кісі айтты: «Аллаһтың елшісімен (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бірге хажылыққа шықтым, сонда адамдар оған келетін еді, олардың бірі: «Иә Аллаһтың елшісі, тауаф қылуымнан алдын сағи қылып қойсам, немесе бір нәрсені кешіктіріп қойсам, не бір нәрсені алдын істеп қойсам не болады?» - деп сұрайтын еді. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм***): «Ештеңе етпейді, тек қана кім бір мұсылманның абыройын зұлымдық қылып кеміткен болса, міне сол жамандыққа тап болған болады»****-деді.*

[122] Бухарий мен Муслим р-ты.

Бұл хадисті Абу Дауд сахих иснадпен риуаят еткен. Бұл хадис Хаттаби және одан өзгелер сілтеген нәрсені көрсетіп тұр, ол: «Тауаф қылудан алдын сағи қылдым» - деген сөзі, яғни тауаф-қудумнан кейін тауаф-ифададан бұрын сағи қылдым дегені». Сөз соңы.

Ұзтазымыз шейх Мухаммед Амин Шинқитий (оны Аллаһ рахым етсін) өзінің «Адуауль-Баян» атты тәпсірінде (5/252): *«Біл, көптеген ғұламалар сағидың тауафтан кейін ғана дұрыс болатындығын айтады, ал егерде тауафтан бұрын сағи қылса, дұрыс болмайды деген. Бұл ғұламалардың, олардың ішінде төрт имамның да сөзі. Мауардий және одан өзгелер ғұламалардың осыған келіскендігін айтты»-деді.* Кейін жоғарыда айтылған Науауийдің сөзін және оның Ибн Шариктің хадисіне берген жауабын келтірді. Сосын былай деді: *««Тауафтан алдын»-деген сөзі, рүкн болған тауаф-ифададан бұрын тауаф қылдым дегенді білдіреді. Бұл оның рүкн болмаған тауаф-қудумнан кейін сағи қылғандығына қарсы келмейді»*-деді. Сөз соңы.

Муғниде (5/240): *«Сағи тауафқа еріп келеді, оның тауафтан бұрын болуы дұрыс емес. Ал егер тауафтан алдын сағи қылса дұрыс болмайды. Осыны имам Малик және Шафиғий және басқа ғалымдар айтты. Имам Ато (оны Аллаһ рақым етсін): «Рұқсат етіледі»-деді. Имам Ахмад: «Егер ұмытып кетсе рұқсат, ал егер біле тұра істесе рұқсат етілмейді» – деді. Өйткені Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) естен шығару немесе білместікпен кешіктіру, немесе алдын қылу жайында сұралған кезде: «Ештеңе етпейді»-деді. Біріншіден: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тауафтан кейін сағи қылған және* ***«Менен қажылық амалдарыңды үйреніп алыңдар»*** *- деген»*-деді. Сөз соңы.

Жоғарыда айтылғаннан белгілі болғаны: сағидың тауафтан алдын дұрыс болады деп айтатындардың дәлел ретінде осы хадисті дәлел ретінде келтіруі дұрыс емес. Хадис оған дәлел болмайды. Өйткені ол екі істің біріне жатады:

1 - Ол не тауаф-ифададан алдын сағи қылған кісі жайында, өйткені ол сағиді тауаф-кудум үшін қылған болады да, оның бұл сағиы тауафтан кейін орындалған болады.[123]

[123] Яғни, ол адамның істеген сағиі тауаф-қудумнан кейін болған болады.

2 - Немесе ол әдейі істемей, ұмытып немесе білмей істеген адам жайлы болуы мүмкін.

Бұл мәселеде көп тоқталған себебім: бүгінгі күнде жалпы сағиды тауафтан алдын орындауға болады деп фәтуа берушілер көп байқалды.

Ескерту:

Егерде әйел адам тауаф аяқталғаннан кейін етеккір көретін болса, ол бұндай жағдайда сағи қыла береді. Өйткені сағиға дәрет шарт емес.

Муғниде (5/246): *«Білім иелерінің көпшілігі Сафа мен Маруаның арасында сағи ету үшін дәрет шарт емес деп біледі. Осыны айтқандардан: Ато, Малик, Шафиғий, Абу Саур, және Ханафи ғұламалары»*-деді. Кейін: *«Абу Дауд имам Ахмадтың : «Егер әйел адам Кағбаны тауаф қылса, сосын етеккірі келетін болса, сафа-маруаны сағи қылады да кетеді»- дегенін естідім»- деді. Әл-Асрам Айша анамыздан және Умму Саламадан (оларға Аллаһ разы болсын): «Егер әйел адам Қағбаны тауаф қылып және екі ракағат намаз оқыса сосын етеккір көретін болса, сафа-маруаның арасын сағи қылсын»- дегенін риуаят етті»*-деді. Сөз соңы.

12 - Әйелдерге сығылысудан қорыққандықтан айдың көзден ғайып болғанынан кейін әлсіздермен бірге Муздалифадан кете берулеріне және Минаға жеткен кезде жамаратуль-Ақабаға тас атуларына болады.

Әл-Муаффақ Муғниде (5/286) : *«Әйелдермен әлсіздердің Муздалифадан басқалардан алдын кетулеріне ештеңе етпейді. Абдурахман ибн Ауф және Айша (оларға Аллаһ разы болсын) өздерінің әлсіз туысқандарын алдын ала Муздалифадан қайтаратын еді. Осыны Ато, Сәурий, Шафиғий, және Абу Сәур және басқа ғалымдар айтты. Бұған қарсы келген біреуді білмейміз. Өйткені бұл — олар үшін мейірімділік және оларды сығылысу ауыртпалығынан сақтау әрі Пайғамбарға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ілесу»*-деді. Сөз соңы.

Имам Шауканий «Найлуль Аутар» атты кітапта (5/70) : *«Дәлелдерден белгілі болғаны: Муздалифадан түннің ортасынан кетуге рұқсат етілмегендерге тас ату уақыты — күн шыққанан кейін. Ал рұқсат етілгендерге; әйелдер және әлсіздер сияқтыларға тас ату — күн шығудан бұрын рұқсат етіледі»* - деді. Сөз соңы.

Имам Науауий «Мажмуғ» кітабында (8/125): *«Шафиғий және басқа ғалымдар: «Әйелдерді және басқа әлсіз адамдарды түннің жарымынан кейін күн шығудан алдын, адамдар сығылыспай тұрып Жамаратқа тас ату үшін Минаға қайтару — сүннет»* - деді. Кейін осыған дәлел болатын хадистерді айтты.

13 - Әйел қажылықта және ұмрада шашын саусақ ұшындай қысқартады. Оған шашын қырып тастауға болмайды.

Муғниде (5/310): *«Әйелге шашын қыру емес, қысқарту шариғат етілген. Бұнда келіспеушілік жоқ. Ибн Мунзир: «Білім иелері осыған келіскен, өйткені әйелдер үшін шашын қыру — қорлауға жатады»-деді. Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын): Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм)**:«Әйелдерге шашын қыру емес қысқарту керек»*** [124] *– дегенін риуаят етті. Имам Тирмизий Алидің (оған Аллаһ разы болсын): **«Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әйелдерді шаштарын қырудан қайтарды»** - дегенін риуаят етті. Имам Ахмад былай дейтін еді: «Әйел шашының әр өрімінен саусақтың ұшындай қысқартады». Бұл Ибн Омардың, Шафиғийдің және Исхақ пен Абу Сәурдің сөзі. Абу Дауд: «Ахмадтың әйел басының барлық жерінен қысқартуынан сұралғанын естідім, сонда ол кісі: «Иә, шашын басының алдыңғы жағына жинайды да оның ұшынан саусақтың ұшындай алады»-деді»*. Сөз соңы.

Имам Науауий «Мажмуғ» кітабында (8/150,154): *«Ғұламалар әйелдің шашын қыруға бұйырылмайтындығына, керісінше оның міндеті шашын қысқарту екендігіне келісті. Өйткені ол әйелдерге бидағат және онда қорлау бар»*-деді.

[124] Абу Дауд.

14 – **Етеккір көрген әйел егерде жамаратуль-Ақабада тас атса және шаш қысқартса,** ол ихрамнан шығады да оған ихрам себепті тыйым салынған нәрселердің барлығы рұқсат етіледі, тек қана күйеуі оған жақындасуына болмайды. Сондықтан оған тауаф-ифаданы істеп біткенше күйеуне өзімен жакындасуға мүнкіншілік бермеуі керек. Егер осы уақыт аралығында (тауаф ифаданы істегенге дейін) күйеуі әйеліне қосылып қойса, оған фидия төлеу керек болады. Ол фидия Меккеде бір қой сойып, оны Мекке міскіндеріне тарату [125]. Өйткені бұл қосылу бірінші ихрамнан шыққаннан кейін болды.

15 - Егерде әйел тауаф-ифададан кейін етеккір көрсе, ол қалаған уақытта сапар қыла береді де оған тауаф-уадағты істеу жүктелмейді. Өйткені Айша анамыз (оған Аллаһ разы болсын): «Хуяйдің қызы София тауаф-ифада істегеннен кейін еттеккір көрді. Мен соны Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) айттым, сонда ол: ***«Ол бізді ұстап қалады ма?»*** - деді. Мен: Әй Аллаһтың елшісі, ол тауаф-ифаданы қылып, содан кейін еттеккір көрді дедім. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): ***«Ондай болса, кете берсін»*** [126] - деп айтты»-деді. Имам Бухарий мен Муслим ибн Аббастан: *«Адамдар олардың қажылықтағы ең ақырғы амалдары тауаф-уадағ болуына бұйырылды. Тек қана ол еттекір көрген әйелдерден жеңілдетілді»* - дегенін риуаят етті. Имам Ахмад Ибн Аббастан пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм**)*:«Етеккір көрген әйелге егер ол тауаф-ифаданы істеген болса, тауаф-уадағды істемей-ақ кете берулеріне рұқсат еткенін»*** риуаят етті.

Имам Науауий «Мажмуғ» кітабында (8/281) былай деді: *«Ибн Мунзир: Осыны жалпы білім иелері айтты, олардан: Малик, Әузағий, Саурий, Ахмад, Исхақ, Абу Саур, Абу Ханифа және басқалар»*-деді. Сөз соңы.

Муғниде (3/461):*«Бұл осы елдердегі жалпы фиқһ ғұламаларының сөзі»*-деді. Және *«Нифас көрген әйелдердің үкімдері — етеккір көрген әйелдердің үкімдерімен бірдей. Өйткені нифас жағдайдағы*

[125] Қойды Меккеден басқа жерде сойып таратуға болмайды.
[126] Бухарий, Муслим р-ты.

оған уәжіп болатын және уәжіп болмайтын үкімдері – етеккір жағдайдағы әйелдің үкімі сияқты» – деді. Сөз соңы.

16 - Әйел адамға намаз оқу үшін әрі дұға қылу үшін Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мешітіне баруы мустахаб болады. Бірақ оған Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қабірін зиярат етуге болмайды. Өйткені әйел адам қабірлерді зиярат етуден қайтарылған.

Сауд Арабия мемлекетінің муфтиі шейх Мухаммад Ибн Ибрахим Әлі-Шейх өзінің фатуалар жинағында (3/239): *«Бұл мәселеде дұрысы: оларды Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қабірін зиярат етуден қайтару. Бұның екі себебі бар:*

Біріншіден: жалпылай әйелдерді қабірлерді зиярат етуден қайтаратын дәлелдердің келгендігі. Егер тыйым салу жалпы келген болса, ешкімге дәлелсіз оны арнайы етуіне болмайды. Кейін бұл жерде тыйым етілудің себептері бар....».[127] Сөз соңы.

Шейх Абдулазиз ибн Баз (оны Аллаһ рақым етсін) өзінің қажылық туралы жазған кітабында пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мешітін зиярат етушілерге оның қабірін зиярат ету жайында айтқан кезде былай деді: *«Бұл зиярат тек еркектерге шариғат етілген. Ал әйелдер үшін қабірлердің еш бірін зиярат етулеріне болмайды. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қабірлерді зиярат етуші әйелдерді және оның үстіне мешіттер құрып, шырақтар жағушыларды лағнеттеді.*

Ал пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мешітінде намаз оқуды, онда дұға қылуды мақсат етіп Мединеге бару, тағы сол сияқты шариғат етілген істерді істеу үшін өзге мешіттерге бару[128] *— баршаға шариғат етілген».* Сөз соңы.

[127] Яғни, сол үшін әйелдерді қабірлерді зиярат етуден тыятын себеб бар.

[128] Мединеде зиярат етілетін жерлер тек пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мешіті және пайғамбарымыз бен (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Абу Бакр, Омардың қабірлері, Құба мешіті және Бақиғ, сондай-ақ Ухуд соғысының шаһидтерінің қабірі. Осы бес жерден басқасына зиярат етуге ешқандай дәлел келмеген. Бұл еркектерге қатысты, ал әйелдерге қабірлерді зиярат етуге тыйым салынғандықтан олраға қабірлерге баруларына болмайды, басқаларына барады.

9-бөлім.

Үйлену және ажырасу үкімдері

Аллаһ Тағала Құранда: **«Сендерге, оған тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейірімділік пайда қылғандығы да оның белгілерінен. Сөз жоқ осыларда ойланған елге белгілер бар»**[129];

«Араларындағы бойдақтарды сондай-ақ қолдарындағы құл, күндердің дұрыстарын үйлендіріңдер. Егер олар кедей болса да, Аллаһ өз кеңшілігімен оларды байытады. Аллаһ аса кеңшілік иесі, толық білуші»[130] – деді.

Ибн Кәсир (оны Аллаһ рақым етсін) : *«Бұл үйленуге бұйрық. Ғұламалардың бір тобы: «Үйлену — шамасы келген әрбір адамға уәжіб»-деген. Олар пайғамбарымыздың (саллалаһу алейһи уә сәлләм)****: «Ей жастар кімде – кімнің мүмкіндігі болса үйленсін. Сол арқылы көздеріңмен жыныс мушелеріңді харамнан сақтайсыңдар! Ал кімнің шамасы жетпесе, ораза ұстасын. Себебі, ораза нәпсі қалауын тізгіндейді»***[131] - *деген айқын сөзімен дәлел келтірді»*-деді.

Кейін: «**«Егер олар кедей болса, Аллаһ оларды өз кеңшілігімен байытады»** - деген аятты дәлелге ала отыра: *«Үйлену — байюдың себебі»*- деді.

Және Абу Бакр Сыддық (оған Аллаһ разы болсын): *«Аллаһтың неке қылуға бұйырғанынана бойұсыныңдар, сонда ол сендерді «байытамын» деген уәдесін жүзеге асырады. Аллаһ Тағала былай деді:* **«Егер олар кедей болса, Аллаһ оларды өз кеңшілігімен байытады»**» -дегенін айтты.

Ибн Жәрир Ибн Масғудттың (оған Аллаһ разы болсын) былай дегенін риуаят етті: *«Байлықты некелесуден іздеңдер, өйткені Аллаһ Тағала:* **«Егер олар кедей болса, Аллаһ оларды өз кеңшілігімен байытады»***-деді». Имам Бағауий да Омардан (оған Аллаһ разы болсын) тура осындай сөз келтірді*»-деді.[132] Сөз соңы.

Шейхуль Ислам Ибн Таймия фатуалар жинағында (32/90): «*Аллаһ Тағала мүміндерге үйленуді, ажырасуды және сол*

[129] Рум. 21
[130] Нур. 32
[131] Бухарий, Муслим р-ты.
[132] Ибн Касир тәпсірі (5/94,95).

ажырасқан әйел басқаға некелесіп, одан қайта ажырасса, оған қайта үйленуіне рұқсат етті. Христиандар олардың бір-бірлеріне некелесуді тыйым салады, ал кімге үйленуді рұқсат етсе, оған ажырасуға рұқсат етпейді.

Яхудилер ажырасуды рұқсат етеді. Егер ажырасқан әйел басқаға некелесіп, одан ажырасса, оған қайта үйленуге рұқсат етпейді. Христиандарда ажырасуға болмайды, яхудилерде ажырасқан әйел басқаға некесіп, одан ажырасса, оған қайта қосылуына болмайды. Аллаһ Тағала мүміндерге мұны да оны да рұқсат етті»-деді. Сөз соңы.

Ибн Қойм (оған Аллаһтың рақымдылығы болсын) «Һади Ән-Нәбауи»[133] атты кітапта (3/149) үйлену мақсаттарының бірі болған, жыныстық қарым-қатынастың пайдаларын баян етіп былай деді: *«Негізінде жыныстық қатынас үш нәрсе үшін зандастырылған. Осылар оның негізгі мақсаттары болып табылады:*

1. Текті сақтау және осы әлемге келетін адамның тағдырланған санағының толық болуы.

2. Бойда жиналып қалған денеге зиян беретін ұрықты шығару.

3. Шаһуатты қанағаттандыру, ләзәттану әрі нығметке бөлену». Сөз соңы.

Үйленуде көптеген пайдалар бар, олардың ең маңыздысы:

1-Зинадан сақтану және харамға қараудан тыйылу.

2-Ұрпақ пайда қылу және текті сақтау.

3-Ерлі зайыптылардың арасында тыныштықтың орын алып рухани тұрақтылықтың болуы.

4-Мұсылман жамағатының іргетасын құрайтын ізгі жанұя құруға ерлі зайыптылардың бір-біріне жәрдемдесуі.

5-Ердің әйелді өз кепілдігіне және қорғауына алуы.

[133] Задуль-Мағад.

6-Әйелдің үй шаруашылығын орындауы, яғни, осы өмірдегі әйелдің өзіне лайықты міндетін өтеуі.

Әйелдің әрі қоғамның дұшпандарының: «Әйел үйден тыс істерде ермен тең» -дегендеріндей емес. Олар осы сөздерімен әйелді үйінен шығарып оны өзіне лайықты міндетінен ажыратып, оған өзгенің ісін тапсырды да, өзгеге оның ісін жүктеп қойды. Нәтижеде жанұя жүйесі бұзылды, ерлі зайыптылар арасында түсінбеушілік орын алды. Осы нәрсе көбінше олардың ажырасуына немесе сәтсіздікке ұшырап, зардап шегулеріне себеп болды.

Ұстазымыз шейх Мухаммад Әмин Шынқытий «Адуауль-Баян» атты тәпсірінде (3/422): *«Аллаһ Тағала мені де сені де өзінің разы болатын әрі жақсы көретін істеріне бастасын! Бір нәрсені біліп ал: Бұл барша орындармен үкімдерде әйелді ермен теңестіру пікірі — қате, бұзық, күпірлік пікір. Ол ақыл мен түйсікке, көктен түскен уахиге әрі жаратушының шариғатына қайшы. Мұнда тек Аллаһ көр еткен адамдардан баска ешкімге жасырын қалмайтын адамзат қоғамы үшін зияндар мен нұқсандар бар. Өйткені Аллаһ Тағала әйелді адамзат қоғамының құрылуына серіктес болуы үшін әйелдің өзінің арнайы сипатына сәйкес жарамды қылды. Бұл нәрселерге тек қана әйел жарамды, оған әйелден басқа ешкім жарамды емес. Олар: жүкті болу, босану, емізу, бала тәрбиелеу, үй шаруалары және ас әзірлеу, қамыр илеу, үй сыпыру және өзге де тұрмыс істерін орындау сияқты. Бұл қоғам үшін атқарылатын қызметтерді әйел бөтен көзден тыс үйінің ішінде, инабаттылық пен қамқорлықта, абырой-беделін және адамгершілігін сақтаған күйде орындайды. Әйелдің атқаратын осы қызметтері ердің істеген кәсібінен еш кем түспейді. Демек кәпірлермен соларға ерген ақымақ надандардың ойынша: әйелдер еркек сияқты үйден тысқары қызметтерді істеуге ақысы бар деулері бекер. Өйткені куә болып жургенімiздей, әйелдің жүкті немесе кеудеде баласы болуы және нифас қанын көруі кезінде, онда кез келген қиыншылығы болған қандай да бір істі өтеуге шамасы келмейді. Егер әйел күйеуімен бірге үйден тысқарыға шығып кететін болса, жас балаларға қарау, еміздік жасындағыны емізу, ері жұмысынан келсе сусын-тағамын әзірлеу сияқты үй қызыметтерінің барлығы азып-тозып заяа кетеді. Ал егер әйелдің орнын басатын адам жалдайтын болса, ол адам өзінің қоғамдағы орнынан қалай*

бағанағы әйел өз орнынан қашып, одан босаған болса, ол да солай босайды. Сөйтіп нәтижеде іс кері кетеді. Әйелдің тысқа шығуында және салғырттығанда адамгершілік пен дінді жоғалту бар» - деді. Сөз соңы.

Әй, мұсылман қарындас, Аллаһтан қорық! Пайдақорлардың сені діннен ұзақтатуды көздеген үгіт насихаттарына алданып қалма! Осыған алданып қалып жатқан әйелдердің уақиғасы — олардың бұзғындық пен сәтсіздікке ұшырап жатқандығына куәлік етеді және бұған тәжірбие айқын дәлел. Талапқа сай, жас болып тұрған шағыңда тұрмыс құруға асық. Тұрмыс құруды оқуды немесе қызметті жалғастыру үшін кешіктірме. Өйткені сәтті тұрмыс құру — өзіңнің тыныштығың әрі бақытың. Ол барлық оқудың да, қызметтің де орнын басады, ал оқу немесе қызмет қандай жетістікке жетсе де тұрмыс құрудың орнын баса алмайды. Үй шаруашылығы мен бала тәрбиесін атқар, міне осы — өмірдегі негізгі жемісті ісің және оны алмастыратын нәрсе іздеме, өйткені оған еш нәрсе тең келмейді. Ізгі адаммен тұрмыс құруды қолыңнан жіберіп алма. Өйткені пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм): ***«Егер сендерге дінімен мінез-құлқына көңілдерің толатын адам қыздарыңның қолын сұрап келсе, қыздарыңды оған тұрмысқа беріңдер, ал олай қылмасаңдар, жер бетінде бүлік пен бұзақшылық болады»***[134] - деді.

Әйелді тұрмысқа бергенде оның ойымен санасу

Тұрмысқа берілетін әйел үш жағдайдан шықпайды: не кішкентай қыз болуы, немесе ұяты кетпеген, ер көрмеген балағат жастағы қыз болу. Немесе жесір әйел болу. Осының әрбіріне арнайы үкімдер бар.

1- Кішкентай қызға келсек, әкесіне қыздың рұқсатынсыз оны тұрмысқа беруіне болатындығына еш тартыс жоқ. Өйткені кішкіентай қыздан рұқсат сұралмайды және Әбу Бәкр Сыдық *«Қызы Айшаны (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбарға (саллалаһу алейһи уә сәлләм) тұрмысқа бергенде ол алты жаста еді, пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) оған қосылғанда, ол тоғыз жаста еді»*.[135]

---

[134] Тирмизий р-ты.

[135] Бухарий, Муслим р-ты.

Имам Шаукәний «Найлуль Аутар» атты кітапта (6/128,129): *«Бұл хадисте әкенің қызын балағатқа толмай тұрып күйеуге беруіне болатындығына дәлел бар және жас қызды үлкен адамға күйеуге беруге болатындығына дәлел бар. Имам Бухарий (өзінің «Сахих» атты кітабында) бұған арнап жеке бап тағайындап жазды және онда Айшаның хадисін келтірді. Имам Ибн Хажар «Фатхуль-Барий» атты кітапта ғалымдардың осыған келіскендігін атап өтті»* - деді. Сөз соңы.

Мұғнида (6/487) былай деді: *«Ибн Мунзир: «Біз олардан жаттап жүрген ғалымдарымыздың барлығы: әкенің жас қызын егер оны теңіне тұрмысқа беретін болса, некелестіруге болатындығына келіскендігін айтты» -деді»*. Сөз соңы.

Әбу Бәкрдің Айшаны (оларға Аллаһ разы болсын) алты жасар қыз бола тұра Пайғамбарымызға (саллалаһу алейһи уә сәлләм) тұрмысқа беруінде, жас қызды ересек адамға некелестіруді қайтаратындарға және осыны оңбағандық, жағымсыздық деп есептейтіндерге қарсы қатты тойтарыс бар. Осыны олар тек надан білімсіздіктерінен немесе бұның артынан белгілі мақсат тұтқандарынан айтады.

2 - Ұяты кетпеген, ер көрмеген балағат жастағы қызға келсек, ол тек өзінің рұқсатымен ғана тұрмысқа беріледі. Оның рұқсаты — үндемеуі. Өйткені пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм): ***«Ұяты кетпеген, ер көрмеген қыз, одан рұқсат алынбайынша ұзатылмайды»*** - деді. Сонда сахабалар: ***«Әй, Аллаһтың елшісі, оның рұқсат етуі қалай болады?»*** - дегенде, Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм): ***«Оның үндемеуі»***[136] - деді. Сондықтан міндетті түрде қыздың рұқсаты болуы керек.

Ғұламалардың сөздерінің ең дұрысына сәйкес, егер қызды ұзатушы әкесі болса да, міндетті түрде қыздың рұқсаты керек.

Ибн Қойм «Һәдий»[137] атты кітапта (5/96): *«Бұл — алдыңғы өткен ғалымдардың және Абу Ханифа мазхабының, кейбір риуаяттардағы Ахмматтың да сөзі. Бұл — біз онымен Аллаһқа бой ұсынатын сөз, одан өзге деп иланбаймыз. Бұл Пайғамбарымыздың (саллалаһу алейһи уә сәлләм) үкімдері және бұйрықтары мен тыйымдарына сәйкес сөз»*-деді. Сөз соңы.

---

[136] Бухарий, Муслим р-ты.
[137] Задуль-Мағад.

3 - Ал жесір әйелге келсек, ол тек өзінің рұқсатымен тұрмысқа беріледі. Оның рұқсаты — ер көрмеген қызға қарағанда сөйлеуімен болады, өйткені қыздың рұқсаты — үндемеуі.

Муғнида (6/493): *«Жесір әйел разылығын тілмен айтып хабарлауында ғұламалардың арасында еш келіспеушілікті білмейміз. Өйткені, тіл жүректегі нәрсені жеткізуші. Рұқсат беретін барлық жағдайда, оның тілімен айтуы есепке алынады»* - деді. Сөз соңы.

Шейхуль Ислам Ибн Таймия фатауалар жинағында (32/39, 40): *«Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) бұйырғандай, әйел адамды оның рұқсатынсыз ешкімге ұзатуға болмайды, егер некеге отыруды ұнатпаса, оны мәжбүрлеуге болмайды. Тек кішкентай қызды ғана әкесі одан рұқсат сұрамай тұрмысқа бере алады. Ал балағат жастағы жесір әйелді алсақ, мұсылмандардың келісімі бойынша әйелдің рұқсатынсыз; әкесінің немесе өзгенің де оны тұрмысқа беруіне болмайды. Сол сияқты балағат жастағы қызды мұсылмандардың келісімі бойынша, әке мен атадан басқаларына қыздың рұқсатынсыз оны тұрмысқа беруілеріне болмайды. Ал әке мен ата қызды ұзататын болса, оларға қыздың келісімін алу керек болады.*

Ғұламалар қызды күйеуге беруде оның келісімін алу — ол уәжіп пе, немесе мұстахаб па? - деп тартысқан. Дұрысы — ол уәжіп. Ал қызды тұрмысқа беріп жатқан қамқоршысына Аллаһқа тақуалық қылып, оны кімге тұрмысқа беріп жатқандығына, әрі қыздың болашақ күйеуі қызға тең келе ме, келмей ме? – осының барлығына қарауы керек. Өйткені ол қызды тек қыздың игілігі үшін тұрмысқа береді, өзінің игілігі үшін бермейді»-деді**.** Сөз соңы.

Әйелді тұрмысқа беруде қамқоршының шарт етілуі және осының даналығы.

Әйелге өзіне лайықты күйеу таңдаудың құқығын беріп қою дегені, онда туыстарымен жанұясына зиян тисе де қалағанына ерге тиюге толық тізгінді беріп қою деген емес. Бәлкім әйел өзінің таңдауын бақылап әрі оған турасын көрсететін, әрі неке қиюына бас көз болатын уәлиге байланысты. Сондықтан әйел өз-өзінің некесін қиюына болмайды. Егер қиса ол некесі дұрыс болмайды. Өйткені сунанда Айша анамыздан (оған Аллаһ разы болсын) келген хадисте

пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) : ***«Қандай да бір әйел өзінің уәлиінің рұқсатынсыз өзінің некесін қиятын болса, оның некесі дұрыс емес, оның некесі дұрыс емес, оның некесі дұрыс емес»*** [138] -деген. Тағы да төрт сунанда: ***«Неке тек уәлимен қиылады»***-деген хадис келген. Міне бұл екі хадис және оның мағыналары неке тек уәлимен болса ғана дұрыс болатынына дәлел етеді. Өйткені қайтарудағы негіз — оның дұрыстығын қайтару болып табылады.

Имам Тимизи айтады: *«Білім иелері осыған сәйкес амал етуде, олардан: Ұмар, Али, Ибн Аббас, Абу Һурайра (оларға Аллаһ разы болсын) және тағы басқалары. Сондай-ақ табиғиндердің ғұламаларынан да: "Неке тек уәлимен қиылады"-дегендері риуаят етілген. Бұл Имам Шафиғий, Ахмад және Исхақтың сөздері»*. (Муғний:6/449)

Некені жариялау үшін әйелдердің дуф[139] ұру үкімі

Әйелдерге некені білдіру және жариялау үшін дуф ұрулары мустахаб етіледі. Және бұл жеке әйелдердің арасында болады. Оған музыка және басқа да музыкалық аспаттарды, сондай-ақ қоздырушы, желіктірушу дауыстарды қосуға болмайды.

Бұл жағдайға байланысты әйелдердің еркектер естімейтіндей етіп тақпақ айтуларына болады. Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм): ***«Харам мен халалдың арасын ажырататын нәрсе — некеде тамбур ұру және тақпақтар айту»*** [140] -деген. Имам Шауканий Найлуль-Аутар кітабінда (6/200) айтады: *«Бұл хадисте әйелдерге некеде тамбур ұрып, мысалы: "Біз сендерге келдік, біз сендерге келдік» - деген сияқты аздаған сөздерден тұратын тақпақтар айтуларына рұқсат екеніне дәлел бар. Бірақ ол жамандықты үйрететін және әйелдің әдемілігі мен арсыздығын сипаттайтын, сондай-ақ оның арақ ішкіштігін сипаттайтын музыкамен бірге болмайды. Өйткені бұл нәрселер басқасында харам етілгендей некеде де харам етіледі. Сол сияқты басқа да музыкалық аспаптар харам етіледі»*. Сөз соңы.

Әй мұсылман қыздар! Үйленуге байланысты киімдер мен әшекейлер сатып алуда ысырап етпеңдер! Өйткені бұл Аллаһ оны

---

[138] Бұл хадисті Тирмизий хасан деген.
[139] Тамбур.
[140] Абу Даудтан басқа бесеуі р-т еткен, Тирмизи хасан деген.

қайтарған және оны істегендерді жақсы көрмейтіндігін хабарлаған іске жатады. Аллаһ Тағала айтады: **«Ысырап қылмаңдар, расында Аллаһ ысырапшыларды жақсы көрмейді»**-деді [141]. Сондықтан заттар алғанда біреудің алдында мақтанбастан қаражатты орынды жұмсау керек.

Әйелдің күйеуіне бойұсынудың уәжіптігі және оған қарсы келуінің харамдығы.

Әй мұсылман әйел, саған өз күйеуіңе жақсылықта бойұсынуың уәжіп болады. Абу Һурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) келген хадисте пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм): ***«Егер әйел бес уақыт намазын оқыса, рамазан айының оразсын тұтса, абыройын сақтаса және күйеуіне бағынса, жәннәттің қай есігінен қаласа кіреді»***[142]-деді.

Абу Һурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) келген тағы бір хадисте пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм): ***"Әйелге өзінің күйеуі қасында болса, оның рұқсатынсыз ораза тұтуына болмайды және күйеуінің үйіне біреуді тек оның рұқсатымен ғана кіргізеді"***[143]-деген.

Тағы бір хадисте пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) айтады: ***"Егер күйеуі әйелін төсекке шақырғанда келмесе, сөйтіп ол әйеліне ашуланған күйінде түнесе, ол әйелді таңға дейін періштелер лағнеттейді"***[144]-дейді.

Бухарий мен Муслимнің риуаятында пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) айтады: ***"Менің жаным оның қолында болған Аллаһпен ант етемін! Қандай да бір еркек өз әйелін төсекке шақырғанда одан бас тартса, аспандағы (Аллаһ) күйеуі оған разы болғанға дейін ол әйелге ашулануда болады"***.

Күйеуінің әйеліне болған ақыларына — әйелдің үйге жауаптылығы және үйден тек ерінің рұқсатымен шығуы жатады. Аллаһтың елшісі (саллалаһу алейһи уә сәлләм) айтады:***"Әйел өз күйеуінің үйіне қараушы және қарамағына жауапты"***[145]-дейді.

---

[141] Анғам.141
[142] Ибн Хиббан «Сахих»-кітабында р-т еткен.
[143]Бухари мен Муслим р-ты.
[144]Бухари, Муслим жән т.б.
[145] Бухари, Муслим.

Ерінің жұбайына деген ақысына — әйелдің үй шаруасын атқаруы және күйеуін үйге қызметші әйел жалдауға қажетті қылмауы. Өйткені қызметші әйелеріне қиындық туғызады, әрі сол себепті ері өзін және балаларын қатерге тіккен болады.

Шейхуль Ислам Ибн Тәймия айтады: «Аяттағы: **«Ғибадатшыл, бойұсынушы және ерлері жоқта Аллаһтың сақтауымен ерлерінің мал-мүліктерін және өз абыройларын сақтаушы әйелдер — жақсы әйелдер»**-дегені: *Әйелдің өз еріне толық қызмет етуін, онымен бірге сапарда болу, оған бағыну және басқасында пайғамбарымыздың (саллалаһу алейһи уә сәлләм) сүннеті көрсеткеніндей толық бойұсынуын талап етеді»*- деді. Сөз соңы.

Ибн Қойм "Һади" атты кітабында (5/188,189): *«Әйелдің қызмет етуін уәжіп дегендер расында Аллаһ оларға сөз жөнелткен сахабаларда осы нәрсе белгілі болғандығымен дәлел келтіреді. Ал енді әйелдің рахатта, мол күтімде болып, еркектің оған қызмет етуі, үй сыпыруы, бидай тартып нан илеуі, кір жуып, төсек салып үй қызметін атқаруы болса, ол қайтарылған іске жатады. Аллаһ Тағала айтады:* **«Әйелдердің ерлеріне құқықтары болғандай, ерлердің де оларға құқықтары бар».** [146] *Тағы бір аятта:* **«Еркектер әйелдері үстінен бастық»**[147]*-дейді. Егер әйел еркекке қызмет етпесе, керісінше еркек әйелге қызмет ететін болса, онда әйелі еркекке бастық болған болады»*-деді.

Кейін айтты: *«Аллаһ Тағала еркекке әйеліне нафақа етуді, оны киім-кешек және үймен қамтамасыз етуді —әйелін пайдалану, оның күйеуіне қызмет етуінің орнына парыз етті. Кейін, арадағы жалпы қарым-қатынастар әдет-ғұрыпқа байланысты. Ал әдетте әйел еркекке қызмет етеді және үйдің ішкі жұмыстарын атқарады»*-деді. Тағы айтты: *«Шарапатты мен қарапайым әйелдің, бай мен кедей әйелдің арасын ажыратуға болмайды. Бұл әлемдегі ең шарапатты болған әйел (пайғамбарымыздың саллалаһу алейһй уә сәлләм қызы Фатима) өзінің күйеуіне қызмет ететін еді. Бірде ол Аллаһтың елшісіне (саллалаһу алейһй уә сәлләм) келіп жұмыстың қиындығын айтып арызданғанда, сонда пайғамбарымыз (саллалаһу алейһй уә сәлләм) оның шағымын қабылдамады»*-деді. Сөз соны.

---

[146] Бақара.228
[147] Ниса.34

Егер әйел өзінің күйеуінің оған қызықпағанын көрсе, бірақ әйелдің өзі онымен бірге қалуды қаласа не істейді?

Жауап: Аллаһ Тағала айтады: **«Егер бір әйел ері жағынан көңілсіздік немесе бет-бұрып кету пайда болуынан қорықса, ол екеуі өзара бір келісімге келулері зиян емес. Келісім (ажырасып кетуден) жақсырақ»**.[148]

Ибн Кәсир айтады: *«Егер әйел ерінің оған көңілсіздік білдіруінен немесе одан бет бұрып кетуінен қорықса, оған әйелдің еріне болған ақыларының барлығын, не кейбір ақыларын; нафақа, киім, түнеу сияқты не одан да басқаларын түсіруіне болады. Еріне де әйелінен осы шарттарды қабылдауына рұқсат етіледі. Әйелге оларды еріне беруінде және еріне оны қабылдауында еш күнә жоқ. Міне сол үшін Аллаһ Тағала* : **«Ол екеуі өзара бір келісімге келулері зиян емес. Келісім (ажырасып кетуден) жақсырақ»**-деді.

Кейін Саудату бинт Замғаның оқиғасын айтты. Ол әйел қартайып қалғанда пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) онымен ажырасуға ниет етеді. Сол кезде ол пайғамбармен (саллалаһу алейһи уә сәлләм) оны өзінде қалтыруға және өз күнін Айшаға беруге келісім шартқа отырады. Сөйтіп пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) оны қабылдайды да, ол әйелді өзінде қалтырады. [149]

Егер әйел күйеуіне жақпаса, әрі әйел онымен қалуды қаламаса не істейді?

Жауап: Аллаһ Тағала айтады: **«Егер ерлі-зайыптылардың Аллаһтың заңдарын орындай алмауларынан қорықсаңдар, онда әйелдің (ерінен ажырасуы үшін) оған бодау ретінде төлем бергенінде олар үшін күнә жоқ»**.[150]

Инб Кәсир тәпсірінде айтады (1/483): *«Егер ерлі-зайыптылар өзара келісе алмай, аралары бұзылса және әйелі еркектің ақысын ақтамаса, оны ашуландырса, әрі әйел ол еркекпен тұрмысты жалғастыруға шамасы келмесе, онда әйелге күйеуі оған (мәһір ретінде) берген нәрсесін оған қайтару арқылы өзін босатып алуына*

[148] Ниса.128
[149] Ибн кәсир тәпсірі:2/406.
[150] Бақара.229

болады. Әйелге ол төлемді беруінде, сондай-ақ күйеуіне оны қабылдауында ешқандай айып жоқ»-деді. Сөз соңы.

Міне осы «Хулғ»-деп аталады.

Егер зайыбы ерінен ешқандай үзірсіз ажырасуды талап етсе, онда оған қандай қауіп бар?

Жауап: Сәубаннан (оған Аллаһ разы болсын) жеткен хадисте пайғамбарымыз (саллалаһу алейһй уә сәлләм): ***«Қайсы бір әйел өз ерінен ешбір себепсіз ажырасуды сұраса, онда ол әйелге жәннәттың иісі харам болады»***[151]-деді.

Бұның себебі: Өйткені талақ — Аллаһқа ең жақпайтың халал нәрсе болып табылады. Сондықтан оған тек қажет болған жағдайда ғана қадам басуға болады. Ал қажетсіз болса, одан әркімге белгілі көптеген зардаптардың туындайтындығынан ол мәкруһ болады. Ал әйелдің талақты талап етуіне апаратын қажеті — ол күйеуінің өзіне міндет болған әйелінің ақысын өтеуден тартынуы. Және әйелдің сол себепті онымен қалудан зиян шегуі. Аллаһ Тағала айтады: **«Әйелді игілікпен сақтау немесе жақсылықпен ажырасу керек»**[152]-дейді. Басқа аятта айтады: **«Әйелдеріне жақындамауға ант ішкендерге төрт ай мерзімінде күтулері керек. Егер осы уақыт ішінде әйелдеріне қайтса, ол рұқсат етіледі. Өйткені Аллаһ өте жарылқаушы, рақымды. Егер талақ етуді ниет еткен болса, расында Аллаһ өте естуші, білуші»**[153]-деді.

Некенің аяқталғанында[154] әйелге уәжіп болған нәрселері.

Ерлі-зайыптылардың бір-бірінен ажыраулары екі түрлі болады:

1.Өмірдегі ажырасу[155].

2.Өлім себепті ажырасу.

Екі жағдайда да әйелге «идда» уәжіп болады. Идда деп шариғатта белгіленген күту мерзімін айтады. Ондағы хикмет: идда неке толық болғаннан кейін оның біткендігін білдіретін шегі болып

---

151 Абу Дауд пен Тирмизи риуаяты. Ибн Хиббан өзінің «Сахих» атты кітабында хадисті сахих деді.

152 Бақара.229

153 Бақара 226-227.

154 Яғни ажырасқанда.

155 Талақ беру екі жағдайдың бірінде болады:1-Әйел етеккірі біткеннен кейін ері оған қосылмай тұрып талақ беруі. 2-Әйел жүкті болғанда талақ беруі.

табылады,[156] сондай-ақ ол әйелдің жатырының тазаруы. Өйткені егер жатырдың тазаруынан бұрын әйел басқа біреуге тұрмысқа шықса, онда әйелдің жатырында алдыңғы ажырасқан ерінің ұрығы мен жаңадан тұрмыс құрған ерінің ұрықтары араласу себепті болашақ нәрестенің кімнен екендігіне күмән туады, әрі сол себепті ұрпақ жоғалады.

Сондай-ақ иддандан болған хикметтерден: алдыңғы некені құрметтеу әрі ажырасқан ерінің ақысын құрметтеу. Сонымен қатар әйелдің ерімен ажырасқандығына әсерленгендігін білдіруі идданың хикметі болып табылады.

Идда төрт түрлі болады:

Біріншісі:Екі қабат әйелдің иддасы.

Оның иддасы толық босанумен болады. Егер ол ажырасу талақ байн[157] немесе рожғи[158] болса да, немесе тірі кезде ажырасу не ері

---

[156] Яғни некенің толық біткендігі — әйел ерінен ажырағаннан кейін күтетін иддасы бітуімен болады. Сондықтан әйел ажырасқаннан кейін иддасы бітпестен бірден басқа ерге тұрмысқа шығуына болмайды, міндетті түрде идданың бітуін күтуі керек.

[157] Талақ бәйн дегеніміз: ол күйеуі әйелін талақ қылғаннан кейін оны қайта қайтара алмайтын талақтың түрі. Талақ бәйн екі түрлі болады:

1)Кіші талақ бәйн. 2)Үлкен талақ бәйн.

1)Кіші талақ бәйн дегеніміз:ол ері әйелін талақ еткеннен кейін оны қайта қайтарамын десе тек жаңадан мәһр беру арқылы ғана оны өзіне қайтара алады.

2) Үлкен талақ бәйн дегеніміз:ол ері талақ еткен әйелін идда кезінде болсын не идда біткеннен кейін де қайтаруы мүмкін емес талақтың түрі. Тек төмендегі шарттар орындалса ғана ол әйелге үйленуіне болады:

1.Ол әйел басқа біреуге тұрмысқа шықса.

2.Жаңадан құрған тұрмысындағы ері оған қосылса.

3.Жаңадан үйленген ері оны өз қалауымен талақ етсе, не қайтыс болса.

4.Жаңадан үйленген ерінен ажырағаннан кейінгі әйелдің идда мерзімі бітуі.

Осы айтылған шарттар орындалған жағдайда ғана бірінші ері ол әйелге жаңадан некеге отырып және жаңадан мәһр атап қана үйленуі рұқсат етіледі.

Кіші талақ бәйн және үлкен талақ бәйн қай кездерде болады?

Жауап: Кіші талақ бәйн үш түрлі жағдайда болады:

1)Үйленгеннен кейін әйеліне қосылмай тұрып талақ етсе. Аллаһ Тағала айтады: **«Ей момындар, қашан сендер момын әйелдеріңді некелеріңе алсаңдар, сосын оларға қосылудан бұрын оларды талақ етсеңдер, онда сендер үшін олардың мойынында саналатын идда (басқа күйеуге шығуға дейін ұсталуға тиіс) мерзім болмайды. Сонда сендер оларды (азды-көп сыйлықпен) несібелі етіп көркем түрде шығарып салыңдар!»**. (Ахзап.49)

Аят қосылудан бұрын талақ берілген әйелге идда күту керек емес екеніне дәлел болады. Күйеуі де оны қайта қайтара алмайды, тек жаңадан неке құрып қана қайтарады және бұл рожғи талақ емес, талақ бәйн болады.

2)Егер әйел еріне өзін босатуы үшін оған белгілі көлемдегі төлемін төлесе, әйелдің басы бос болады. Бұл жоғарыда айтқанымыздай «Хулғ» деп аталады әрі осы жағдайда бұл кіші бәйн болады.

3)Ерлі зайыптылардың кейбір себептермен ажырасатын жағдайларында кіші талақ бәйн болады. Мысалы: Бір айып үшін немесе бір зиян немесе еркектің әйеліне қосылмауына ант ішкен жағдайларындағы ажырасу кіші талақ бәйнге жатады.

Үлкен талақ бәйн қай кездерде болады?

Жауап: Егер үш талақ берілсе үлкен талақ бәйн болады. Аллаһ Тағала айтады: **«Талақ екі рет (яғни еркекке әйелін қайтару мүмкіндігі берілетін талақ екі рет) одан кейін жанұяны**

қайтыс болу себепті ажырасса да. Аллаһ Тағала Құранда айтады: **«Жүкті әйелдердің иддалары — босанулары»**[159].

Екінші түрі: Етеккір көретін әйелдің иддасы.

Оның идда мерзімі үш рет еттеккір көруі. Аллаһ Тағала айтады: **«Талақ етілген әйелдер үш етеккір мүддетін күтеді»**.[160]

Үшінші түрі: Етеккір көрмейтін әйелдер, олар екіге бөлінеді.

1.Жасы кіші етеккір көрмейтін қыз.

2.Етеккір көру жасынан асып кеткен үлкен әйел.

игілікпен сақтау немесе жақсылықпен ажырасу керек. Ал егер оны (үшінші) рет талақ етсе, ол әйел басқа еркекпен тұрмыс құрып (одан ажырағанға)дейін әуелгі еріне адал болмайды». (Бақара.229-230)

[158] Талақ рожғи (қайтару талағы) дегеніміз: Ол күйеуі әйеліне талақ бергеннен кейін идда кезінде әйелін қайта өзіне жаңадан некеге отырусыз қайтарып алуы рұқсат етілген талақтың түрі. Талақтың бұл түрінде ері әйелін өзіне қайтаруына әйелдің разылығы шарт етілмейді. Және бұл қайтару бірінші және екінші талақтан кейін әйелдің иддасы бітуінен бұрын болады. Егер әйелдің иддасы түгеген болса, онда талақ бәйнге айналады да ері әйелін өзіне қайтара алмайды.
Талақ рожғидың хикметтері:
1) Ері егер әйелін талақ қылғаннан кейін соған өкінсе, және жанұяны қайтадан орнына қалыптастыруды ниет етсе, оған оны жүзеге асыруына мұрсат беру.
2) Ері әйелін қайтарып алуы екі түрлі болады:
1. Сөзбен.
2. Іспен.
1. Сөзбен болатыны: Егер: «әйелімді қайтарып алдым», немесе осы мағынадағы сөздердің бірін айтып білдірсе.
2. Іспен болатыны: Егер әйеліне жоғарыда айтылған талақ бергенінен кейін әйелін қайтару ниетімен оған жақындасса. (қосылса)
3) Талақ рожғи берілген әйел иддасы бітпейінше ерінің зайыбы болып саналады. Ері ол әйелге нафақасын беруі, ішіп-жеумен, үймен қамтамасіз етуі керек. Ол әйелге ерінің басқа әйелдері сияқты үйінде отыруы керек, ері үшін әшекейленуіне және еріне онымен жеке қалуына әрі қосылуына болады. Сондай-ақ екеуінің бірі қайтыс болған жағдайда бір-бірінің мирасына ие бола алады.
4) Талақтың бұл түрінде ері әйелін қайтарып алуы үшін оған әйелдің не оның уәлиінің разылығы қажет емес. Өйткені Аллаһ Тағала айтады: **«Егер ерлері араларын түзетіп, жанұяны қалыптастыруды қаласа, сол уақыт ішінде әйелдерін қайтарып алуларына ақтырақ»**.(Бақара.228)
5)Ердің әйелін қайтару мерзімі әйелдің иддасының аяқталу мерзімімен бітеді. Әйелдің иддасы: ол оның үш етеккір көруі, егер үшінші етеккірден тазарғанға дейін ері оны қайтармаса, (ол талақ бәйн болады) онда ол әйел одан ажырайды да, ері оны тек жаңадан некеге отырумен әрі оның шарттарын орындау арқылы ғана оны қайтара алады. Некенің шарттары: 1)Уәлидің болуы. 2)Екі әділ куәгердің болуы.
6) Рожғи талақ берілген әйел және рожғи талақтың мерзімі өткенінен кейін (яғни талақ бәйн болғаннан кейін) өзінің бұрынғы күйеуіне жаңа некеге отырып тұрмысқа шыққан әйелдер талақ санын жаңадан бастамайды. Бәлкім осы талаққа дейін нешеу болса содан бастап санайды. Мысалы: ері әйеліне екі талақ беріп кейін әйелін қайта қайтарып алса, онда қайта қосылғаннан кейін талақты бірден бастап санап әлі үш талақ бар демейді. Бәлкім екі талақ өтіп кетті, енді үшіншісі қалды деп есептейді. Егер үшінші талақ берілсе онда әйел күйеуінен түбегейлі ажырайды. Ал егер ері сол әйеліне қайта үйленемін десе, онда әйелі басқа ерге күйеуге шығып, ол ері оған қосылғаннан кейін оны талақ етсе, не қайтыс болу себепті әйел одан ажырасса ғана оған үйлене алады.
[159] Талақ.4
[160] Бақара 228.

Бұл екеуінің иддаларын Аллаһ Құранда былай баяндаған: **«Әйелдердің арасындағы (қартайып қалғандығы себепті) етеккір көруден үміт үзгендері, егер сендер (олардың иддалары қанша ұзаруы туралы) күмәндансаңдар, онда (біліңдер) олардың иддалары үш ай және әлі етеккір көрмеген әйелдердің иддалары да үш ай».**[161]

Төртінші түрі: Ері қайтыс болған әйел.

Аллаһ өзінің кітабында олардың иддаларын былай деп баян етті: **«Сендерден қайтыс болғандар әйелдерін қалтырған болса, ол әйелдер төрт ай он күн өздері идда күтеді».**[162] Идданың бұл түрі ері оған қосылған және қосылмаған, кіші және үлкен әйелдердің барлығына қатысты. Тек жүкті әйелге ғана қатысты емес. Өйткені: **«Жүкті әйелдердің иддалары босанулары»**[163] Сөз соңы. (Һәди Ән-Нәбәуий/ Ибн Қойм 5/594-595)

Идда мерзіміндегі әйелдерге қатысты тыйым салынған істер.

1- Оларға құда түсу үкімі:

А) Рожғи талақ иддасы кезіндегі әйел:

Оған ашық айтып құда түсуге де, ашық айтпастан құда түсу ниетін ымдап білдіруге де болмайды. Өйткені ол әйел өз ерінің әйелі үкімінде. Сондықтан оған ешкімнің құда түсуіне болмайды.

Б) Рожғи талақ емес идда кезіндегі әйел:

Оған ашық айтып құда түсу харам етіледі, бірақ оған үйлену ниеті бар екенін ашық айтпастан ымдап білдіруге болады. Өйткені Аллаһ Тағала айтады: **«Ерлері өліп идда сақтап жүрген әйелдерге құда түсуді ымдап білдірулеріңде еш күнә жоқ».**[164]

Оған үйленуді ашық айту, мысалы: «Саған үйленгім келеді»-деу сияқты. Идда кезіндегі әйелге былай айтуға болмайтын себебі, өйткені әйел оған күйеуге шығуға асыққандығынан иддасы бітпей тұрып оны бітті деп хабарлау қаупі болғандығынан. Ал енді турасын айтпастан оған үйлену ниеті бар екенін жәй ымдап білдіру, бұл оған анық үйленемін деген сөз емес, сондықтан бұнда ондай қауіп жоқ.

---

[161] Талақ 4.
[162] Бақара 234
[163] Талақ 4.
[164] Бақара 235.

Сондай-ақ аяттың мағынасы да бұның рұқсат екенін білдіреді. Үйлену ниетін анық айпастан ымдап білдірудің мысалы, егер: «Сен сияқты әйелге үйленуді қалаймын, не қызығамын»-деп айтса. Талақ рожғи емес иддасындағы әйелге бұл сияқты ымдауға және ол да оған ымдаумен жауап беруіне болады. Бірақ анық айтқанға жауап беруіне болмайды. Ал рожғи талақ иддасындағы әйелге өзіне құда түскендердің ешқайсысына жауап беруіне болмайды. Анық айтып та, ымдап та жауап беруіне болмайды.

2- Басқа ерден ажырап идда күткен әйелге неке қию харам етіледі.

Өйткені Аллаһ Тағала айтады: **«Бұйырылған идда мерзімі біткенге дейін (идда күткен әйелдерге) неке қиюды ниет етпеңдер».**[165]

Ибн Кәсир өзінің тәпсірінде: *«Яғни олармен иддалары біткенге дейін некеге отырмаңдар. Расында ғұламалар идда кезіндегі неке қию дұрыс емес екендігіне келіскен»*- деді.(1/509)

Пайдалы мәселелер.

Күйеуге тиген әйелді егер ері оған қосылудан бұрын талақ етсе, ол әйел идда күтпейді. Өйткені Аллаһ Тағала айтады: **«Ей иман келтіргендер, егер мүмін әйелдерді некелеріңе алсаңдар, кейін оларға қосылудан бұрын оларды талақ етсеңдер, онда сендер үшін олардың мойнында саналатын идда жоқ».**[166] Ибн Кәсір өзінің тәпсірінде: *«Бұл ғұламалардың оған келіскен істері, егер әйел оған ері қосылудан бұрын оны талақ етсе, ол әйел идда күтпейді, егер қаласа бірден басқа ерге күйеуге тиеді»*-деді. (5/479)

Мәһірі аталған әйелді ері оған қосылудан бұрын талақ етсе, ол әйел аталған мәһрдің жартысын алады. Ал егер мәһірі аталмаған әйелді ері қосылуынан бұрын талақ етсе, ол әйел мәһір алмайды. Оған тек шамаға қарай киім-кешек не басқа тағы сол сияқты заттарды сыйлайды.[167]

---

[165] Бақара 235

[166] Ахзаб 49.

[167] Неке уақытында әйелдің мәһірі аталмаса және ері оған қосылудан бұрын қайтыс болса, әйел мәһір ала ма? Оған жауап: Ибн Масғұд (оған Аллаһ разы болсын) осы жайлы сұралғанда: «Ол әйелге басқа әйелдерге сияқты еш кемітусіз және арттырусыз толық мәһір беріледі және ол әйел идда күтеді және мирасқа да ие болады»-дейді, сонда бір адам тұрып: «Аллаһтың елшісі (саллалаһу алейһи уә сәлләм) біздің рудың Бируаға бинт Уашиқ деген әйелге тура сенің айтқаныңдай үкім берген»-дейді. Сонда Ибн Масғұд (оған Аллаһ разы болсын) бұны естіп

Егер әйел ері оған қосылғаннан кейін талақ етілсе, оған мәһірі беріледі. Аллаһ Тағала айтады: **«Егер әйелдеріңді оларға жақындаспастан немесе мәһір белгілемей тұрып талақ етсеңдер сендер үшін күнә жоқ. Ондай жағдайда оларды жағдай барларың молынан, жоқтарың әлдеріңе қарай өздеріңдегі игіліктерден пайдаландырыңдар! Бұл үкім игілік істеушілерге міндет етіледі. Егер мәһрді белгілеп қойып, жақындасудан бұрын оларды талақ етсеңдер, оларға белгіленген мәһрдің жартысын берулерің керек»**[168]-дейді.

Яғни еркектерге әйелдеріне қосылмай тұрып және мәһрді атаудан бұрын оларды талақ етулерінде еш күнә жоқ. Бұл әйелдің көңіліне ауыр тигенімен, әйелге әдет-ғұрыпқа сай әрбір еркек өз шамасына қарай оған әр түрлі заттар сыйлауы оның орнын басады. Бұны айтқаннан кейін Аллаһ Тағала мәһірі аталған әйелдерді айтып, оларға ажырасқанда мәһірдің жартысы берілетінін баяндады.

Ибн Кәсір өзінің тәпсірінде айтады: *«Бұндай жағдайда мәһірді жартыға бөлу— ғұламалардың арасындағы келісілген, ол жайында ешқандай қарама-қайшылығы жоқ іс болып табылады».* Сөз соңы. (1/512)

3-Ері қайтыс болған әйелге идда кезінде бес түрлі нәрсе харам етіледі.

1- Иіс судың барлық түрін қолдану.

Оны денесіне не киіміне жағуына болмайды. Сондай-ақ иіс судан басқа да кез келген әтірлендіретін заттарды қолданбайды. Өйткені пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) сахих хадисте: ***«Ері қайтыс боған әйелге әтір жағуына болмайды»***[169]-деген.

қуанады. Бұл хадисті имам Ахмад (7/175), Абу Дауд, Насайи, Тирмизйи және Ибн Мәжжә риуаят еткен, және Имам Тирмизий және Ибн Жаруд, Ибн Хиббан және Хаким және шейх Албаний сахих деген.

[168] Бақара 236-237.

[169] Бухари, Муслим.

2- Денесін зейнеттеу.

Ол әйелге зейнеттелудің барлық түрі: көздеріне сүрме жағу, теріге пайдаланатын хынаның түрлері сияқты зейнеттелудің түрлері харам етіледі. Тек егер емделу үшін көздеріне сүрме жағуға мұқтаж болса, оны зейнет үшін емес емделу үшін жағуына болады. Оны түнде жағып күндіз сүртіп тастайды. Сондай-ақ көздерін сүрмеден басқа зейнетке жатпайтын заттармен емдеуіне болады.

3- Зейнет үшін арналып тігілген көйлектерді киіп әшекейленуі харам етіледі.

Сондықтан зейнетке жатпайтын қарапайым көйлектерді киеді. Және әдетте киетін кийм киеді де арнайы бір түсті таңдамайды.[170]

4- Әшкейлі тастардан, не алтын, күміс сияқты пайдалы қазбалардан жасалған зеб-зейнеттер, тіпті жүзік болса да тағуына болмайды.
5- Әйелге онда тұратын және ері онда қайтыс болған үйден басқа үйде түнеуі харам етіледі.

Ол үйден әйелге тек шарғи үзірмен ғана басқа жерге ауысуына болады. Ол әйелге ауырған науқастың көңілін сұрау үшін, немесе достары мен туыстарын зиярат ету үшін де үйінен шығуына болмайды. Оған күндіз өзіне керекті қажет заттары үшін шығуына болады. Осы айтылған бес нәрседен басқа Аллаһтың халал еткен істерінен қайтарылмайды.

Ибн Қойм: *«Ері қайтыс болып идда күткен әйел тырнақ алудан, қолтықтың және басқа да оны қыруы мустахаб болған жерлерді қырудан, сидрмен жуынудан және онымен шашын тараудан қайтарылмайды»*-деді. Сөз соңы. (Һәди Ән-Нәбауй 5/507)

Шейхуль Ислам Ибн Тәймия «Фатауалар жинағында»: *«Ол әйелге көкөніс, ет сияқты Аллаһ мубах еткен балық нәрселерді жеуіне, сондай-ақ барлық рұқсат етілген сусындарды ішуіне болады»*-деді. Кейін: *«Оған әйелдер істейтін көйлек тігу, оны*

[170] Сондай-ақ еркектерге де біреу қайтыс болса соған арнап белгілі киімдер киюлеріне болмайды, мысалы: еркектердің белдерін буулары сияқты.

әшекейлеу және жіп иіру сияқты жұмыстарды істеу харам етілмейді. Сондай-ақ оған идда кезінен тыс уақытта мубах етілген істер рұқсат етіледі. Мысалы: егер бір еркекке сөз қатуға мұқтаж болса, оранған күйінде оған қажетін айтуға болады, сондай-ақ бұдан басқа да істер.

Міне осы айтқаным ол ерлері қайтыс болғандағы сахаби әйелдердің істеген пайғамбарымыздың (саллалаһу алейһи уә сәлләм) сүннеті»-деді. Сөз соңы (34/27-28)

Ал енді адамдардың: «Ол бетін айға көрсетпей жабады, үйдің төбесіне шықпайды, еркектерге сөйлемейді, бетін өзіне махрам болатын туыстарына көрсетпейді»-деген және тағы басқа да сөздеріне ешқандай дәлел жоқ. Аллаһ білушірек!

10 - бөлім

Әйелдің құрметі мен абыройын сақтайтын үкімдер

1-Әйел еркек адам сияқты көзін төмен түсіруге және абыройын сақтауға бұйырылған.

Аллаһ Құранда: (Мұхаммед саллалаһу алейһи уә сәлләм) «Мүміндерге айт: **Көздерін (бөгде әйелдерге қараудан) тоссын және абыройларын (харамнан) сақтасын! Міне, осы — олар үшін ең таза (жол). Әлбетте, Аллаһ олар істеп жатқан істерден хабардар. Момын әйелдерге де айт: көздерін (бөгде ерлерге тігуден) тоссын және абыройларын (харамнан) сақтасын!»** .[171]

Ұстазымыз Мұхаммад Әмин Шинқитий өзінің «Адуауль-Баян» атты тәпсірінде (6/186,187) осы аят жайында былай деді: *«Аллаһ Тағала осы аятта мүмін ерлер мен әйелдерге көздерін арамнан тыюды әрі жыныс мүшелерін сақтауды бұйырды. Жыныс мүшелерін сақтауға: оны зинадан, гомосексуализмнан және трибадизмнан, адамдарға оны көрсетуден, оларды ашылып қалуынан сақтау жатады»*-деді. Кейін былай деп жалғастырды: *«Осы аятта Аллаһ Тағала өзінің әміріне мойынсынған ерлер мен әйелдерді, егер олар осымен қатар Ахзап сүресінде айтылған ерекшеліктерді қоса орындаған болса, оларды кешіруді және оларға өте үлкен сауапты уәде еткедігін айтты. Аллаһ Тағала былай дейді:* **«Сөз жоқ, мұсылман ерлер және мұсылман әйелдер, мүмін ерлер және мүмін әйелдер, бой ұсынушы ерлер және бой ұсынушы әйелдер, шыншыл ерлер және шыншыл әйелдер, сабырлы ерлер және сабырлы әйелдер, ықыласты ерлер және ықыласты әйелдер, садақа беруші ерлер және садақа беруші әйелдер, ораза ұстаушы ерлер және ораза ұстаушы әйелдер, ұятты жерлерін қорғаушы ерлер және әйелдер, Аллаһты көп зікір етуші ерлер және әйелдер, Аллаһ Тағала бұлар үшін жарылқау және ірі сыйлық әзірледі»**.[172] Сөз соңы.

Трибадизм деген сөзінен мақсат, трибадизм: ол әйелдің әйелмен аймаласып қатынасуы. Бұл өте үлкен қылмыс болып табылады, бұны істеген екі әйел де өте қатаң жазаға лайықты.

[171] Нұр. 30-31
[172] Ахзаб. 35

Муғниде (8/198): *«Екі әйел бір – бірімен аймаласса, екеуі де лағнеттелген және зинақор болып саналады. Өйткені Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) былай деді:* ***«Егер әйел әйелмен қатынасса, ол екеуі де зинашы»****. Ол екеуін де қатаң жазалау уәжіп болады, өйткені ол оған шарғи хад жоқ зина»*[173] - деді. Сөз соңы.[174]

Мұсылман әйел, әсіресе бойжеткендер бұл жаман, жеркеніштi iстен сақ болуы керек.

Ал көзді харамнан тыю турасында Имам Ибн Қайим «Әл-Жауаб Әл-Кафий» кітабында (129,130) былай деді: *«Назар салу сәттері шаһуатты қоздырушы әрі оның елшісі болып табылады. Көзді сақтау — жыныс мүшелерін сақтаудың негізі. Ал кімде-кім назарын еркіне жіберсе, ол өз нәпсісін құрдымға тастаған болады. Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм):* ***«Ей Али, бір қарағаныңа екінші рет назар салма, кенеттен көріп қалған назарда сен үшін күна жоқ»*** *– деді. Бұдан мақсат: арнайы мақсатсыз, кенеттен көріп қалу.*

Имам Ахмад Муснадында Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) ***:«Көз жүгірту – Ібліс шайтанның жебелерінің уланған бір жебесі»*** - *деді. Және назар салу – Адам баласы оған тап болатын барлық зина оқиғасының негізі. Өйткені назар салу адам көңілінде ой туғызады, кейін көңілдегі ой пікірді туғызады, сосын пікір шаһуат тудырады, кейін шаһуат қалауды тудырады, содан кейін қалауы күшейеді де, ол нақты шешімге айналады. Нәтижесінде егер одан тосатын қайтарушы болмаса, міндетті түрде іс жүзеге асады*[175]*. Сондықтан мынандай сөз бар: «Көзді*

---

[173] Шарғи хад жоқ зина дегені:трибадизм зинаға жатады, бірақ оны істеген әйелге бөтен еркек пен әйелдің өздеріне харам етілген жыныстық қатынас істегені себепті дүре соғылмайды немесе рожм (таспен ұру) қылынбайды. Рожм және дүре соғу шариғаттың зина қылған еркекпен әйелге қолданылатын жазасы. Бірақ бұл жаза трибадизмді қамтымайды. Демек «хад» сөзі арап тілінде жаза мағынасын білдіреді. Егер зина қылғандар үйленген болса, яғни күйеуі не әйелі бола тұра басқа біреумен зина қылса немесе үйленіп ажырасқан болса, сөйтіп біреумен зина қылса оған шариғаттың белгілі шарттары орындалғаннан кейін рожм қылынады. Ал егер зина қылғандар үйленбеген болса, онда оларға дүре соғылады. Бұл жазаны басшы не оның орынбасарлары іске асырады және солар оған жауап береді, ал кез-келген адамдар бұны істеуіне ақылары жоқ.

[174] Шейхуль Ислам Ибн Таймия фатауалар жинағында (15/321) былай деді: «Осыған байланысты трибатизм қылған әйел, хадисте айтылғандай: «әйелдердің зинасы — бір-бірімен аймаласуы» дегеніндей, зинақор болады».

[175] Яғни адам зина жасайды.

тыюға сабыр қылу, одан кейінгі болатын қиындыққа сабыр қылудан жеңілірек»[176]. Сөз соңы.

Сондықтан, әй мұсылман әпке-қарындастар, сіздерге ерлерге қараудан көздерді тыю уәжіп болады. Сондай-ақ, кейбір журналдар мен телевизорларда, немесе видиоларда көрінетін фитналы суреттерге қараудан тыйылу уәжіп болады. Сонда ғана ақырларыңыз жақсы болып, жаман нәтижеден аман қаласыздар.

От кішкентай ұшқындардан құралады дегендей, қанша-қанша харамға назар салулар адамға өкініш әкелген.

2 - Абыройды зинадан сақтау себебтерінің бірі — музыка және музыкалық аспаптарды тыңдаудан ұзақ болу.

Имам Ибн Қайм өзінің «Иғосату Әл-лаһафан» атты кітабында (1/242, 248, 264, 265): *«Шайтанның білімі мен ақылы және діні аз адамдарға құрған қастығының бірі және надандардың жүректерін аулаған айлаларының бірі — харам музыкалық аспаптармен болған өлеңдер, шапалақ және ысқыруларды тыңдау. Олар адамдардың жүректерін Құран тыңдаудан тосады, оларды пасықтыққа және күнәға батырады, өйткені музыка — ол шайтанның құраны және адамды Рахманнан тосатын қалың перде.*

Музыка зиқорлыққа және гомосексуализмге құмарландырады және сол себебі жаман ойлы пасық адамдар өздерінің ұнатқан әйелдеріне өте оңай қолдарын жеткізеді...»- деді. Кейін: *«Ал оны әйел немесе әйелдер сияқты көңілдері бос, және әйелдерге ұқсаған жас балалардан тыңдау – өте үлкен харам нәрселерден және дінді өте қатты бұзатын істерге жатады»* - деді. Кейін: *«Әрбір өзінің жанұясын қызғанатын, оларды харамнан қорғайтын адам, оларды осы музыкаларды тыңдаудан алшақтататынына еш күмән жоқ. Сол сияқты оларды жүрекке күмән кіргізетін себебтерден де ұзақ ұстайды»*-деді.

Тағы былай деді: *«Адамдар арасындағы белгілі нәрсе, егер еркекке әйелдің көңілін өзіне аудару қиындаса, ол оған музыканы тыңдатуға тырысады, сол кезде әйел жұмсарады. Өйткені әйелдің көңілі әдемі дауыстарға тез босайды. Ал егер дауыс музыкамен бірге болса, оның көңілінің босауы екі есе болады: дауыс жағынан,*

[176] Яғни зина қылғаны себепті жазаға тартылудан және егер дүниеде жазаланбаса қияметтегі азаптан жеңілірек.

және мағынасы жағынан. Ал егерде осыған тағы тамбур, [177] *жастық шақ және елжіреп таханнуспен*[178] *билеу қосылса, әйел музыка себебті еқі қабат болатын болса, дәл осы музыкадан болады. Аллаһпен ант етемін! Қаншама әйелдер осы музыкалар себебті жезөкшеге айналған?!».* Сөз соңы.

Ей, мұсылманның қыздары, Аллаһтаң қорқыңдар да мінез-құлықты бұзатын қатерлі аурудан сақтаныңдар! Ол ауру — мұсылмандардың арасында әр түрлі жолдармен тарап кеткен өлеңдерді тыңдау. Өлеңдердің таралуы соншалықты, көптеген надан қыздар ол өлеңдердің түп нұсқаларын талап етеді және оны өздерінің арасында бір-біріне сыйға тартады.

3-Абыройды зинадан сақтау себептерінің бірі — әйелді пасық, әзілқой адамдардан қорғайтын махрамы болмаса, оған сапарға шығуына тыйым салу.

Әйелді махрамсыз сапар шегуден тыю жайында көптеген сахих хадистер келген. Олардың бірі: Ибн Омар (оған Аллаһ разы болсын) риуят еткен хадисте Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм)**:** ***«Әйел кісіге өзінің махрамысыз үш күндік сапаға шығуына болмайды»***[179] - деді. Абу Сағид Әл-Худриден (оған Аллаһ разы болсын) келген хадисте: ***«Пайғамбарымыз*** *(саллалаһу алейһи уә сәлләм****)*** ***әйелді екі күн, немесе екі түн күйеусіз немесе махрамсыз сапар шегуінен қайтарды»***[180] - деді. Абу Һурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) келген хадисте Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм)**:** ***«Аллаһқа және ақірет күніне иман келтірген әйелге өзінің махрамысыз бір тәуліктік қашықтыққа сапар шегуі рұқсат етілмейді»***[181] - деді.

Бұл хадистердегі үш күндік, екі күндік, және бір тәуліктік мөлшерден болған мақсат — жаяу және сол уақыттағы көлік түрлерімен аталған уақыттағы кесіп өтілетін қашықтық. Хадистердегі сапардың мөлшері «үш күн», «екі күн», «бір тәулік», «не одан да аз» - деп әр-түрлі болғандығына ғұламалар былай деп жауап берді: *«Хадистен болған мақсат — оның сыртқы түсінігі*

---

[177] Барабан сиякты музыкалық аспап.
[178] Әйелдерге ұқсау.
[179] Бухарий, Муслим р-ты.
[180] Бухарий, Муслим р-ты.
[181] Бухарий, Муслим р-ты.

емес, керісінше бұған сапар деп аталатын нәрсенің барлығы кіреді. Сондықтан әйел солардың барлығынан қайтарылған».

Имам Науауий Сахих Муслимнің шархында (9/103) былай деді : *«Белгілі болғаны, әйел күйеусіз және махрамсыз сапар деп аталатын нәрсенің барлығынан қайтарылған, мейлі, ол үш күн не екі не бір күн немесе одан да аз қашықтық болсын. Өйткені ибн Аббастан (оған Аллаһ разы болсын) :* ***«Әйел кісі тек қана махраммен сапар шегеді»*** *- деген жалпы риуаят келді, ол жоғарыда айтылған Муслимнің ақырғы риуаяты. Бұл хадис сапар деп аталатын нәрсенің барлығын өзі ішіне алады. Аллаһ білушірек!»* Сөз соңы.

Ал әйелге парыз қажылыққа әйелдер жамағатымен бірге сапар шегуіне рұқсат бергендер болса, олардың сөздері сүннетке қайшы келеді. Имам Хаттаби «Мағалиму Сунан» атты кітапта (2/276,277) былай деді: *«Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) әйелді махрамсыз сапар шегуден тыйды. Ал оған Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) қойған шартты орындаусыз қажылыққа сапар шегуіне рұқсат ету — сүннетке қарама-қайшы. Егер оның махрамсыз шығуы күнә болатын болса, оған қажылықты парыз қылуға болмайды. Бұл — күнаға алып баратын итағат болып табылады»*. Сөз соңы.

Мен былай деймін: Олар әйелге бүтіндей махрамсыз сапар шегуін рұқсат етпеді, тек қана парыз қажылығына ғана сапар шегуін рұқсат етті.

Имам Науауий «Мажмуғ» кітабында (8/249): *«Әйелге нәпіл қажылыққа, сауда және зиярат сияқты сапарларға махрамсыз шығуына болмайды»* - деді. Сөз соңы.

Ал қазіргі кезде әйелдің барлық сапарына махрамсыз сапар шегуіне жеңіл қарайтындарға сөздері алынатын ғұламалардың еш бірі келіспейді. Сол жеңіл қарайтындар: «Әйелдің махрамы оны самолётке мінгізіп жібереді де, оны әйелдің қалаған еліне жеткенінде, оны басқа махрамы күтіп алады. Өйткені олардың ойларынша самолётте ер-әйел жолаушылардың көп болғандығынан ол сенімді болады» – дейді.

Біз оларға былай дейміз: «Жоқ, олай емес. Өйткені самолёт басқасынан көре қатерлірек, себебі онда жолаушылар бір-бірімен араласады, кейде әйел еркектің қасына отырып қалады, немесе кейде

самолёт басқа жаққа бет алуға мәжбүр болады да, оны күтіп алатын ешкімі болмай, ол қатерлерге тап болады. Сонда ол өзі білмейтін әрі махрамы болмаған елде не істемек?[182]

4 – Абыройды зинадан сақтайтын себебтердің бірі — әйелді оған махрам емес бөтен ер кісімен оңаша қалудан тыю. Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм**)** :***«Кімде-кім Аллаһқа және ақырет күніне иман келтірсе, махрамы болмаған әйел кісімен оңаша қалмасын, өйткені олардың үшіншісі шайтан болады»*** - деді. Амр Ибн Рабиғадан (оған Аллаһ разы болсын) келген хадисте Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм**)**: ***«Ер кісі өзіне халал болмайтын әйел кісімен жеке қалмасын, өйткені олардын үшіншісі шайтан, тек әйелдің махрамы болса ғана рұқсат»***- деді.

Әл-Мәжд (оны Аллаһ рақым етсін) «Мунтақо» деген кітапта: *«Бұл екі хадисті имам Ахмад риуаят еткен»*-деді. Оның мағынасы жоғарыда Ибн Аббастың Бухарий мен Муслим риуаят еткен хадисінде айтылып өтті[183].

Имам Шауканий «Найлуль Аутар» атты кітапта (6/120): *«Ибн Хажар «Фатхуь Бари» атты кітапта айтқанындай, бөтен әйелмен жеке қалудың харамдығына ғалымдар бір ауыздан келіскен. Хадистегі бөтен әйелмен оңаша қалудың харам болған себебі — шайтан олардың үшіншісі болғандығынан және шайтанның сол жерде болуы — ол екеуін күнәға жолықтырады. Ал егер әйел кісінің махрамы болса, онымен жеке қалу рұқсат етіледі. Өйткені әйелдің махрамының болуы, ол екеуін күнәға түсуден тосады»* - деді. Сөз соңы.

---

[182] Әйелді махрамсыз сапар шегуіне болмайтындығына кескінді дәлелдердің бірі — Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын) айтады: Аллаһтың елшісі (саллалаһу алейһи уә сәлләм**)** хұтба қылғанын естідім, сонда ол: «Еркек өзіне бөтен әйелмен жеке қалмасын, тек оның махрамы болса ғана, және әйел тек өзінің махрамымен ғана сапар шексін»-деді. Сонда бір адам тұрып: Иә Аллаһтың елшісі (саллалаһу алейһи уә сәлләм**)**, менің әйелім қажылыққа кеткен еді, ал мен пәленше пәленше ғазуаттарға жазылып қойдым деді. Сонда Аллаһтың елшісі (саллалаһу алейһи уә сәлләм**)** оған: «Бар да әйеліңмен бірге қажылық қыл» - деді. (Бухарий мен Муслим р-ты.) Ғұламалар бұл хадистің шархында: Ол әйел сахаби әйел еді, және онымен бірге сапар шеккендер де барлығы сахабилер еді, олардан артық қандай жамағат бар? Бірақ сонда да Аллаһтың елшісі (саллалаһу алейһи уә сәлләм**)** ол әйелдің өзі жалғыз махрамсыз сапарға шығуын рұқсат етпеді-дейді.

[183] 48-бетті қараңыз.

Кейбір әйелдер және оларға жауапты адамдар әйелдердің бөтен ермен жеке қалуының бірнеше түріне немқұрайлы қарайды, солардың бірінен:

1 – Әйелдің күйеунің туыстарымен оңаша қалуы және оның алдында бетін ашып жүруі.

Әйелдің күйеунің туыстарымен оңаша қалуы басқадан көре өте қатерлі болып табылады. Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм): ***«Сендер әйелдерге кіруден сақ болыңдар!»*** - деді. Ансарлардың біреуі: «Иә Аллаһтың елшісі! Егер қайындары болса ше?» - деді. Сонда Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) ***«Қайын — өлім»***[184] - деді.

Бұл хадисте айтылған «қайындары» (әл-хаму) сөзінің мағынасы — ол күйеунің бауыры делінген. Ол ол әйелмен жеке қалуды жақтырмағандай болды.

Хафиз Ибн Хажар «Фатхуль Барий» атты кітапта (9/331) былай деді: *«Имам Науауий: «Араб тілі ғұламалары «қайын» (әл-хаму) сөзі әйелдің күйеуінің әкесі, әкесінің ағайындары, өзінің ағайындары, ағайындарының балалары және әкесінің ағайындарының балалары сияқты туыстары екеніне келіскен. Ал хадистегі мақсат қылынғаны ол күйеуінің әкесі мен күйеуінің басқа әйелдерінен болған балаларынан басқа туыстары. Өйткені олар (яғни күйеуінің әкесі мен балалары) әйелге махрам болады және олармен жеке қалуына рұқсат етіледі, сондай-ақ олар өлім деп сипатталмайды.*

Інісі өз жеңгесімен оңаша қалуы әдетке айналып, адамдар оған жеңілдік білдіргендіктен, ол өлімге ұқсатылды және бұл оған тыйым салуға басқасынан көре әуелірек деді» - деді. Сөз соңы.

Имам Шауканий «Найлуль Аутар» атты кітапта (6/122) былай деді: *«Қайын — өлім дегені, яғни өлім басқасынан көре қорқыныштырақ болғанындай, қайынның жеңгесімен оңаша қалуынан қорқу да басқасынан көре көбірек болады»*. Сөз соңы.

Ей, мұсылманның қыздары, Аллаһтан қорқыңдар! Егер адамдар бұл іске немқұрайлы қараса да, сендер оған немқұрайлы қарамаңдар! Өйткені амалдар адамдар әдетімен емес, шариғат үкімімен таразыланады.

---

[184] Имам Ахмад, Бухарий және Тирмизий р-ты. Бұл хадисті Имам Тирмизий сахих деген.

2 – Кейбір әйелдер және оларға жауапты адамдар ол харам болса да, әйелдің жалғыз өзі махрамсыз машинаға оның жүргізушісімен бірге мінуіне немқұрайлы карайды.

Сауд араб мемлекетінің муфтиі Мухаммад ибн Ибрахим Әлі-Шейх (Аллаһ оны рақым етсін) фатаулар жинағанда (10/52): *«Қазіргі күнде бөтен әйелдің қасында жүретін махрамысыз машинаның жүргізушісімен жекеленіп машинаға мінуі – айқын тыйым салынған іс екендігінде еш күмән қалмады. Бұл істе оған немқұрайлы қарауға болмайтын бірнеше жамандықтар бар. Мейлі ол әйел ұятты, мадениетті немесе ұятсыз, ерлермен сөйлекіш әйел болса да, онда айырмашылық жоқ.*

Махрамдарының[185] *осы ісіне разы болған еркек — діні әлсіз, еркектік намысы кем, әйеліне деген қызғанышы аз адам болып саналады. Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) :* ***«Ер кісі бөтен әйелмен ешқашан оңаша қалмасын, ондай болса олардың үшіншісі шайтан болады»*** – деді.

Әйелдің бөтен еркекпен жекешеленіп көлікке мінуі — олардың үйде не басқа жерде оңаша қалуынан көре жаманырақ. Өйткені көлікке міну — еркекке ол әйелді (оған әйел разы болса да, болмаса да) өзінің қалаған жеріне, не қаланың сыртына алып кетуіне мүмкіндік береді. Міне осының жамандығы жәй ғана жеке қалудың жамандығынан көре әлдеқайда көбірек болады» - деді. Сөз соңы.

Әйелдің қасында жүретін махрамы ересек кісі болу керек, жас баланың болуы жетпейді. Кейбір әйелдердің: «Егер қасыма жас баланы ертіп алсам, оңашада болмаймын» - деген ойлары қателік.

Имам Науауий (9/109): *«Ал егер ердің бөтен әйелмен үшінші адамсыз оңаша қалуы болса, ол ғұламалардың келісімі бойынша харам іс. Сол сияқты олардың қасында одан кішкентайлығы үшін ұялмайтын жас бала болса, сол себебті харам болған оңашалану жойылмайды»* - деді.

3 – Кейбір әйелдер және оларға жауыпты адамдар: «Әйел емделуге мұқтаж» деген сылтаумен оның (жалғыз өзі) дәрігерге кіруіне жеңіл қарайды. Бұл өте қатты қайтарылған қатерлі іс. Бұны мақұлдауға және оған үндемеуге болмайды.

[185] Ердің әйелі, қарындасы, апайын және шешесі сияқты.

Шейх Мухаммад Ибн Ибраһим (оны Аллаһ рақым етсін) фатуалар жинағында (10/13) былай деді: *«Қандай жағдайда болмасын, ердің бөтен әйелмен оңаша қалуы шариғатта харам қылынған. Егер де ол оны емдейтін дәрігер болса да, оған бөтен әйелмен оңаша қалуына болмайды. Өйткені пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм):* ***«Ер кісі бөтен әйелмен ешқашан оңаша қалмасын, ондай болса олардың үшіншісі шайтан болады»*** *- деді.*

Әйелдің дәрігерге кіруі үшін, міндетті түрде онымен бірге бір адам болуы керек. Ол адам әйелдің күйеуі немесе оның махрамдарынан болған бір еркек болса да рұқсат етіледі. Егер әйелдің махрамдарынан ер адам келе алмаса, жоқ дегенде оның туыстарынан бір әйел болуы керек. Егер жоғарыда айтылғандардың еш бірі табылмаса, және ауыру қатерлі болып, оны емдеуді кешіктіруге мүмкіндік болмаса, тыйым салынған оңашаланудан сақтану мақсатында кем дегенде медбике сияқты біреудің болуы керек». Сөз соңы.

Сол сияқты дәрігердің бөтен әйелмен, егер ол оның серіктесі немесе медбикесі болса да, онымен жеке қалуына болмайды. Сондай-ақ мұғалім, ол соқыр немесе басқа болса да, оқушы қызбен оңаша қалуына, стюардессаның да бөтен ермен оңаша қалуына болмайды.

Міне осы істе көптеген адамдар қазіргі кездегі жасанды, жалған мәдениет әрі кәпірлерге соқыр ергесу атымен және шариғат үкімдеріне көңіл бөлмегендіктері себепті жеңілдік білдіреді. Өте үстем әрі ұлы Аллаһтан басқа ешкімде күш қуат жоқ!

Адамға өзінін үйінде қызмет ететін қызметші әйелмен оңаша қалуы, сол сияқты үй иесі болған әйелдің де үйіндегі қызметші ермен оңаша қалуына болмайды. Қызметшілердің проблемасы қазіргі заманда әйелдердің оқу және үйден тысқары жұмыстармен шұғылданып қалулары себепті көптеген адамдардың онымен бәлеленген қатерлі проблемасы. Осы нәрсе мүмін ерлер мен әйелдерді одан өте сақ болуларын және одан ықтият болу амалдарын қолдануды міндет етеді. Сол сияқты оларға жаман әдеттерден ұзақ болулары уәжіп болады.

Толықтастыру:

Әйелге өзіне махрам емес еркектермен қол алыса амандасуына болмайды. Сауд Арабия елінің білім және фатуа, дағуат және өсиет бөлімінің бастығы шейх Абдул Азиз ибн Баз (оны Аллаһ рақым етсін) өзінің фатауасында былай деді: *«Әйелге өзіне махрам емес еркектермен ешқашан қол алысып амандасуына болмайды, қол алысатын адам егер жас қыз немесе кәрі апа болса да, не жас жігіт не кәрі шал болса да. Өйткені бұнда олардың әрқайсысы үшін фитна қатерлігі бар.*

Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) хадисінде: ***«Мен әйелдермен қол алыспаймын»*** *- деді. Айша анамыз (оған Аллаһ разы болсын):* ***«Аллаһтың елшісінің қолы ешқашан әйелдің қолына тиген емес, олар Пайғамбарымызға (саллалаһу алейһи уә сәлләм) текс сөзбен байғат беретін еді»*** *- деді.*

Жалпы дәлелдер үшін және фитнаға алып келетін жолдарды тосу үшін, әйелдің бөтен еркектермен қолына бір нәрсе киіп немесе кимей қол алысып амандасуында еш айырма жоқ». Сөз соңы.

Шейх Мухаммад Әмин Шинкитий өзінің «Адуауль Баян» атты тәпсірінде (6/602, 603) былай деді: *«Біліп қой, расында еркекке өзіне бөтен әйелмен қол беріп амандасуына болмайды. Сол сияқты оның денесінің бір нәрсесі де бөтен әйелдің денесіне тиюіне болмайды. Бұған төмендегі нәрселер дәлел болады:*

1) Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) ***«Мен әйелдермен қол алыспаймын»*** *- деді. Аллаһ Құранда:* **«Расында сендер үшін Аллаһтың елшісінде көркем үлгі - өнеге бар»**[186] *- деді. Бұл аят бізден Пайғамбарымызға (саллалаһу алейһи уә сәлләм) ергендіктен әйелдермен қол алыспауымызды талап етеді. Төбеде айтылған хадисті Хаж сүресінде еркек адамға ихрам кезінде және одан басқа уақытта жібектен тігілген киімді киюге болмайтындығы жайындағы сөзімізде анықтап айтып өттік. Сондай-ақ оны осы Ахзаб сүресіндегі хижаб аятында да айтып өттік.*

Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) байғат кезінде әйелдермен қол алыспауы – еркектің бөтен әйелмен қол алысуына болмайтындығына анық дәлел болады. Сол сияқты еркектің

[186] Ахзаб. 21

денесінің еш бір жері бөтен әйелдің денесінің еш бір жеріне тиюіне болмайды. Өйткені дененің денеге тиюінің ең жеңіл түрі – қол алысу. Егер Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм) талап етіліп тұрған кезде (байғат кезінде) әйелдермен қол алыспаса, бұл оның рұқсат емес екендігіне дәлел болады. Ал Пайғамбарымызға (саллалаһу алейһи уә сәлләм) қайшы келу ешкімге рұқсат етілмеген. Өйткені үммет үшін сөзімен, ісімен және келісуімен істі шариғаттайтын — ол Пайғамбарымыз (саллалаһу алейһи уә сәлләм).

2) Бұл, жоғарыда әйел түгелдей аурат екендігін және оған жабылып жүруі уәжіп екендігін, сондай-ақ оның фитнаға жолығуынан қорыққандығы үшін көздерін төмен түсіріп жүруіне бұйырылғандығын айтып өттік. Ал дененің денеге тиюі – табиғи сезімнің қозуына және әйелге көзбен қараудан көре күштірек әсер ететінінде еш күмән жоқ. Бұның дұрыстығын әр әділ сыншы біледі.

3) Әйелдің бөтен еркекпен қол алып амандасуы – әйелдің ол еркекпен ләзаттануға апаратын жолы болып табылады. Өйткені қазіргі заманда адамдардың тақуалығы аз әрі аманат жоғалған, сондай-ақ адамдар қауіптен қорқықпайды. Кейбір күйеулер өзінің әйелінің сіңілдерімен ерінін ерініне тигізіп сүйісетіні жайлы және олар бұл сүйісуді «сәлем» деп атайтыны жайлы көп рет естідік. Олар: «Әйелдің сіңіліне сәлем бер» десе, яғни оны сүй дегені.

Онда еш күмәні жоқ ақиқат — бұл фитналармен қауіптерден және олардың себептерінің барлығынан ұзақ болу. Бұлардың ең жаманы — еркектің бөтен әйелдің денесінің бір жеріне қолын тигізуі. Харамға апаратын жолдардың барлығын тосу — уәжіп болады...». Сөз соңы.

Кітап соңы.

Ей мүмін ерлер мен мүмін әйелдер! Аллаһтың сіздерге жолдаған өсиетін естеріңе түсіремін:

«(Мұхаммед саллалаһу алейһи уә сәлләм)**, Момындарға айтыңыз, көздерін (бөгде әйелдерге қараудан) тоссын және абыройларын (харамнан) сақтасын! Міне осы — олар үшін ең таза (жол). Әлбетте Аллаһ олар істеп жатқан істерден хабардар. Момын әйелдерге де айтыңыз: көздерін (бөгде ерлерге тігуден) тоссын**

және абыройларын (харамнан) сақтасын! Және де көрініп тұрғаннан басқа зайнеттерін (яғни, үстеріндегі киімдерінен басқа зеб-зейнеттерін бөгделерге) көрсетпесін және көкіректерін орамалдарымен тоссын! Олар зейнеттерін көрсетпесін, тек ерлеріне, немесе әкелеріне, немесе ерлерінің әкелеріне, немесе ұлдарына, немесе ерлерінің ұлдарына, немесе өздерінің аға-інілеріне, немесе аға-інілерінің ұлдарына, немесе әпке-сіңілдерінің ұлдарына, немесе өздері сияқты әйелдерге, немесе қол астындағы күндеріне, немесе (әйелдерден) қажетсіз болған (яғни, өте қартайып қалған, немесе ақылсыз) еркек қызметкер құлдарға, немесе әйелдердің абыройларынан хабарсыз балаларға ғана (зеб-зейнеттерін көрсетулері мүмкін) және жасырған зейнеттері білінуі үшін аяқтарын (жерге) ұрмасын! Барлықтарың Аллаһқа тәубе етіңдер, ей мүміндер! Әрине (сонда) құтыларсыңдар»[187].

Барлық мақтау бүкіл әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән, пайғамбарымыз Мухаммедке, оның жан ұясына әрі сахабаларына Аллаһтың сәлемі мен салауаты болсын!

[187] Нұр. 30-31

Мазмұны